	<p>«Сөз шебері» сабақтары берілді.</p> <p>2022-2023 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сай жасалды.</p> <p>Бастауыш сыныптарда вариативтік компонентті белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында 1-сыныпқа «Ғажайып математика», 2-сыныптарға «Математика және логика», 3,4-сыныптарға «Математика күнделікті өмірде» курстары 1 сағаттан берілді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 12 тамыздағы №365 бұйрығы; оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптаға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 6-қосымшасы басшылыққа алынды. Вариативтік компонент есебінен 5, 6 сыныптар І-ші жарты жылдықта, 7,8 сыныптар ІІ-ші жарты жылдықта «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы сертификатталған пән мұғалімдері жүргізеді. 9-сыныптарға вариативтік компоненттен 1 сағат «Зайырлық және дінтану негіздері» курсы берілді.</p> <p>Жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарының оқытудың Жаратылыстану-математика бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының «Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының» 86-қосымшасы басшылыққа алынды. 10-11 сыныптарда вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзіреттілік» таңдау курсы есебінен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 10-11 сыныпта 1 сағаттан жүргізіледі. Білім сапасын арттыру мақсатында оқу</p>		
--	---	--	--

		<p>жоспарының вариативтік компонент есебінен 10-сыныпқа «Математикалық сауаттылық», 11-сыныпқа «Физика менің өмірімде» тақырыптарында курстар ұйымдастырылды.</p> <p>Мектептің оқу жоспарында стандарт бойынша бөлінген сағаттар толық қамтылды.</p> <p>2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №303 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сай жасалды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында барлығы 19 сынып комплектісі. ҚР БҒМ 08.11.2012 ж. №500 бұйрығы, 11-қосымша, 18.08.2023ж. №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілі оқу жоспарының (төмендетілген оқу жүктемесімен) 6-қосымша басшылыққа алынды. Бастауыш сыныптарда вариативті компонентті белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында 1-сыныпқа «Математика» 1 сағат, 2-сыныпқа, 3,4-сыныптарға «Математика» курстары 1 сағаттан берілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдеріне 2сағаты инвариантты компоненттен, вариативтік компоненттен 1 сағаты спорттық ойындарға берілді.2023-2024 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес:«Көркем еңбек» сабағы екі пәнге бөлінген: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», олар тек 1-2- сыныпқа арналған дербес оқу пәндері ретінде айқындалған. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы іске асырылады.«Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе»</p>		
--	--	--	--	--

		<p>оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.</p> <p>ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы, 16-қосымша (төмендетілген оқу жүктемесімен) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Вариативтік компонент есебінен 5,6-сыныптар 1-ші жарты жылдықта, 7,8- сыныптар ІІ-ші жарты жылдықта «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсының Сертификатталған пән мұғалімдері жүргізеді. 7-9 сыныптарда вариативтік компонент есебінен таңдау пәндері оқытудың мақсаты – білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету. «Қазақстан Республикадағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығында инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациялары берілген. 7-сыныптарда вариативті компонентте инварианттық компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы сақталып, «Қазақстан тарихы», «География» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәні таңдалды; 8 «а» сыныбында «Қазақ тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» және инвариантты компоненттен «Қазақстан тарихы», 8 «ә» сыныбында «Қазақстан тарихы», «География» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәні таңдалды; 9 «а» сыныбында «Алгебра», «Физика» және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі», 9 «ә» сыныбында «Биология», «Химия» және инвариантты компоненттен «Информатика» пәні таңдалды. 9-сыныптарға вариативтік компоненттен 1сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдеріне 2 сағаты инвариантты компоненттен, вариативтік компоненттен 1 сағаты спорттық ойындарға беріледі.</p> <p>Жаратылыстану-математика бағыты бойынша ҚР БҒМ 08.11.2012ж. №500 бұйрығы, 22-қосымша,18.08.2023ж. №264бұйрығына 12-қосымша (төмендетілген оқу жүктемесімен) жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. 10-11 сыныптарда вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы берілді. Инварианттық компоненттен 10«а» сыныбына «География», «Химия», «Қазақстан тарихы», 10«ә» сыныбына «Алгебра», «Химия», «Қазақстан тарихы»; 11«а» сыныбына «География», «Химия», «Қазақстан тарихы» таңдауы бойынша берілді.</p> <p>Стандартты деңгейден «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Дүниежүзі тарихы» 10-11 сыныпта 1 сағаттық жүргізіледі.Элективті курс 10«а» сыныбында «Информатика» пәніне «Бағдарламалау» тақырыбында</p>		
--	--	--	--	--

		<p>1 сағаттан, 11«а» сыныбында «Қазақ тілі» пәніне «Оқу сауаттылығына байланысты мәтін талдау» тақырыбында 1 сағаттан жүргізіледі. Дене шынықтыру пән мұғалімдеріне 2 сағаты инвариантты компоненттен, вариативтік компоненттен 1 сағаты спорттық ойындарға беріледі. Мектептің оқу жоспарында стандарт бойынша бөлінген сағаттар толық қамтылды.</p> <p>2021-2022 оқу жылында білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері шығарылып, мониторинг жүргізілген, пәндер бойынша қорытынды жасалған. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген.</p> <p>2-сыныпта 50 оқушының 8 үздік, 16 оқу екпіндісі, 3-сыныпта 42 оқушының 16 үздік, 13 оқу екпіндісі, 4-сыныпта 45 оқушының 12 үздік, 16 оқу екпіндісі, 1-4 сыныптар бойынша білім сапасы -59,1% үлгерім-100%</p> <p>5-сыныпта 37 оқушының 3 үздік, 16 оқу екпіндісі, 6-сыныпта 47 оқушының 14 үздік, 15 оқу екпіндісі, 7-сыныпта 41 оқушының 8 үздік, 17 оқу екпіндісі, 8-сыныпта 35 оқушының 3 үздік, 15 оқу екпіндісі, 9-сыныпта 40 оқушының 5 үздік, 16 оқу екпіндісі, 5-9 сыныптар бойынша білім сапасы- 56%, үлгерім-100%</p> <p>10-сыныпта 11 оқушының -0 үздік, 5 оқу екпіндісі, 11-сыныпта 14 оқушының 1 үздік, 7 оқу екпіндісі, 10-11 сыныптар бойынша білім сапасы-52 %, үлгерім-100%</p> <p>2021-2022 оқу жылында 402 оқушының 70 үздік, 136 оқу екпіндісі, білім сапасының көрсеткіші-57%.</p> <p>2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 19 сынып жинағы бекітілген. Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес жасалып бекітілген.</p>	<p>Білім сапасының көрсеткіші</p>	<p>https://drive.google.com/drive/folders/1tDeYGtpT3JvkhjyN1nG22D52XjeKwwj8</p>
--	--	---	-----------------------------------	--

	<p>Білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері: 2-сыныпта 42 оқушының 15 үздік, 19 оқу екпіндісі, 3-сыныпта 37 оқушының 12 үздік, 9 оқу екпіндісі, 4-сыныпта 40 оқушының 16 үздік, 12 оқу екпіндісі, 1-4 сыныптар бойынша білім сапасы -69,7% үлгерім-100% 5-сыныптар 40 оқушының 12 үздік, 14 оқу екпіндісі, 6-сыныпта 32 оқушының 9 үздік, 11 оқу екпіндісі, 7-сыныпта 40 оқушының 10 үздік, 14 оқу екпіндісі, 8-сыныпта 36 оқушының 8 үздік, 11 оқу екпіндісі, 9-сыныпта 37 оқушының 3 үздік, 17 оқу екпіндісі, 5-9 сыныптар бойынша білім сапасы-58,9%, үлгерім-100% 10-сыныпта 7 оқушының 2 үздік, 3 оқу екпіндісі, 11-сыныпта 8 оқушының 0 үздік, 4 оқу екпіндісі, 10-11 сыныптар бойынша білім сапасы- 60%, үлгерім-100% 2022-2023 оқу жылында 344 оқушының 86 үздік, 117 оқу екпіндісі, білім сапасының көрсеткіші-63%.</p> <p>2023-2024 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 19 сынып жинағы бекітілген. Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес жасалып бекітілген.</p> <p>Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Оқу жоспарындағы оқу пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген. Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің, оқу курстарының базалық мазмұны талапқа сай игерілген.</p> <p>Білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері: 2-сыныпта 26 оқушының 9 үздік, 6 оқу екпіндісі, 3-сыныпта 39 оқушының 17 үздік, 15 оқу екпіндісі, 4-сыныпта 37 оқушының 10 үздік, 10 оқу екпіндісі,</p>		
--	--	--	--

	<p>1-4 сыныптар бойынша білім сапасы 65,69 % үлгерім-100% 5-сыныптар 36 оқушының 14үздік, 11 оқу екпіндісі, 6-сыныпта 40 оқушының 11 үздік, 17 оқу екпіндісі, 7-сыныпта 30 оқушының 8 үздік, 12 оқу екпіндісі, 8-сыныпта 38 оқушының 9 үздік,15 оқу екпіндісі, 9-сыныпта 37 оқушының 8 үздік, 15 оқу екпіндісі, 5-9 сыныптар бойынша білім сапасы-66,3%, үлгерім-100% 10-сыныпта 23 оқушының 3 үздік, 10 оқу екпіндісі, 11-сыныпта 8 оқушының 2 үздік, 4 оқу екпіндісі, 10-11 сыныптар бойынша білім сапасы- 61,29%, үлгерім-100% 2023-2024 оқу жылында 314оқушының 91үздік, 115 оқу екпіндісі, білім сапасының көрсеткіші-65,61%. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының вариативтік компонент сабақ кестелері оқу жоспарындағы берілген апталық жүктемелерге сәйкес жасалып, мектеп директорымен бекітілген. ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-24-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 11, 22-37- тармақ, 4-қосымша 2-тарау 22-25-тармаққа сәйкес. -білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; -білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру; ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ: 2021-2022 оқу жылына арналған №267 орта мектебіндегі тәрбие ісі орынбасарының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен</p>	<p>Тәрбие жұмысының жоспары</p> <p>Психолог жоспары</p> <p>Әлеуметтік педагог жоспары</p> <p>Сынып жетекші жоспары</p>	<p>https://drive.google.com/drive/olders/193_9TIZUWnYr9E68XMzPXKz19ryJ5LVr</p>
--	---	--	---

	<p>кұралады.</p> <p>Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы; <ol style="list-style-type: none"> 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 3) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 4) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген. №267 орта мектеп бойынша 18 сынып комплектісі бар. 2021-2022 оқу жылындағы оқушы қозғалысы бойынша мектепте 417 оқушы білім алады. 1-4 сыныптар бойынша 8 сынып комплектіде 184 оқушы, 5-9 сыныптар бойынша 10 комплектіде 206 оқушы, 10-11 сыныптарда 2 комплектіде 27 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген. Наркопост бұрышы ұйымдастырылған. <p style="text-align: center;">1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша</p> <p>1 қыркүйек - Білім күніне байланысты «Тәуелсіздік ұрандары!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. «Атамұра» домбырашылар ансамблінің орындауында Құрманғазының күйі «Балбырауынды» орындап, көпшіліктің көңілінен шыға білді. Мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы</p>		
--	---	--	--

тұрған бүлдіршіндер өлең оқыды. Раушанбек Бердәулет «Ұстаздарыма» әнін орындады. Салтанатты жиын «Тәуелсіздік ұрандары» тақырыбындағы алғашқы білім сабағымен ұласты.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0yXvxzMhjjifTrsXKgL8Ke9aKpY7LyN4MyxdQYsL34MYPv1AdeTiqZnJcd4nMmao6l?comment_id=1195551420963616&locale=ru_RU

2021-2022 оқу жылында жол-көлік жарақатын алдын алу мақсатында өткізілген «Абайлаңыз – балалар!» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар барысында оқушылармен сынып сағаттары өткізіліп, жолда жүру ережелерін есте ұстап, білгендерін тұрақты дағдыға айналдыру талабы қойылды. Жолда қауіпсіз жүру туралы білімдерін арттыру мақсатында, жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша бастауыш сыныптарда «Көшеде сақ бол!», «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!», «Жол тәртібін жадында ұста» тәрбие сағаттарын өтті. Аталған шаралардың өткізілуі оқушылардың, ата-аналардың жол апаттары, жол-көлік апаттарының ауыр зардаптары, балалардың жол-көлік жарақаттануы – барлығы оқушылардың жолда жүру ережесіне аса көп мән беруіне мүмкіндік берді. Барлығы 336 оқушы қамтылды.

2021 жылдың 15 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында мектепішілік іс шара өткізілді. Іс шара «Тәуелсіздік» биімен ашылып, ҚР Мемлекеттік Әнұраны шырқалды. «Тәуелсіздік күні» қойылымында оқушылар Қазақстанның тарихына тоқталып, күн шуағына Тәуелсіздік жетістіктерін біріктірді. Мектеп директоры М.Байдилдаева осынау айтулы мерекемен құттықтап, шығармашылық жетістіктерге жеткен ұстаздар мен оқушыларды марапаттады. Іс-шара барысында мерекелік ән шашулар айтылып, патриоттық өлеңдер оқылды.

Бастауыш сыныптың оқу үздіктері мен екпінділері «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының құрамына қабылданды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02F3GzPKwtrtZpvsnv8rEW7NFKYHNpnjP2wVQkHWZAcnyCZZP6KLn1BZ5rWMZoqS9DI?locale=ru_RU

04-14 сәуір аралығында ата-аналарға, балаларға қауіп тудырмайтын ғаламтор жөнінде ақпарат тарату мақсатында «Қауіпсіз интернет» атты ақпараттық науқан ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: Оқырмандардың ақпараттық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру, интернеттің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны туралы түсініктерін

қалыптастыру, балаларға арналған танымдық сайттарды таныстыру, келеңсіз, жат сайттардан сақтандыру.Шара барысында 7-8 сынып оқушылары арасында «Интернет менің өмірімде» атты эссе байқауы ұйымдастырылып, үздік деп танылған шығарма марапатталды. «Қауіпсіз ғаламтор еліне саяхат» атты 5-6 сынып оқушылары сурет байқауына қатысып өз өнерлерін сынаса, «Желідегі қарым-қатынас этикасы» тақырыбында информатика пәнінің мұғалімі-Ә.Анесова 6-сынып оқушылары арасында пікірсайыс өткізді. Апта соңында мектеп психологы – Ә.Ділдабекова «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында 11 сынып оқушыларымен дөңгедек үстел өткізіліп, жаднамалар таратты. «Қауіпсіз интернет» атты ақпараттық науқан барлық білім алушыларға интернеттің пайдасы мен зияны туралы түсініктерін кеңейтті. Қашан да әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жирену, пайдасын біліп, ал зиянынан сақтану керектігі ескертілді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02t6K7DRd1KUDfgRQ28xZbYrZvXG7wqvuz3pxTy38nGfht3B6k8qLp1Zc2mhxATJxwal?locale=ru_RU

2. Рухани - танымдық тәрбие бағыты бойынша

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай “Жас ұлан” ұйымының мүшелері Қызылорда қалалық қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінде Көркемдік –эстетикалық балалар орталығының ұстаздарымен бірге “**Қайырымдылық жүректе**” атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Концерттік бағдарламада патриоттық әндер мен көңілді әуендер, би және күйлер орындалды. Барлығы 20 оқушы тартылды.

«Ұлт ұстазы - Ыбырай»

Мемлекетіміздің Президенті Қасым - Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойында біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек » деп атап көрсеткен болатын. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің туылғанына 180 жылдығы мерей тойына қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі қазанның 14-і күні «Ұлт ұстазы - Ыбырай» тақырыбында «Марафон» бағдарламасымен білім сайысы өткізілді.Білім сайысы Ыбырай Алтынсариннің өмірі, шығармаларымен білім алушыларды таныстырып, имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа және ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.Қорытынды бөлімінде білім

сайысы бойынша мектебіміздің білімді де, ізденімпаз, талантты үздіктері марапатталды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0cZsn2R6GW4kRL4R6BY47UeqfgMztXvJVtRNe6rf7bdBTPVZSEiw1mm5JR9oCYadPl?comment_id=122741230777527&locale=ru_RU

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 28 желтоқсан күні көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған «Аңыз адам» тақырыбында танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: білім алушыларға еліне қорған, халқына қалқан болған тарихи тұлғаларынан үлгі – өнеге алуға ұмтылдыру. Талай-талай тар жол, тайғақ кешулерден өтіп, өмір айдынындағы қытымыр қыс пен саясат ызғырығында сан мәрте қалтырап, сонда да қайсар рухымызды сындырмай, кешегі Алаш көсемдерінің көрегендігі мен ерен еңбегі нәтижесінде қазіргі тәуелсіздігімізге қол жеткізгендігімізді ашып көрсету. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бөлімі бойынша тарихи фактілер мен ғылыми зерттеулерге сүйенген ұлт көсемінің ғылыми-публицистикалық мұрасын тарқатып айтып, Бөкейхановтың тәуелсіздіктің қалыптастырудағы қосқан үлесіне тоқталды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02pe8ZyAqDTX48LPCJmX8wL5CNF4yjESMY6Xxf7YeT8L3RFpQvZQYn97vDfHGZutSel?locale=ru_RU

Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ғылым академиясының академигі Д.А.Қонаевтың туғанына - 110 жыл толуына орай ағымдағы жылдың 28 қаңтар күні 8 -9 сыныптар аралығында «Дәуір данасы» тақырыбында танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға қазақ елінің біртуар азаматы Д.А.Қонаев туралы жан - жақты түсінік қалыптастыру, кемеңгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, ерлігін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету, оқушылар бойына халқымыздың құндылықтарын сіңіруге тәрбиелеу. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың 110 жылдығына арналған танымдық сағатында оқушылар дара тұлғаның өмір жолымен, елге сіңірген еңбектерімен таныса отырып, атақты адамдардың арнау өлеңдерін жатқа айтып, бойындағы қасиеттерін көрермендерге паш етті. Д.А.Қонаевтың есімі жылдар өтсе де, әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Оның ғибратты өмірі еш уақытта ұмытылмайды. Бүгінгі ұрпақ, келешек жастар өз Отанының шынайы патриоты болуды

осындай ұлы тұлғалардан үйреніп, елінің адал азаматтары болады деп сенеміз.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0mXprzZ2NK2Ah4CPkAMpTPeMzWz3u4P9fKT5ZgUDNtfURdAV4Bb969rkk5VVw88vjI?locale=ru_RU

3. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

2021 жылдың 17-18 наурызында «Армысың, өз Наурыз» тақырыбында барлық сыныптарда мерекелік іс-шаралар өтті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері 1-5 сынып оқушыларымен ұлттық спорттық ойындар өткізді. Г.Иманбердиева 1 а сынып оқушыларымен «Армысың, Өз-наурыз!» атты, В.Арленкеева 3 а сынып оқушыларымен «Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мейрамы» атты ашық тәрбие сағаттарын өткізді. В.Арленкеева «Тұсау кесу» рәсімін көрсетіп, «Қанталапай» ойынын ойнатты. Басқа да халқымыздың ұлттық ойындары жайлы шолу (презентация) жасалынып, қазақтың ұлттық дастарханында болатын негізгі тамақтар ұсынылды. Сынып жетекшілер ұлттық салт-дәстүрден көрініс көрсетіп, Наурыздың шығу тарихына тоқталды. Барлық сыныптың оқушылары ұлттық нақышта киім киіп, ән айтып, би биледі. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, оқушылар келген қонақтарға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары мен Наурыз мейрамына тән ерекшеліктерді барынша көрсете білді. Оқушыларға Наурыз мерекесі ежелден келе жатқан көне салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды кеңінен тануына зор үлесін қосты.

4. Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша

Отбасы- сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың отаны. Отбасылық құндылықтарды нығайту және білім алушылардың мәнерлеп оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында «Отбасы күні» мерекесіне орай «Бір ел-бір кітап» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары барысында білім алушылар егеменді елімізді әлемге таныту тек ерінбей терең білім алғанда ғана орындалатындығын, ал білім алудың басты құралы кітап екендігін және ұлы тұлғалардың бәрі де ұлылыққа кітап оқу арқылы жеткендігін түсінді. Киелі шаңырақ астына бірігу арқылы жанұяны мықты мемлекетке айналдыру үшін, жанұяға берік босаға, кең кереге, үлкен терезе, мықты шаңырақ керек деп ой түйді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0BPQjDNfHFuUupr9ZdoqK89pkzyHwETRNAwcGqNmgUgRyMdqBXqVth97gAJpjwoLHI?locale=ru_RU

Отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасындағы бауырмалдық,

қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, парасатты тұлғаны дамыту, қайырымды оқушыны анықтау мақсатында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «ПАРАСАТТЫ ОТБАСЫ» бейнеролик байқауында II орын иеленген I «А» сынып оқушысы Қожабай Инжуді және жетекшісі Иманбердиева Гүлнара.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02MZUFbvXKy5pEwgeYWN5NT4KJaJ44RPdDaFkbzewoh5vZnFxHKbVCxKeoEmXupeMcl?comment_id=1226627534522671&locale=ru_RU

14.05.2022 ж I «а» сыныбында «Менің отбасым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: халқымыздың тәлім – тәрбиесі ананың ақ сүтімен , әже өнегесімен, ата ақылымен берілетін білім, өзіндік ұлттық қасиетті бойға дарыту болатын. Ашық тәрбие сағат барысында ата-анамен бала арасында түрлі интеллектуалдық ойындар ойнатылды. Сабақ соңында жақсы отбасы мүшелері бір-біріне ыстық ықыластарын білдірді.

29.03.2022 ж. «Білім беру мен тәрбие үдерісінде мектеп пен ата-ана қарым-қатынасын нығайту арқылы рухани тұлға қалыптастыру» тақырыбында III блоктан құралған мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02NEncHMwPrnoyePcDokGQ5xQeKiVd1LiXXS4ziV4phPqKaKJznR8Z49wEVvdAbwgul?locale=ru_RU

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша

"Ерте жастан экологиялық мәдениет" жобасы аясында 267 орта мектебінде "Табиғат таңғажайыптары" тақырыбында танымдық сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды табиғаттың алуан сырларын білуге, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. "Табиғат ғажайыптары" көрмесі арқылы табиғат құндылығының маңыздылығы туралы танымдық ақпараттар берілді. "Артық болмас білгенің" бөлімі бойынша "Экологиялық апат түрлерінің экожүйеге әсері", "Қоқысты қайта өңдеу " жайлы қызықты деректер келтірілді. "Табиғат пен адам қатынасының үйлесімділігі туралы" бейнежазба көрсетіліп, пікір алмасу алаңы қалыптасты.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid023udHF9xJLnWyXvkj75vRJDJwrj6TDFLW4TUA4gpHd6MwWQsLwNKGE5fXSt5X5Pnfl?locale=ru_RU

12 сәуір - Ғарышкерлер күні және Ғылым қызметкерлері күніне орай оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету мақсатында бастауыш сынып мұғалімі Г. Самидинова 3 "ә" сыныбында "Жұлдызды сәт" интеллектуалды сайысын өткізді. "Ай", "Жұлдыз", "Күн" топтары. Таныстыру. Сұрақтар

бұрқасыны .Суреттер сырын ашайық .[Quizizz.com](https://www.quizizz.com) программасы Планеталар парады."Біз және ғарыш" жобасы кезеңдері бойынша бақтарын сынады.Соңғы кезең бойынша "Жұлдыз" тобы ракетаның, "Ай" тобы күн жүйесіндегі планеталардың орналасуын, "Күн" тобы ғарыш әлеміндегі ғарышкердің макеттерін жасап әкеліп, жасаған жобаларын қорғады.Сайыс нәтижесі бойынша "Күн" тобы жеңіске жетіп "Жұлдызды статуетка" табысталды. Қатысушылардың барлығы белсене қатысқаны үшін медалдармен марапатталып, ғарыш тәттілері үлестірілді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0QGdEN2ZHARdxtGZ84aAPQQBJohE6ZqcDbHwD3aNpmcAUE7drS5QzznPjhbCM385cl?locale=ru_RU

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша

«**Көркемдік-эстетикалық балалар орталығында**» домбыра, қобыз, баян, фортепиано, вокал және хореография үйірмелері жұмыс жасайды. Мектептен 89 оқушы қатысады. 2021 жылдың 20-21-желтоқсанында үйірме оқушыларының 2021-2022 оқу жылындағы I жартыжылдық оқу бағдарламаларын игеруін тексеру сынағы өткізілді.

2021 жылдың 28 қарашасында Қызылорда қаласындағы С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде «Бақытты елдің ұрпағы» қорының ұйымдастыруымен балалар және жасөспірімдер арасында Офлайн форматта ХҮ «Дала сазы» атты Республикалық байқауы өткізілді. Байқауға №267 мектеп жанынан ашылған «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығының» оқушылары қатысып, жоғарғы деңгейде өнер көрсеткендері үшін марапатталып, үйірме жетешілеріне Алғыс хаттар табыс етілді.Ерекше өнерлерімен көзге түскен «Әлқисса» домбырашылар ансамбліне 2022 жылдың мамыр айында өтетін Халықаралық «Біз бақытты баламыз»байқауына шақырту сертификаты берілді. Өнерлі оқушыларымыз бен ұстаздарымыз байқауда төмендегідей жетістіктерге қол жеткізіп,марапатталды.

07.03.22 ж. 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «**Адамзаттың асылы-Ана деген күдірет**» тақырыбында орай мерекелік іс-шара өткізді.Іс-шара «Ақбаян» прологымен басталды. «Ертегілер» әнін Елшібаева Айым орындаса, Алмасова Шаттық «Көңілді күн» әнімен жалғастырды. Тақырыптық өлеңдер оқылып, әндер айтылды. «Реверанс» бишілер тобы «Латина» биін билеп, көпшіліктің көңілінен шыға білді.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша

17 қарашасында 9 «А» сыныбында «Мен таңдаған мамандық

тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағаты барысында әрбір оқушы білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керектігі,кәсіби өмірлік бағыт алып, өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жете алатындығы жайлы сөз қозғады. Мамандық таңдау адам тағдырында көп нәрсені шешетіндіктен, оған атүсті қарау – жеңіл ойлылықтың белгісі. Сондықтан, бұл мәселенің шешімін мүмкіндігінше аса мән беріп, байыппен қабылдау керектігі туралы кеңестер айтылды.Түрлі мамандықтар туралы бейнетаспалар көрсетілді.Тәрбие сағатында оқушылар әр мамандықтың маңыздылығы мен бірегейлігін түсінді.Алдағы уақытта шәкірттеріміздің мамандық таңдаудан жаңылмай,өз өмірлерінің бір кірпішін дұрыс қалауына тілектеспіз.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02aETMK7xfjTHez9CtgQanQZFM7FkKggSmb2NLMRzqfyebpgYHq7D3k3JusZYec9KTI?locale=ru_RU

2022 жылдың 12 сәуірінде «Балалар жылы» аясында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, шыңдау, тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау, білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып,рухы биік патриот тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы - ұлттық сананың кемелденуі» тақырыбындағы қалалық семинар-практикум қорытындысымен

«Спорт менің өмірімде» бөлімінде спорттық үйірмелердің жұмыстарына таныстырылым жасап,спорттан жетістігі бар білім алушылардың «Жұлдыздар» шеруіне қатысқан;

«Кемелдену-ұрпақ кілті» бөлімінде мектепішілік жобалар, атап айтсақ «Мектеп парламенті», «Мектеп театры», «Оқуға құштар мектеп», «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының мақсат, міндеттерімен, жұмыс барысымен таныстырылым жасаған;

Ұлттық мәдени құндылығымыз арқылы болашағымыздың баяндылығын қалыптастыру мақсатында «Дарынды бала - кемелденген ұрпақ» тақырыбындағы шығармашылық галереясымен таныстырылым жасаған;

“Өнер - мәңгілік мұра” тақырыбындағы «Көркемдік - эстетикалық балалар орталығының» шығармашылық кешіне қатысып,өз өнерлерін көрсеткен білім алушыларымызға арнайы жиын ұйымдастырылып, Дипломдармен марапатталды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ZMtd5HX1tyTknwCAkLLiHZpufYMtPWt4URhvfMmALvgsUDqWRtFVHnZm87oQx1kfl?locale=ru_RU

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша

«Біздің денсаулығымыз – өз қолымызда!» ұранымен мектепшілік «Денсаулық фестивалі - 2021» апталығы өткізілді. «Дұрыс тамақтану және тағамнан улану, «Жарақаттанудың алдын –алу» тақырыбында мектеп аяжаны оқушылармен бірге тақырыптарды талқылай отырып, балаларға дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, уақытылы ұйықтау керектігін түсіндірді. Сонымен қатар салауатты өмір сүруге өздерінің денсаулығын сақтауға қоршаған ортаны таза ұстау керектігі айтылды. Оқушыларға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, денсаулықтың құндылығын, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жат әдеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында 4-9 сыныптарда «Денсаулығым – бар байлығым», «Дені саудың – жаны сай» т.б. тақырыптарында оқушылармен танымдық әңгімелер, тәрбие сағаттары өрбіді. 2-4 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында «Әкем, шешем және мен» отбасылық сайыс өткізілді. 28.02.22 ж. “АИТВ – қатерлі дерт” тақырыбында № 6 емхана қызметкері Б.Сыздықовамен кездесу өтті. ЖИТС ауруынан қалай сақтану керек екендігін айта келіп, оны жұқтырып алғандардың жағдайы туралы сөз етті. АИТВ/ЖИТС-тің әлемдегі, республикадағы, облыстағы індеттік ахуалын айтты. Қатысушылар өздерін толғантқан сұрақтарын қойып, топта талқыланды. Іс-шараны қорытындылай отырып, «ЖИТС және Жасөспірімдер», «АИТВ және ЖИТС-тан қалай сақтану керек?», «ЖИТС таңдамайды. Біз таңдаймыз!» атты оқушыларға, сынып жетекшілерге кітапша таратылды.

2022 жылдың 16-сәуір күні Балалар жылына орай ата - ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту және баланы өмірде белсенді болуға, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында 1«а» сыныбында «Мен және менің отбасым» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Спорттық сайысқа сыныптан 6 отбасылық команда қатысты. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп берді. 6 тур бойынша өткен сайыс нәтижесі төмендегі қатысушы командалар мектеп директорының дипломы, алғыс хаты және медальдармен марапатталды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02L5Jc1G7FKdocLLmUcPf821JPYUBkdNmRFsCJJ8swrmno4kbUFG086JjBW3NX54Jl?locale=ru_RU

2021-2022 оқу жылына арналған «Мектеп парламенті» жобасының жұмыстары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мектебізде Мектеп парламенті құрылды. Мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. **Мақсаты:** білім алушының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, жауапкершілік дағдыларын дамыту, шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, азаматтарды тәрбиелеу.

Мектеп парламенті –мектептің алға қойған мақсат -міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының президенті 8 «ә» сынып оқушысы Темірбек Бибінұр.Қазіргі таңда мектеп парламенті құрлымы 8 фракция бойынша жұмыс жасайды.

Мектеп президенті- Темірбек Бибінұр

1. Құқық және тәртіп фракциясы- Әбдіжәлелұлы Алихан
2. Ақпарат фракциясы- Нәлтәй Асылжан
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- Айдархан Асқар
4. Өзін өзі тану және бақыт фракциясы- Пралиева Зере
5. Қамқорлық фракциясы-Амангелдіқызы Ақнұр
6. Мәдениет және өнер фракциясы-Бекенбай Қарақат
7. Экология және еңбек фракциясы-Нұрлыбекқызы Қарақат
8. Дебат қозғалысының фракциясы-Елшібаева Нұрай

«Мектеп парламенті» ұйымының ұйымдастыруымен «Өзін - өзі басқару» ұйымы «Дублер күні» өткізді. «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Өзін - өзі басқару» ұйымы «Дублер күні» өткізді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid026PtmN7bgZLxrgHoAUS8X4MV86YbwVjjBWJYRRmoppg5LYvwLmxSaw5aqRSCcMpCEl>

«Ұстазыңды ұлықта!» атты мерекелік концерт «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері «Ұстазыңды ұлықта!» қазан айының бірінші аптасы ұлық қызмет иелері мұғалімдеріміздің кәсіби мерекесіне орай «Ұстазыңды ұлықта!» атты мерекелік көңіл- күй сыйлап таңертеңгілік қошеметпен қарсы алды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid021BGjcXEC3cZetSXSSAa3qGbDbC42L9QfxQRXetAyxdpya8fCzzqbTUPdjMQmt6Myl>

		<p>“Нәтижеге бағытталған үштік одақ” ата - аналар клубы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңкенің өткізілуіне 3-9 сыныптарының ата-аналары белсене ат салысты. Сөреге қойылған тәтті тағамдар жәрмеңкеге қатысушылардың өз қолымен дайындалған. Дәл бүгінгідей шаралар ата-ана мен баланың арасын жақындастырып қана қоймайды, дұрыс бағытқа жөн сілтей алатын жолды да көрсететіні анық. Қайырымдылық шарадан түскен қаржы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды қолдауға жұмсалатын болады. Адам баласы жақсылық жасау арқылы жасампаздыққа ұмтылады, адамгершіліктің есігіне жол салады.</p> <p>Балаға пайдалы түрде қуаныш сыйлау арқылы өмірге деген құштарлығын арттырып, рухани қолдау білдіргені үшін ата-аналарымызға мың алғыс!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid037mWH6Ad2E33Fx14AwgFVdLNZTH3ATrajG672eMhsvKbuTNGoBTGeLByPGM9MKdEkl</p> <p>«Алғыс айту парызымыз!» Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері Қаһарлы қыс бітіп, жайма шуақ, жадыраған көктемнің алғашқы мерекесі атап өтілуде, бұл күн мейрімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір - біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі. Осы орайда Өзін-өзі басқару мүшелері мектеп ұжымына ілтипаттарын, бір-біріне жылы сөздер айтумен бастады.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0BJPLApJYiGeHEgZQaAcLMErLZjqQecP1gFmbrwrh1tx1gVeqLsAKuYwzWnQZJYrsl</p> <p>«Мектеп Парламенті» ұйымының мүшелері ауған-тәжік соғыс ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесу барысында Ауған соғысының ардагері, сержант Есмағанбетов Алтынбек Қамиұлының үйіне барып оқушылар сұрақтар қойып, «Әке» «Ерлік» тақырыбында өлең шумақтарын арнады. Мақсаты: Жастарды ұлтшылдыққа, бірлікке, достыққа берік болуға тәрбиелеу. Үлкеннің еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу. Жастар жауапкершілікпен қатар, ауыртпашылықты да сезінуі керек.</p> <p>https://www.facebook.com/100015263085619/posts/1308730186312405/?sfnsn=mo</p> <p>“ECO-ALEM” экологиялық үстел ойыны өткізілді</p> <p>Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.</p> <p>Білім алушылардың экологиялық білімдерін жетілдіру мақсатында мектеп парламентінің мүшесі, экология және еңбек фракциясы-Нұрлыбекқызы Қарақаттың ұйымдастыруымен “ECO-ALEM” экологиялық үстел ойыны өткізілді. Ойынның мақсаты: Білім алушыларды қоршаған ортаны таза</p>		
--	--	--	--	--

ұстауға баули отырып,, экологиялық білімдерін кеңейту және қоқысты қалай сұраптауды үйрету.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ZDotkHfhCXph7yif2pBPeFHzU9rCvu6MVBjyNfn4jm3tExUaLAaFLvm23xV8jJNl>

«Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің бастамасымен «Алтын жүрек» тақырыбындағы бастауыш сынып оқушылары барша ұстаздарды, ата-аналарды, дәрігерлерге мерекелік көңіл-күй сыйлап, жылы лебіздерін білдірді. Мақсаты: Оқушылардың сыйластық, құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, үлкен – кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайлық қарым-қатынасын дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. Алғыс айту адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін алғыс білдірушілік сезімі.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1310598996125524&id=100015263085619&sfnsn=mo

2021-2022 оқу жылына арналған «Мектеп театры» жобасының жұмыстары

Театр баланың рухани және шығармашылық потенциалын ашады және әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Театр балаларға қуаныш пен шаттық әкеледі, көңіл-күйлерін көтереді. Бірақ қойылымды ермек ретінде ғана қарауға болмайды. Баланың эмоционалды ашылуына, сезінуге және көркемдік қиялдауға үйрету ең қысқа жолы – ойын, қиялдау, ойдан шығару болып табылады. Осының барлығын театр әрекеті арқылы жүзеге асыруға болады. Театр әрекеті тәртіптің әлеуметтік дағдылары бойынша тәжірибені адамгершілікті насихаттайтын ертегілер мен әдеби шығармалар арқылы қалыптастырады. Ертегінің арқасында бала әлемді ойымен ғана емес жүрегімен таниды, танып – ақ қоймай өзінің жақсы мен жамандыққа көзқарасын білдіреді. Сүйікті кейіпкерлер еліктеу үлгісіне айналады, театр әрекеті арқасында педагогтар балаға позитивті әсер етеді.

Мектепалды жаста басты әрекет – сюжетті-рольдік ойын. Сюжетті – рольдік ойында бала басқа адамдардың өмірдегі жағдаяттарын өз басынан кешіргендей қабылдайды, олардың әрекетінің мағынасын түсінеді. Еркін ойындарда балалардың қорқынышы, үрейі, агрессиясы босап, балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауларын жеңілдетеді.

Жұмыстың негізгі бағыты:

1. Театрлық мәдениетіне тарту. (Театр жанрларымен, театр түрлерімен таныстыру).
2. Біртұтас педагогикалық үрдісінде театрлық әрекеттің байланысын қамтамасыз ету.
3. Театр әрекетінде үлкендер мен балалардың бірлесу әрекетіне жағдай жасау.

«Мектеп театры» жобасы аясында 4 «а» сыныбының «Қызыл телпек» атты сахналық қойылым қойылды. 4 «а» сынып оқушылары «Қызыл телпек» ертегісін сахналады. Адамзаттың асыл мұрасы болып табылатын ертегілердің оқушыларға берер тәрбиелік мәні зор, әрі қызықты ертегі бала қиялын алысқа жетелейді, арманына қанат бітіртеді. Театр өнері – көне заманнан бері келе жатқан өміршең өнер. Кез келген елдің, өңірдің өз театры, өз көрермені болады. «Қызыл телпек» ертегісінің көрермендері 1-4 сынып білім алушылары болды.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ZhYmymNT1GpNrMpLNfpyd5d5taH21MCcA3gSi1CUznbhBnpD8zUsa2Tu9A8tJCnP1>

«Мектеп театры» жобасы аясында 3 «а» сыныбының «Ертегілер балы» атты сахналық қойылым қойылды. Мақсаты: ертегілік қойылым арқылы оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, қиялын, сөздік қорын ертегі кейіпкерлерін сахналау арқылы дамыту. Қойылым барысында оқушылар өз кейіпкерлерін жіті танып, актерлік шеберліктерімен өз рөлдерін сомдай алды. Кейіпкерлер арқылы өздерінің және өзгелердің бойындағы жағымды-жағымсыз жақтарын көріп, ажырата білуді үйренді.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0eet73SckpP3HxhNWiTGUSTwJXkcFw11CjT3NSWg1YRf6seQAoZJHXfhXgPGyr9Ppl>

«Мектеп театры» жобасы аясында 3 «ә» сыныбының «Түлкі мен қарға» сахналық қойылым қойылды. Мақсаты: қойылым арқылы оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және сөздік қорын кейіпкерлерді сахналау арқылы дамыту. Сахналық қойылым барысында оқушылар негізгі кейіпкерлер мақтау сөзге алданып қалған қарға, қулығын асырған қу түлкінің іс-әрекеттері туралы өз ойларын ортаға салды.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02jYwEp89JEWnwU9SwRLvc9yDwXdePxKHSbhHedaNZguh7cER4YnKggewqhVyuJxkJI>

«Мектеп театры» жобасы аясында 4 «а» сыныбының «Шық бермес Шығайбай» театрлық қойылым қойылды. Мектеп театры жобасы әр балаға

қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды және оқушылардың көркемдік талғамдарын, қызығушылықтарын, ұстаздың көмегі арқылы сонымен қатар мектепте ұйымдастырылатын сахналық қойылымдарды қою арқылы арттырады. «Шық бермес Шығайбай» қойылымында оқушылар ертегі әлеміне деген қызығушылықтарын қалыптастырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын, адамгершілік қасиеттерін салыстырып, қорытынды жасады.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02MXwaF6PUyEN5Ahs3C9ETjyvz6iftNDUcWLT9oTch1P8mqRCW5AaYBTkLhjegUSkul>

«Мектеп театры» жобасы аясында 6 «а» сыныбының «Көкжалдар» сахналық қойылым қойылды «Мектеп театры»

жобасы бойынша Еркін Рахышовтың «Көкжал» фильмінен үзінді қойды. Фильм – көкжалдың да иесі мен киесі бар екенін ұмытқан бір аңшының құртқасымен бірге ұйығып, алаңсыз жүрген арланды атып алуынан басталады. Сертіне берік қасқыр себепсіз сыңарынан айырылғанда сөзсіз кек алуды ойлайды. Осындай шым-шытырық оқиғаға толы фильмді оқушылар сахнада жақсы ойнап шықты.

<https://www.facebook.com/share/p/2RytKmB6pjRrZEU/?mibextid=xfxF2i>

«Мектеп театры» жобасы аясында «Аққулар ұйықтағанда» театрлық қойылымның Мектебімізде «Мектеп театры» жобасы аясында Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын қойды.

Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, даму, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір-тұрмысымен, олардың жалпы тарихымен және тұрлаулы мәдениетімен тығыз байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың негізгі бір формасы болып табылады.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02QxvV9b9xJ9NEjjhpUry4xmRqY5vVvKYopXvHKYrTGZpuuUw9XeK736Ht4mPLAbLhl>

2021-2022 оқу жылына арналған “ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП” жобасы

Мақсаты: оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

МІНДЕТТЕРІ:

-Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу.

-Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету;

НӘТИЖЕСІНДЕ:

Жұмыс тәжірибесі жинақталады және отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады.

Мектеп кітапханаларында кітап оқушылар саны артып, балалардың жүйелі, шығармашылық, дамытушылық оқу дағдылары қалыптасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ғылым академиясының академигі Д.А.Қонаевтың туғанына - 110 жыл толуына орай 8 - 9 сыныптар аралығында «Дәуір данасы» тақырыбында танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға қазақ елінің біртуар азаматы Д.А.Қонаев туралы жан - жақты түсінік қалыптастыру, кемеңгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, ерлігін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету, оқушылар бойына халқымыздың құндылықтарын сіңіруге тәрбиелеу.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0mXprzZ2NK2Ah4CPkAMpTPeMzWz3u4P9fKT5ZgUDNtfURdAV4Bb969rkk5VVw88vjl>

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150жыл толуына орай «Ұлтымыздың ұстазы – Ахмет Байтұрсынов» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Шараның мақсаты: алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы, қоғам қайраткері, ақын, әдебиеттанушы, лингвист, аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынов туралы кеңінен таныстыру. Өмір және еңбек жолын әңгімелеу, үлгі болар өнегесін жас ұрпаққа паш ету.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0dy8QqCcbDAHR26LZVUW3PYAFNdiW2g6Po9sV9iPK2NEp8v7xiqXiPPNrk5xeNAXPI>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мир книги –это мир настоящего чуда» атты сыныптан тыс іс- шаралар апталығы өтті. Мақсаты: көркем әдебиет оқыту арқылы білім алушылардың қызығушылықтарын ояту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын

қалыптастыру және жетілдіру, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды насихаттау. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» деп насихаттайды.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid035XyxX39R2BDdtdLGXxEQzjPNTLEXr8s1phuQAnrRAeJcWoUwzxWY1QY3aqGbR43jl>

Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына орай сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Л.Арихова «Әлемге әйгілі - Әуезов» тақырыптарында зияткерлік сайыс сабақтарын өткізді. Сайысқа 7-9 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Мұхтар Әуезовтің классик жазушы екендігін танытуға, жазушы әңгімелерін оқыту арқылы білім алушылардың қызығушылықтарын ояту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, жеке тұлға ретінде оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту. Сайыс V кезеңнен тұрды. Әр кезең бойынша білім алушылар өз білімдерін ортаға салып белсенділік танытты. Сайыста «Миллион кімге бұйырады?», «Шыңға шығу» әдістерін пайдаланып, «learningapps», «Wordwall» платформалары қолданылды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02UqEuRsP3AkYKhT7RkNqLX3r3DHJzNo3nzkgpkP9nz24tPYfjLDSfH4vSnPX5T8hel>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы еңбектері және тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің басты мақсаты: ата – бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау, еліміздің жеткен жетістіктері мен рухани игі өзгерістер белесін білім алушыларға таныту.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02sAuiTZCKBiXLcReP7R6X6MEDoTuahP3BxRAYB8r9vgtJiCZ3P6sJ1G68pH2PvwGxl>

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында желтоқсан күні 5-7 сыныптар арасында «Үздік оқырман отбасы» сайысы өткізілді.

Сайыс отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу мақсатында ұйымдастырылды.

Сайыскерлер төмендегі кезеңдер бойынша бақ сынады.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02vv25UTcGnVStgT1kmohFYNQyUTAGL4rKHTguA1WoDwQ98pkm1Kn75JabnhjcJJxUl>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасының белсенді оқырмандары барша достарын кітап оқуға шақырады. Талап қыл, терең білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге, деген сөзінен – ақ көп нәрсе аңғаруға болады. Сондықтан кітап оқу әр адам үшін қажет, кітап көбірек алғыр ойлауға баулып, ішкі барлық ойлау және сезіну қабілетімізді қалыптастыратын сезім тәрізді ми гимнастикасы болып табылады. Оқушыны өз бетімен кітап оқуға үйрету, оны қалыптастыру оқушыны өмірге дайындаудың негізі болып табылады.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0XuuibtfbFhfWoF2cj7KrKA9zXRYgdZTTT8XGvQU5WSgiUmwarqcWbH7DydLyED7HI>

«Үшқыр ой» дебат клубы

Дебат технологиясы – жаңа заман талабы

Жалпы, оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіңдіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Осы орайда қыркүйек айының 25- і күні қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырмалып шыға алмай қалған жас жеткіншектерді көркем әдебиет оқуға құлшынысын арттыру және өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге машықтандыру мақсатында «Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» - жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы (дебат ойындарының қатысушысы) Шернияз Жалғасбекұлымен мектебіміздің 7-9 сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында Шернияз Жалғасбекұлы өз тәжірибесімен бөлісу арқылы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру – бүгінгі күннің басты өлшемі екенін және шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұратын ел азаматтары шығатынын атап айтты. Білім алушылар кездесу барысында ғылым және білім министрі Асхат Аймағанбетовтың «Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы. Ойынға қатысушылар кейін үгіт-насихат пен популистік идеяларды оңай ажыратып, өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізе алады. Мұндай тәжірибе жастарға күнделікті ақпарат ағынын сыни қабылдауға да көмектеседі. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің әлеуметтік байланыстары мен бір-біріне деген сенімін нығайтады», – деп айтқан ойын толығымен түсінді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1212310315954393&id=100015263085619&ref=bookmarks

«Семей ядролық полигонының жабылғанына –30 жыл» «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен "Семей ядролық полигонының жабылғанына – 30 жыл" тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс ядролық қарулардың адамзат баласына тигізетін ауыр зардаптарын, қарудан бас тартқан еліміздің халықаралық аренадағы ролін түсіндіру, оқушылар бойында Отансүйгіштік қасиеттерді дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Оқушыларға кеңестік салқын саясаттың күшімен ұлы Абай мен данышпан Мұхтардың кіндік қаны тамған киелі жерге сынақ полигоны салынғаны, 1949 жылдың тамыз айында ең алғаш атом бомбасы жарылғаны және бейбіт отырған халықтың төбесінен атом бомбаларын бірінен соң бірін жарып ,жүздеген мың адамға ашықтан-ашық тәжірибелік мақұлық ретінде эксперимент жасалғаны туралы ақпарат берілді. Сайыс ядролық полигон туралы арнайы дайындалған бейнежазбаны көрермендерге таныстырумен бастау алды. Пікірсайысқа мектебіміздің жанынан құрылған «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының 7-9 сынып оқушылары қатыстырылды. Пікірсайысқа М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің негізгі орта білім беру мамандығының студенті, пікірсайысшы Бексұлтан Бағдатұлы төрелік жасады.Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұратынына сеніміміз мол. Пікірсайысқа қатысқан ойыншылар ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысты. Сайыс соңында Бексұлтан Бағдатұлы сараптама жасап, еңсесі биік, егеменді еліміздің адамдықты ту еткен алғыр ойлы білім алушыларын марапатталды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02Rk2veHjaz8ctK2cxcP91vM6XhkRwyQPn715SGMu1hFDy9GvFoPokvxAXTsAowZ96l?locale=ru_RU

"Ұшқыр ой алаңы" дебат клубы жетекшісінің ұйымдастыруымен "Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын" тақырыбында АПФ форматында пікірсайыс (дебат) өткізілді.Пікірсайыс білім алушыларға белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға баулу мақсатында ұйымдастырылды. Пікірсайысқа 7-9 сыныптар арасынан 2 фракция қатысып, "Кітап құмарлар" және "Ғаламдық тор" фракциялары төмендегі тақырыптар

бойынша пікірталасқа түсті:

Б.П: Жастар арасында кітап оқу өзектілігі төмендеуде д.е

Б.П: Ауылда тұрудың үш артықшылығын ұсынады

Б.П: Шет елде оқудың артықшылығы көп д.е

Б.П: Б.П. Еліміздегі барлық мұражайлар ақысыз болуы керек д.е

Пікірсайысқа қатысушы оқушылар жетістіктерге жету үшін мықты көзқарас, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғай білуге жетелейтін ұмтылыс маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Пікірсайысқа "Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің негізгі орта білім беру мамандығының студенті" пікірсайысшы Бексұлтан Бағдатұлы төрешілік жасады. Пікірсайыс өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізіп, оқыған кітаптарынан алған білімдерін көрсеткен және жақсы қарым-қатынас орната білген ұшқыр ойлы білім алушыларды марапаттаумен қорытындыланды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0EMKBac8MdAyn5dDCfSZn9NqCJaNRtjAZVzoEHcY9Usa6BGfVDtEjLy4eGJAFm6BEI?locale=ru_RU

Дебат ойындары — сөзді «қиыннан қиыстыратын» тіл жүйріктерінің идеялар шайқасы. Кез келген тақырыпта өз ойларын еркін жеткізіп, қоғамда болып жатқан түйткілді мәселелердің шешімін табуға талпынатын белсенді жастардың қауымы. №267 орта мектебінде 2022 жылдың 16-ақпан күні "Ұшқыр ой алаңы" дебат клубы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай "Қазақстанның жастары - елдің басты байлығы" тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өткізді. Пікірсайыс 7-9 сынып оқушылары арасындағы клуб мүшелерінен құралған мықты фракциялар мен сөздің қасиетін шебер меңгерген пікірсайысшыларды бір жерге тоғыстырып, үздік спикерлерді анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Тартысқа толы додаға пікірсайысшы Санақұл Бексұлтан Бағдатұлы төрешілік жасады. Іріктеу кезеңі мен финалдық ойындар Америкалық Парламенттік пікір-сайыс форматында (АПФ) ойнатылды. Фракцияларды таңдау жеребе тарту арқылы анықталды. Қатысушылар сайыс барысында «Б.П Ауылдың дамуы тікелей ауыл шаруашылығына байланысты д.е», «Б.П Шет елде оқудың артықшылығы көп д.е», «Б.П Мектеп оқушыларына интернеттің пайдасынан зияны көп д.е.» деген тақырыптарды талқылап, көзқарастарын ортаға салды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02j1bkLxQh4cvhriiVhPGL1im2vL5W1X2Sy2oHuHRhsEUwmHpf474nZkZK1LRiT6oxl?locale=ru_RU

«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен **1 наурыз** -

«Алғыс айту» күніне орай «Кімге алғыс айтар едіңіз?» тақырыбында ашық сұқбат алаңы өткізілді. Сұқбат алаңына «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының мектепшілік, аймақтық, қалалық пікірсайыстарда жоғары деңгейде ойын көрсетіп жүрген спикерлер қатысып, төмендегі сұрақтар төңірегінде ой өрбітті.

1. Алғыс пен ризашылық дегенді қалай түсінесіздер?
2. Алғыс, ризашылық туралы қандай қанатты нақыл сөздер білесіз?
3. Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?
4. Сіздерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?

1 наурыз - «Алғыс айту күні» қарсаңында кімге алғыс айтар едіңіз?

Сұрақтарға жауап беру барысында спикерлер алғыс — біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рақмет айтуы екендігін, алғыс айту немесе алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым - қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алатындығын түсінді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid029MuWF5YLAAtOFFSfupjY1woCJKCgKYUNrVgrjvnaUXSMj66VAbc4CUzEojxdL5gFdl?locale=ru_RU

Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;

- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-

		<p>өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;</p> <p>Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуға аса мән береді.</p> <ul style="list-style-type: none">• Тәрбие жұмысының міндеттері:<ul style="list-style-type: none"><input type="checkbox"/> Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.<input type="checkbox"/> Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.<input type="checkbox"/> Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.<input type="checkbox"/> Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.<input type="checkbox"/> Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылда қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.<input type="checkbox"/> Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.<input type="checkbox"/> Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.<input type="checkbox"/> Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін		
--	--	--	--	--

факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Рухани-танымдық тәрбие.

Ұлттық тәрбие.

Отбасылық тәрбие.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Осы аталған бағыттар бойынша іс-шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр.

Мектептің әлеуметтік паспорты

Оқушы саны	Аз қамтылған отбасы балалары	Толық емес отбасы	Оның ішінде		Өгей әке отбасында тәрбиеленген баланы	Өгей ана тәрбиеленген баланы	Көп балалы	Жалда малы пәтерде тұратыны	Жетім ата-қамқорлығынсыз қалған баланы
			Ата-анасы бірі қайтыс болған	Некесіз туылған					
417	92	110	28	24	3	2	166	39	4

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі

Әлеуметтік жағдайы төмен 85 бала ыстық тамақ ішеді. Асхана талапқа сай. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 4 бабының 21 тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, 1-11 сыныптар бойынша әр түрлі санаттағы жетім, көп балалы және тұрмысы төмен отбасы балаларының тізімі нақтыланып, дәлелді құжаттары жинақталған, ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Мектеп сыныптарының әлеуметтік паспорты жасалынды. Әлеуметтік педагогтың функционалдық міндеті бар, жолға қойылған. Әлеуметтік педагогтың картотекасы жасалды. Оқушының әлеуметтік картасы барлық сыныпқа жасалып, оқушының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі зерттелді. Оқушының отбасына мінездеме жазылған. Оқушының педагогикалық-

		<p>психологиялық мінездемесі психологпен бірлесіп жасалған. Әлеуметтік педагогтың есеп беру журналы жазылып отыр. Әдістемелік нұсқаулар, ата - аналар үшін жаднамалар ақпарат тақтасына ілінді.Сынып жетекшіге баланың өміріндегі әлеуметтік проблемаларды,тұлғааралық қатынастағы кикілжіңді шешуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар жасалынды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында №267 орта мектебінде оқушы саны-346; 1-11 сынып аралығында 19 сынып комплектісі бар, 1-4 сыныптарда 7 сынып, 5- 11 сыныптарда- 12 сынып. Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі жұмыс жасайды. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстар жасайды.Білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында сыныптан тыс жүргізілетін пәндік және спорттық үйірме жұмыстарының кестесі жасалып, барлық сыныптың оқушылары қамтылды. Үйірме жетекшілері бекітілді. №267 орта мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады.Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды.</p> <p>Олар:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;3) «Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚазақстанРеспубликасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №		
--	--	---	--	--

	<p>169-VI Заңы;</p> <p>7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;</p> <p>8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</p> <p>9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;</p> <p>10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.</p> <p>Тәрбие мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none">* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;* Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады.* Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу.* Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау. <p>2022-2023 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none">1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз		
--	--	--	--

		<p>бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғындыру.</p> <p>3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.</p> <p>4) Елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.</p> <p>5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтықұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.</p> <p>6) Мектеп пен ата-аналардың ө-ара іс-қимыл форматын ұйымдастыру, әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.</p> <p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «Тәуекел» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.</p> <p>7) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.</p> <p>8) Оқыту мен тәрбиелеу процесінде нәтижені Құндылыққа бағдарланған тәсіл арқылы іске асыру</p> <p>9) Мектеп медиация қызметін жемісті жолға қою арқылы, мектепті қауіпсіз кеңістікке айналдырып, өскелең ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру.</p> <p>10) Мектептің жайлы кеңістігін жобалай отырып, білім алушылардың оқу процесіне қатысуын, академиялық жетістіктерін, мінез-құлық үлгілерін, эмоционалды әл-ауқатын арттыруға әсер ету.</p> <p>11) Қолайлы білім беру ортасын құруда сынып жетекшілер рөлін арттыру 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:</p> <p>1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.</p>		
--	--	---	--	--

	<p>2. Рухани-адамгершілік тәрбие.</p> <p>3. Ұлттық тәрбие.</p> <p>4. Отбасылық тәрбие.</p> <p>5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.</p> <p>6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.</p> <p>7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.</p> <p>8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Жоспарланған нәтижелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Түлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырады. • Оқушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады. • Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге біріктіру арқылы ашықтық, жүйелілік болады; мұндай жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытына асыруға бағдарланады. • Оқушылардың ең көп саны қосымша білім беру жүйесіне енгізілген. Үйірмелерде сабақтарды ұйымдастыру адамның таным мен шығармашылыққа деген ынтасын дамытуға бағытталады. • Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артады, соның арқасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артады. • Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді. • Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылады, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтуге ықпал етеді. <p>Жоспарланған жұмыстар мен бағыттар және жобалар бойынша тәрбие үдерісі үздіксіз жүреді. Аталған жұмыс бағдарына орай, жоспарлары жасалынып, түрлі жұмыстар жүргізілуде.</p> <p>1. Қазақстандық патриотизм және азаматық тәрбие, құқықтық</p>		
--	--	--	--

		<p>тәрбие бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында өткізілген салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөзі Қызылорда қаласының қаржы бөлімінің басшысы Айменов Сейтмахан Нұрәліұлы мен қалалық білім бөлімінің әдіскері Жакыпов Тимур Абдысаматұлына берілді. Құрметті қонақтар өз сөздерінде жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, ыстық лебіздерін білдірді. Салтанатты жиында білім ордасына енді ғана қадам басқан бірінші сынып оқушылары өнерлерін көрсетсе, «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығының» өнерпаздары ән мен биден шашу шашты. Жаңа оқу жылында балаларға жаңа білімге, жеңістер мен жаңалықтар ашуға күш-жігер, әріптестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0gnqZ8t5ZZ8L7iY1TkWGLEdCYHSs4PjXJbjDMpovErrhdG3VKdAtquBeTZMLg8nRpl</p> <p>Менің мектептегі алғашқы күнім. Бүгін - Білім күні. Бұл күн әр баланың көкірегіне нұр құйылған, әр ұстаздың жүрегі тебіреніп, көңілі шарықтаған, әр ата-ананың мерейі өсетін нағыз қуанышты күн. Бұл күн мектеп табалдырығын алғаш аттаған №267 орта мектептің 1 «А» сынып оқушылары үшін де ең бір есте қалар қуанышты сәттерден тұрды. Бүлдіршіндер салтанатты жиында Қазақстанның даму стратегиясын жүзеге асыруда өз үлестерінің қандай болмақтығын, алға қойған міндеттерін, спортқа, Отанға деген көзқарастарын, болашақта қандай жетістіктерімен қуантатынын өлең шумақтары арқылы паш етті. Сыныпта «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Балалар шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, Отанын сүйуге, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге тәрбиеленді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0oM7C4a4p8tUEvDxHht5ZFbRjuskYrSqZ4yeyhWmpxBH6Fwts522emjtFVVmZgEyol</p> <p>Жалпы құқықтық білім беру сабағы 9-11 сынып оқушыларымен «Жалпы құқықтық білім беру сабағы» іс-шарасы аясында құқықтық сағат болып өтті. Іс-шараға Қызылорда ҚПБ Аб-нің аға анықтаушысы полиция майоры Өтегенов Марат Талғатұлы, ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты Енсебаев Руслан Қожаханұлы, ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Құттыбай Жасұлан Жұмаділұлы қатысып, оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Құқықтық</p>		
--	--	--	--	--

		<p>түсіндірме жұмыс барысында оқушыларға заңнамаға құқықтарын қорғау үшін енгізілген өзгерістер, қылмыстық жауаптылық басталатын жас, есірткі заттарын тұтынудың денсаулыққа тигізетін зияны жайында, сондай-ақ қылмыстың құрбаны болып қалмау және өз құқығын қорғау туралы, заң аясында адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары жайлы жан-жақты түсінік берді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0faQ1EAGvkehnTAXqD6u2SZFLYmjBxysDitYys9LqRfJ8j7sdTz6CwBNsNcLi15f71</p> <p>2022 жылдың 22-ші қыркүйегінде «Жалпы құқық бұзушылық», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптары бойынша танымдық ақпараттық сағат өткізілді. 8-11 сынып оқушыларымен кездесуде ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция лейтенанты М.Ибадулла, «Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-ң маманы Б.Қарымсақова, № 6 қалалық емхана СӨСҚ маманы Б.Сыздықова әр сала бойынша дәрістер оқып, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға өз себептерін тигізді.Шара аясында мамандар кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке тап болмауын, келеңсіздіктер мен жайсыз әрекеттерден, сондай – ақ нашақорлық пен зорлық-зомбылықтан, ерте жүктіліктің орын алмауын басты назарға алуды ұсынды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0WtHQCeRFQ8Skt54UwTUacF8RNp58dhXUJAgahjhtmBimPhVifC2ibDFWaScvWZBYI</p> <p>2022 жылдың 10 қыркүйек күні «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында іс - шара ұйымдастырылды.Мақсаты: оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау, Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп-тұруға, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.Жаяу жүргінші жолағы, бағдаршам ережелерін ұстануға дағдыландыру. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп-тұруға, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Жол тәртібін үнемі жадымызда ұстанайық!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid029jJkvT59jmDg3qANchSiuDwwY7GqirNkXbtNpC5oUH9zrq8jNDFoy4KbdH8xXjqyl</p> <p>2022 жылдың 15 қарашасында «Бала құқығы-адам құқығы» атты онкүндікте «Өмір ағашы. Менің шежіремнің тарихы» тақырыбында өз қиялдарын ұштастыра отыра, өз шежірелерін бейнелеп, сурет салу байқауын өткізді.Сурет байқауын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – білім алушыларға өз ата-бабасын, тарихын тану. Оқушылардың сурет сала білуі олардың</p>		
--	--	---	--	--

		<p>бойындағы шығармашылық еркіндік пен белсенділікті қалыптастырады. Адам өз тарихын білмей, ұлт болып қалыптаса алмайды, - деп халқымыз айтқандай, білім алушылардың тарихын, шежіресін білу біз үшін міндетті болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0oAWmvurg5nCRU2jDfpym8bAu8F9Ynh7SveTTkranpF1gZgpQce4QVuDu3yXVQZEP1</p> <p>2022 жылдың 25-ші қарашасында «Жалпы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу», тақырыптары бойынша танымдық ақпараттық сағат өткізілді. 8-11 сынып оқушыларымен кездесуде ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция лейтенанты М.Ибадулла дәріс оқып, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға өз себептерін тигізді. Шара аясында мамандар кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке тап болмауын, келеңсіздіктер мен жайсыз әрекеттерден, сондай – ақ нашақорлық пен зорлық-зомбылықтан, ерте жүктіліктің орын алмауын басты назарға алуды ұсынды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0geYA3Uigzip3nNewjtXTWvedNtPAYH8dZ1CEBBHNdRxbcajkor2GrPMAi6zMdcjVI</p> <p>2022 жылдың 15 желтоқсан күні "Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры" тақырыбында танымдық іс-шара өтті. Іс-шара барысында оқушыларды отаншылдыққа, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт - бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу бағытында өлеңдер оқылып, патриоттық әндер орындалды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында мектебімізде "Жас ұлан" бірыңғай жасөспірімдер мен балалар ұйымына 3 сынып білім алушылары салтанатты түрде қабылданды. Болашақта жас ұрпақтың еліміздің абыройын асқақтатар, еліне елеулі азаматтар болуына тілектеспіз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid03b4j7ofafXKNTCYy1pHL96GK4oWKSwijkKN36Yq4WDAvK81aiHi1RtwWSUSsLweWI</p> <p>Жалпы ата-аналар жиналысы. Жиналыста мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Ата-аналардың тәрбиесі және жағымсыз әрекеттер» тақырыбында білім алушылардың қауіпсіздігі баста назарда екенін, құқықбұзушылықтың алдын алу керектігін және топтық төбелес, буллинг, кибербуллингтің алдын алу қажеттігі туралы айтты.</p> <p>Сондай-ақ қазіргі уақытта белең алып отырған электронды темекінің және</p>		
--	--	---	--	--

		<p>интернеттен келетін қауіп туралы кеңес беріп, түсінік жұмыстарын жүргізді. Жиналыс соңында ата-аналар бала тәрбиесіне байланысты өз ойларын ортаға салып, ұсыныс пікірлерін білдірді. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02xUmxdXGh8qnWkqz2zsMtFgn8BfpJYq6SHELN2eSD4Fv4mHfdh7b1nTUaB15BMJ7cl</p> <p>- Отан қорғаушылар күніне орай «Әскердегі ағама хат» тақырыбында 8-10 сыныптар арасында эссе жазды. Мақсаты: Білім алушыларды Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу, Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Білім алушылар Отан қорғап жүрген ағаларына деген ыстық сезім, алғыс пен құрметтерін эссе жұмыстары арқылы көрсете білді.</p> <p>Аға ұрпақ пен жас буынның еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02dApsyATthyKX23dscLWKU TJqm7gmiVNGthm2pNxSG1ntAR1F5f1cQawuA8McCi9Q1</p> <p>2. Рухани - танымдық тәрбие бағыты бойынша</p> <p>Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен 2022 жылғы 7 қыркүйекте қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант өтті. «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында жазылған диктантқа 7-10 сынып оқушылары қатысты.</p> <p>Мақсаты: Егеменді еліміздің рухын асқақтататын ұлттық тіл, ұлттық қадір – қасиет екендігін білдіру: Ана тілін сүюге, ана тілін ардақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ovR4MAMurdboqTanYviBkXNEdwgPnjztf5hFyrVL91CKzQzKeHfxdowTzsmKcTnSI</p> <p>2022 жылдың 9 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл білімінің атасы - Ахмет» атты мерекелік әдеби кеш өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу. Әдеби кеште Ахмет Байтұрсынұлының өмірінен көрініс көрсетіліп, ақынның өлеңдерінен үзінділер оқылды. Іс-шара тілдер мерекесіне арналған жыр шумақтармен қорытындыланды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0cEmVWq8WkfBqsFk1tCrXw</p>		
--	--	--	--	--

[DVq59VgsmJN1GFoz4NhWpxK6EiBUUVPnxLLg5MtVgGwl](https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ovR4MAMurdboqTanYviBkXNEdwgPnjztf5hFyrVL91CKzQzKeHfxdowTzsmKcTnSI)

Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен 2022 жылғы 7 қыркүйекте қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант өтті. «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында жазылған диктантқа 7-10 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: Егеменді еліміздің рухын асқақтататын ұлттық тіл, ұлттық қадір – қасиет екендігін білдіру: Ана тілін сүйе, ана тілін ардақтай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ovR4MAMurdboqTanYviBkXNEdwgPnjztf5hFyrVL91CKzQzKeHfxdowTzsmKcTnSI>

Мектебімізде қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай «Асқар тау алыстаған сайын айқын көріне түседі...» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Шараның мақсаты: білім алушыларды Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылығымен сонымен қатар кітап көрмесімен таныстыру. Оқушыларға ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, шығармашылық танымдарын толықтыру. Іс-шара барысында мектеп кітапханашысы жазушының шығармашылығына арналған кітап көрмесімен таныстырды. Білім алушыларды ұлы ақынның тарихи мұраларын оқуға шақырды. Мұхтар Әуезов: «Үлкен романсыз үлкен әдебиет жоқ» деп жазып еді. Кемеңгер Әуезов үлкен роман ғана жазып қойған жоқ, әдебиет әлеміндегі үлкен құбылыс болды! Осы орайда он бес жылға созылған жан-кешті еңбек пен аса сирек кездесетін құдіретті талант өз жемісін берді. Себебі кейінгі ұрпақ адам жанының ішкі иірімдерін, кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі жан дүниесін, жүрек лүпілін тамыршыдай тап басып, анық та қанық суреттейтін Әуезов шығармаларын қызыға оқиды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02fvP8FG8d45JtjKsQKxTHz9uNNFKE43XQBhMY2WSSmDAUyvhw1HTtYK2JkbxKFRmLl>

Қазан айының бірінші аптасы ұлық қызмет иелері мұғалімдеріміздің кәсіби мерекесіне орай «Ұстазыңды ұлықта!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Ұлт ұстазы, қазақтың өткен ғасыр руханиятының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны-мұғалім» дегендей, оқушылардың құттықтауы сонау ата-дәстүрімізді дәріптейтін ата мен немеренің өнегелі

сөзінен бастау алды.Кеш барысында ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар ардақты ұстаздарымыздың жылы лебіздері мен мектеп директоры уақытша міндетін атқарушы Сулейменова Гүлжан Кеңесқызы ұстаздарға арнап, құттықтау сөз сөйледі. Мектептің білім алушылары керемет концерттік бағдарлама ұйымдастырып, ұстаздарға деген ыстық ықыластарын ән - бимен жеткізді.Білім алушыларымыздың «Ұстаздарымызға мәңгі тағзым» деген ұранымен ұйымдастырылған мерекелік кешіміз жоғары деңгейде өтті.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid034gQSCucYFwJXiCbj99pGvww9gWqgEZwyt38Umr5Lk89VpvyMUat4wETsqhRF7WY2l>

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың рөлін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Балалардың қосымша білім беру жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, талантты балаларды іздеу, оларға қолдау көрсету болып табылады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Осы сөздің дәлелі ретінде «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығы» өз жұмысын қарқынды жүргізіп келеді. Ашылғанына аз уақыт болса да білім алушы талантты оқушыларымыз талай байқаулардан үздік танылып, үлкен сахналарда өнер көрсетіп келеді.Облыстық “Білім шапағаты” акциясына өнер орталығының оқушылары өнер көрсетуде.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0Eg6R57YauYKoF5eLhpMk3YEWs8ocA4gyc3Gcr7QSzyTYM7GF7ekTA5k1LcRZnpel>

Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» деген атты дүниеде өз орнын табуға тырысады, яғни өседі, көреді, тәрбиленеді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек. 22 қараша күні 10«А» сыныбында «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында әрбір оқушы білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керектігі, кәсіби өмірлік бағыт алып, өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жете алатындығы жайлы сөз қозғады.Мамандық таңдау адам тағдырында көп нәрсені шешетіндіктен,

оған атүсті қарау – жеңіл ойлылықтың белгісі. Сондықтан, бұл мәселенің шешімін мүмкіндігінше аса мән беріп, байыппен қабылдау туралы кеңестер айтылды. Түрлі мамандықтар туралы бейнетаспалар көрсетілді. Тәрбие сағаты барысында білімалушылар әр мамандықтың маңыздылығы мен бірегейлігін түсінді. Алдағы уақытта шәкіртерімізге мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өмірлерінің бір кірпішін дұрыс қалауына тілектеспіз.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02BV4jBEqLQxkTUWj8AvJDsA5T3GKYb95nVH3wcLT6v146ocWnsfqJEqNVe7EgRABl>

Қымбатты нәзік жанды арулар жер-дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шұғылалы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Көктемнің шуақты сәті аналарымыз бен аруларымыздың мерекесінен бастау алады. Бүгін мектебімізде "Ана деген тіршіліктің тірегі" тақырыпта мерекелік шарасы ерекше көңіл-күйде аталып өтті. Жоғары сынып оқушыларының ерекше ықыласы мен мерекелік құттықтауы ұстаздарымызды ерекше көңіл-күйге бөледі. Сіздер бұл өмірге тек ізгілік пен жылулық, мейірім мен шуақ сыйлаушы жандар ғана емес, тіршілік атаулының ең асыл абзалы деген құрметке лайықсыздар. Осы мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілейміз!

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02HPuEKWbf8XCbAnoJ7bt71tCxWmiEYKhGBnSduhRE3kFtWS58SjuQec4rrW6ADrR9l>

3. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

Адалдық–адам мінезіндегі бағалы қасиет, жеке тұлғаның сана–сезімі мен ар–ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат–мүддесін көздейтін іс-әрекет. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайымы мен түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. Осы орайда мектебімізде 9-қараша күні «Адалдықты қалыптастырудың алты жолы» тақырыбында 7-10 сынып білім алушыларына тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: білім алушыларға еліне, жеріне деген отансүйгіштік қасиетті бойларына сіңдіре отырып, адалдық пен шыншылдықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру, адал, шыншыл болуға тәрбиелеу.

Шәкәрім қажы адалдық турасында,

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,

Ғибадат пен пен адалдық ар үшін жи, - деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл

бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0UZ5hiyhMvJRFayYMntYQnaJFqKWqQajEcFNLup6V1aaRevwReA5W84qizfFhnxhtl>

2023 жылдың 24 қаңтар мен 03 ақпан аралығында «Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбында өтетін апталық бастау алды. Апталықтың мақсаты: Алаш зиялыларының өмір жолы мен шығармашылығын таныстыра отырып, қазақ халқына жасаған ұлан - ғайыр ұлағатты істері мен әдебиет бағытындағы атқарған өлшеусіз еңбектері туралы ақпарат беру. Алаш зиялыларының жасаған сан қырлы еңбектері мен асыл сөздері мәңгі есімізде. Қазақ елі барда Алаш зиялыларының асыл мұралары ешқашан сөнбейді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02Nf2yJzy4qJGdrHZfb9ZruDx9rf59aWVfwC1w6qWWz9yztVgQBbhjpp37utYbtJ28l>

Мектебімізде 2023 жылдың 24 ақпанында 5-9 сынып оқушылары арасында «Бұрымды ару-267» байқауы өтті.

Бас жүлде – 9 «а» сынып оқушысы Амангелдіқызы Ақнұр

1-орын – 8 «ә» сынып оқушысы Бекенбай Қарақат

2-орын – 7 «ә» сынып оқушысы Серік Айна

3-орын – 8 «а» сынып оқушысы Елубаева Арайлым

1-орын (5-6 сынып оқушылары арасында) – 6 «а» сынып оқушысы Алпысбай Ұлбосын

«Қылықты ару» номинациясын – 5 «а» сынып оқушысы Қалдыбаева Балжан

«Өнерлі ару» номинациясын – 5 «ә» сынып оқушысы Нағашыбекқызы Ақсүйрік

«Инабатты ару» номинациясын - 9 «ә» сынып оқушысы Куватова Нұрай

«Зерделі ару» номинациясын - 7 «а» сынып оқушысы Еркінқызы Нұрай

«Креативті ару» номинациясын – 6 «ә» сынып оқушысы Қожаберген Айзере иеленді.

Байқауға қатысушылар арнайы Диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02AvYdcwaGKcLwRNmiQuRZYH8EGkdKSreWmESXStQMPbKgHZctJkHQb9qrZQzCjitwl>

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы. Ұлыстың ұлы күні мереке ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам

	<p>болмаған.Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп.Наурыз мерекесі мектебімізде дәстүрлі түрде жыл сайын тойланып келеді. Биылғы жыл да балалар арасында ұлттық ойындар ойналып, наурыз көжеден дәм татты. Оқушылар наурыз мерекесіне арналған шарада әсем әнмен шашу шашып, мың бұрала билеген бишілер мерекенің сәнін келтірді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02hqtL6BiWvETG21L2rFv3fesYFHoa2YFBQmuXyo6Sqx8CVPU9ZobrpAsCgDyTHGdl</p> <p>Жігітке жеті өнер де аз!</p> <p>7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай мектебімізде 7-9 сынып білім алушылары арасында «Жігіт сұлтаны-2023» байқауы өтті.Сайыстың мақсаты: ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.</p> <p>Сайыс кезеңдері:</p> <p>«Таныстырсам өзімді» - таныстыру- (5 ұпай)</p> <p>«Сегіз қырлы бір сырлы» - өз өнерін көрсету- (10 ұпай)</p> <p>«Ескірмейтін есті сөз» - сұрақ - жауап (5 ұпай)</p> <p>«Бәрекелді, сайыпқыран» (күш, білек сайысы гир көтеру) (0-10 ұпай аралығы)</p> <p>Серілер сынына білекті де жүректі 10 жігіт қатысып, мықтылықтарын танытты.</p> <p>«Жігіт сұлтаны - 2023» байқауында</p> <p>«Бас жүлде» иеленген 9 «Ә» сынып оқушысы Абжалиев Азат. Ол төрт кезең бойынша оза шауып, бойында өршіл рухы бар, парасатты нағыз қазақ жігіті екенін дәлелдеді.</p> <p>Ерсінтай Бақдаулет 9 «Ә» сыныбынан– I орын</p> <p>Айдархан Асқар 9 «А» сыныбынан – II орын</p> <p>Абдіжалелұлы Алихан 9 «А» сыныбынан – III орын</p> <p>Баймұрат Әбдірасул 10 «А» сыныбынан «Сегіз қырлы, бір сырлы»</p> <p>Сейден Нұрбақыт 8 «А» сыныбынан – «Шымыр жігіт»</p> <p>Батырхан Хамза 8 «Ә» сыныбынан– «Өнерпаз жігіт»</p>		
--	--	--	--

	<p>Сүлеймен Дінмұхаммед 7 «А» – «Дарынды жігіт» Муса Зұлхарнайын 7 «Ә» – «Парасатты жігіт» Абайұлы Осман 7 «А» – «Алғыр жігіт» Тәуелсіз елдің ұландары тамаша өнер көрсетті. Бұл олардың ертеңгі үлкен сынға қадам басқан бастауы ғана. Өрқашан сыналған шақта сүрінбей, қадамдарыңа нұр жаусын дейміз! Өркендерің өссін, мерейлерің үстем болсын! https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02uUhGSUDwKF5kPhG5RVPngQHnJsgRSErseyQ9QAUaxHVv3t8vob4bDLGgzCMaQRhul</p> <p>4. Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша</p> <p>2022 жылдың 16 - қыркүйек күні №267 орта мектептің табалдырығын алғаш аттаған 1 «А» сынып білім алушыларының ата – аналарымен жиналыс өткізілді. Жиналыс ата–аналарды топқа біріктіруден басталып, «Армандар орындалады» жаттығуы арқылы психологиялық ахуал қалыптастырылды. Танысу тренингі «Есімдер аллитерациясы» арқылы жүргізіліп, ата – аналар өздері туралы қысқаша мәлімет берді. Сіз балаңыздың қалай бағаланатынын білесіз бе? сұрағына «Микрофон» әдісі арқылы жауап алынды және критериялды бағалау жүйесі бойынша түсініктер берілді. Ата-ана тәрбиесінің әдіс - тәсілдерін жетілдіру және тиімді қарым - қатынас орнату мақсатында жұптық жұмыстар жүргізілді. Баяу музыка әуенімен «Түймедағы» әдісі арқылы кері байланыс алынды. Ата – аналар өз ойларын ашық жазды. Бастауыш сынып мұғалімі Асқарова Гүлмира Орынбекқызы ата – аналар жиналысын «Егер бір жылдық өміріңді ойласаң арпа ек. Он жылдық өміріңді ойласаң ағаш ек. Ғасырлық өміріңді ойласаң бала тәрбиеле» деген қанатты сөзімен қорытындылады. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0XwYuPaTv48gS2EQmGSx3yFvSLaUg5tNawsZpDT8M4jLccobjb5z2Bwa3CQcT7v5sVI</p> <p>22 қазан күні “Нәтижеге бағытталған үштік одақ” ата - аналар клубы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңкенің өткізілуіне 3-9 сыныптарының ата-аналары белсене ат салысты. Сөреге қойылған тәтті тағамдар жәрмеңкеге қатысушылардың өз қолымен дайындалған. Дәл бүгінгідей шаралар ата-ана мен баланың арасын жақындастырып қана қоймайды, дұрыс бағытқа жөн сілтей алатын жолды да көрсететіні анық. Қайырымдылық шарадан түскен қаржы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды қолдауға жұмсалатын болады. Адам баласы жақсылық жасау арқылы жасампаздыққа ұмтылады, адамгершіліктің есігіне жол</p>		
--	--	--	--

		<p>салады. Балаға пайдалы түрде қуаныш сыйлау арқылы өмірге деген құштарлығын арттырып, рухани қолдау білдіргені үшін ата-аналарымызға мың алғыс!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid037iznmPP1bKsb9yk96eTL2d4Hupfo68XwavxE521MNN5FH76nMSLbR9eVMAF5d9xHI</p> <p>Зорлық - зомбылыққа жол жоқ! Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» ақпараттық науқанын өткізу іс-шара жоспарына сәйкес 07.12.2022 жылы 2-сынып білім алушыларына «Отбасы–бақыт мекенім» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынас туралы түсінік беру, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Іс-шарада отбасы ең жақын адамдардың ошағы екені және де отбасы мүшелерін үнемі сыйлап, құрметтеу керектігі туралы айтылды. Әр бала отбасында, қоғамдық орындарда үлкендер мен бала арасындағы сыйластық, махаббат пен мейірімділік, шапағат шуағы мен ізгілік нұрына бөленуі тиіс.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0cxvVH4TX79tq66sqK3jqV7ALKKU4pbyVyGRnTxgPd6b9uogE2LBpgrHU66k57DdY1</p> <p>8 «А» сыныбында «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін қалыптастыру. Ашық тәрбие сағаты барысында оқушылар «Отбасындағы әкенің рөлі», «Отбасындағы ананың рөлі» тақырыптарында шығармашылық жұмыс жүргізіп, «Отбасы құндылықтары» бойынша постер қорғады. Отбасындағы бала тәрбиесі туралы бейнежазба көрсетіліп, пікірталас ұйымдастырылды. Тәрбие сағатының қорытынды бөлімінде «menti.com» платформасы арқылы кері байланыс жүргізілді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02xcCfE4xGRZzoZbtrzniLq3Le y7p2RyQFNK37P6BXHRZmoebHsjeoig9JGZqXTGZzl</p> <p>Қазіргі заманда жастар тәрбиесінде жүректі имандылыққа, махаббатқа, қайырымдылыққа нұрландыруға, ізгі іс жасауға және жүректен жүрек арқылы адам жанына әсер ету үрдісі кең ауқымда талқыланып келеді. Осы орайда 2023 жылдың 13 – 17 ақпан аралығы жүргізілетін апталық жоспар аясында 16 ақпан күні 8 – сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Адалдық дүкені – тәрбие мекені» тақырыбында жәрмеңке өткізілді. «Адалдық дүкені – тәрбие мекені» атты қайырымдылық қамқорлық акциясынан түскен қаражатқа мектебіміздегі әлеуметтік жағынан</p>		
--	--	---	--	--

		<p>қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетіледі. Мектебімізде әлі де осындай игі істер жалғасын табады деп сенеміз. Өскелең ұрпаққа берген білімімізбен тәрбиеміз, келешекте еліміздің өркендеп өсуі мен дамуына ықпал жасасын деп тілейміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0X147wDDGxfxi1tW65pkEbgTNEgV5MuvBcbpgaFCw7kQbb1jFfW3gjaQqB4H8xt3Wl</p> <p>5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша</p> <p>2022 жылдың 19 қыркүйек күні «Еңбек- ерлікке жеткізер, ерлік – елдікке жеткізер» тақырыбында танымдық апталық өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың еңбекқорлық туралы түсініктерін кеңейту, еңбек дағдыларына үйрету, еңбексүйгіштікке баулу. Апталықта білім алушылар мұғалімдермен бірігіп, қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырды. «Еңбек етсең, мұратқа жетсең» тақырыбындағы іс-шарада 5- сынып білім алушылары тоқыма тоқу, кесте тігу, сәукеле бұйымдарын, моншақты қол сөмкелерді және қыз балаларға арналған фетрамен заманауи диадемаларды жасап көрсетті. Көрме соңында балалардың жұмысы бағаланып, Алғыс хаттармен марапатталды. Апталық «Еңбекке жастан, өнерге бастан» тақырыбында 6- сыныптар арасында эссе жазу байқауымен жалғасты. Білім алушылар болашақта қандай маман иесі болатындықтары туралы ой қозғап , қағаз бетіне түсірді. «Үздік» деп танылған эссе иегерлері арнайы марапатқа ие болды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ePGQsedRfT6R9ppkGDTdteEE3m9qSZuYyDA8KY7mSvWdmJDYgqSPCYcwD1vHAKCXl</p> <p>«Табиғат тамашалары» тақырыбында танымдық сағат ұйымдастырылды. Мақсаты: табиғаттың адам өміріндегі маңызын насихаттай отырып, оны аялауға өз үлестерін қосу, экологиялық тәрбие беру. Танымдық сағатта білім алушылар жапырақ түрлерімен олардың құрылысымен, күз мезгіліндегі жапырақ түсінің өзгерісі мен онда жүретін процестермен танысты. Табиғат барлық тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя бесігі болып табылады.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0JXD8hVq3j1nVYRfgKT77hjndcYEAbu3GcfenurP19cj3wKd4FSWP5gfcVPR2kNckl</p> <p>“ECO-ALEM” экологиялық үстел ойыны өткізілді</p> <p>Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ. Білім алушылардың экологиялық білімдерін жетілдіру мақсатында</p>		
--	--	---	--	--

		<p>ұйымдастыруымен “ЕСО-ALEM” экологиялық үстел ойыны өткізілді. Ойынның мақсаты: білім алушыларды қоршаған ортаны таза ұстауға баули отырып, экологиялық білімдерін кеңейту және қоқысты қалай сұраптауды үйрету. Ойын барысында қатысушылар белсенділік танытып, экологиялық білімдерін кеңейтті. Қоршаған ортаны таза ұстау-біздің басты міндетіміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ZBJQRWRgZadYTh1q2iiKXN1pjAeafR5et61NmTaxARM5giwA5QTN7sMmjJdzAjFFI</p> <p>ЕСО-ALEM” экологиялық үстел ойыны өткізілді</p> <p>Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.</p> <p>Білім алушылардың экологиялық білімдерін жетілдіру мақсатында мектеп парламентінің мүшесі, экология және еңбек фракциясы-Нұрлыбекқызы Қарақаттың ұйымдастыруымен “ЕСО-ALEM” экологиялық үстел ойыны өткізілді. Ойынның мақсаты: білім алушыларды қоршаған ортаны таза ұстауға баули отырып, экологиялық білімдерін кеңейту және қоқысты қалай сұраптауды үйрету. Ойын барысында қатысушылар белсенділік танытып, экологиялық білімдерін кеңейтті. Қоршаған ортаны таза ұстау-біздің басты міндетіміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02cDtnRDqFjfH8QXbDsVWcDMTefDbtYnP8Efu02ieqzxQArxBcL81nNHnwNWkmBzLnl</p> <p>Жас ұрпақтың экологиялық білімін дамыту арқылы патриотизмге баулып білім көкжиегін кеңейту мақсатында «Туған өлкенің табиғаты» тақырыбында Б. Шөкенов атындағы саябаққа 8 сынып оқушыларымен бірге экскурсия ұйымдастырылды. Табиғат - ана оянған мезгілде айналаны тазалау, ағаштарды бұтап, түбін әктеу және жас шыбықтар отырғызу жақсы дәстүр болып саналады. Көктемде көшеттің отырғызылғанынан бастап, оның күтімі, қалай және қайда сақталатыны, ыңғайлы көшетті қалай таңдау қажет екеніндігі туралы танымдық ақпараттар берілді. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген өсиетті тыңдап өскен білім алушылар табиғаттың одан әрі жандануына үлес қосады деп сенеміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02gSdhHQCCDAbjC4m4pfxdHdp7VwSgTPPZnMcCqZWE4c7Rm5Q511Qe4rAFLiKXencul</p> <p>АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ - АТАДАН ҚАЛҒАН МИРАС</p> <p>Жер тоңы жібіп, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу - сауапты іс. Қазақта «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген аталы сөз бар. Асыл дініміз бойынша да жеміс ағаштарын егу сауапты</p>		
--	--	---	--	--

амал.Сауапты істі жүзеге асыру, туған жерімізді көркейтіп, жасыл желекке айналдыру мақсатында 31 Наурыз күні 5«а» сынып оқушылары қасиетті Рамазан айында мектеп ауласына жиде, шие ағаштарын отырғызды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02XFMs3mpgz5vQmPow9nyau1NBXA8hdSumDGURjTXoYw9Bh1zgSTCsfc3c2o29rpzLl>

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша
07.12.2022 жылы барлық сыныптарда «Ғибрат сағаттары» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушы бойына әдептілік және адами қасиеттерді қалыптастыра отырып, жақсы мен жаманды ажырату, аталы сөзден ғибрат алу. Ұлағатты сөздер - халқымыздың ата заманнан келе жатқан ұлттық мұрасының бірі ұлттық салт-дәстүр негізінде адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеген –Ол ұлттық дүниетаным негіздері ретінде қалыптасқан. Тәрбие сағатында балаларға бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді ұғындырып, сол сөздерден өнеге алуды үйретті.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ybY7CUBwpQ8M9dYTFMKEqQ7AYaW6hsPDPmbCXLsR7z7ZRunqh7rar6PZwLur2nprl>

2022 жылдың желтоқсан айының 23 күні №267 орта мектеп жанынан ашылған «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығы» І жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «Жұлдыздар жарқырайды» тақырыбында есеп беру мерекелік концертін өткізді. Мақсаты: дәстүрлі өнердің түрлі салаларын жан-жақты жандандырып, оны жастар арасында кеңінен насихаттау, қазақ өнері арқылы балаларға ұлттық тәрбие беру.

Өнер ошағында кәсіби мамандардан дәріс алып жүрген оқушылар бүгінгі күні де халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі байқаулардан көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Мерекелік концертте домбыра, баян, қобыз, вокал, хореография үйірмелерінің өнерпаздары залға жиналған көрермендерді өнер нұрына бөледі.Келген қонақтар, ата-аналар талантты өрендердің өнерлерін тамашалап, аға-әпкелерінің жолын жалғастырып келе жатқан жас жұлдыздарымызға жүрекжарды лебіздерін білдіріп, ақ баталарын берді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0ttWhf2FYKrXmjJ7Aqb7GbGGrMXpcLUCZjVNnqWRtEhVAEF9G3v92Vr46wMnVynWEI>

«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекесіне орай «Халықтар достастығы тұрақтылық кепілі» тақырыбында мерекелік іс - шара өткізілді. Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға

жеткізу, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу, басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің еліміздің ең басты байлығы.Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі.Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02Yy4x7aFpkAdupjwygaXNwYW7boVhs7WnGquNXdUde4pV6GqGGKXXyuWDXQU1ocBXI>

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша

Мектеп тәлімгері білім алушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдаланып, мақал – мәтел, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды тез жаттауға, сонымен бірге көтеріңкі көңіл – күй сыйлауға дәстүрлі түрде қызықты ойындар өткізуде. Әр күнге жоспарланған үзіліске белсене қатысушылар саны күн санап артуда.«Мақалдың жалғасын тауып, тәтті ұтып алыңыз!» атты бүгінгі үзілістегі ойында тапқырлық танытқан білім алушылар тәттілерге ие болып, үлкен қуанышқа бөленді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid024bi6nBRHvopBXAuWgzJDZjqzZ8FkpKM59wum9nP5vCdyqs5hWoYZqtBDG8sr3vpMI>

«Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Қазіргі таңда мектепшілік дебат технологиясын дамыту – өзекті мәселе. Осы орайда 2022 жылдың 23 қыркүйек күні мектеп жанынан құрылған «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен «Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс мақсаты: білім алушылардың жан-жақты дамуы мен олардың азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамда дұрыс саяси бағдарларын қалыптастыру, сонымен қатар дебат қозғалысына жаңадан келген 7 - 8 сынып оқушыларына дебат құрылымын түсіндіру.Шара барысында «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубына жаңадан қабылданған білім алушыларға дебат жаңа мүмкіндіктерге жол ашатындығы, ортасы өзгеріп, достары көбейетіндігі, сөйлеу мәдениеті қалыптасып, ойды тиянақты жеткізуге дағдыланатыны, кез - келген тақырыпта ойын еркін, нақты жеткізе алатыны, үнемі ізденісте болатыны, айтылған қарсы пікірге қарамастан, ойының дұрыстығын

	<p>дәлелдейтіні түсіндірілді.</p> <p>Америкалық Парламенттік форматында (АПФ) ойнатылған пікірсайыс барысында</p> <ul style="list-style-type: none">- Б.П. Бес күндік білім беру жүйесі нәтиже береді деп есептейді;- Б.П. Мектеп оқушылары үшін "Үш тұғырлы" тіл саясаты тиімді деп есептейді; <p>- деген тақырыптарды талқылап, өз көзқарастарын ортаға салды. Нәтижесінде: I орынмен «Уикипедия» фракциясы II орынмен «Кираасутанзу» фракциясы марапатталып қорытындыланды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02HKeDpgoYmEyp1tNP3VB rH37Ej2DTMhCFsKdKRn239ABpMiCnc6UPsBwNRVegRyBsl</p> <p>2022 жылдың 14-18 қараша аралығында физика, математика, информатика пәні бірлестігінің ашық сабақтар апталығы өтті. Пән мұғалімдері сабақ барысында берілетін мағлұматтарды игерту, алған білімді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру, іскерлікке үйрету мақсатында аралас сабақтар, қайталау-қорытындылау, жаңа білімді меңгерту сабақтарында түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды өте тиімді қолдана білді. “Bilimland” платформасы, Wordwall.net сайты, Learning.apps платформасы, liveworksheets.com Plickers бағдарласы, Padlet тақтасы, Umaigra сервисі, online stop watch генераторы, Learnis.ru, Quizizz платформаларын пайдалану сабақтың қызықты өтуіне, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, өздігінен ізденуге, шешім қабылдай білуге, білім, білік дағдыларын қалыптастырып, логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталды. Кері байланыстар тиімді әдістермен ұйымдастырылып, қорытынды жасалды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02yMLfS85F8VT41ed1mvyk8 v7NTuweWuQZwgU7zdKtb7SebogAScqjhXfe6RX8WzC11</p> <p>8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша</p> <p>«Алтын доп» турнирі 2023 жылдың қаңтар айының 12-сі күні мектеп парламентінің спорт фракциясы Айдархан Асқардың ұйымдастыруымен 9-сыныптар аралығында баскетболдың турнир өткізілді. Мақсаты: оқушылардың салауатты өмір салтына сай қағидаларды енгізе отырып, оқушыларды болашақтың тірегі болатын дені сау, жан - жақты азамат етіп тәрбиелеу. Баскетбол үйірме жетекшісі Сүлейменов Ерлан төрешілік етіп, «Оқжетпес» командасын үздік деп таныды. Спорттық бәсекеде ойыншылар бар шеберліктерін салып, тартысты ойын көрсетті.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid08ZAHXD1ws7X3WwTFUN</p>		
--	---	--	--

[ВМус6tpYbSv4WuSvoaZp5cqGS7x9QrDL9sfAkyUPe9ZzPKI](https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02TUcVHq67TWGSSqZVFh7YgPdoR7ZBckR49QPXp6h1zUeXjDpqQbDerCBvw4nRqARil)

19 қаңтар күні 8-10 сынып оқушылары арасында Облыстық Жастар Денсаулық Орталығының валеолог маманы -А. Кулмуратова және №6 қалалық емхана СӨСҚ маманы - Б.Сыздықовамен бірлескен кездесу өтті.Мақсаты: ішімдік, нашақорлық, темекі шегудің денсаулыққа, болашақ ұрпаққа зиян екендігін түсіндіре отырып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.Арнайы мамандар білім алушыларға жалпы темекінің адам өміріне зияны туралы айтты.Кездесу барысында мамандарға сұрақтар қойылып, пікір алмасты. Оқушылар бүгінгі кездесуден жақсы әсер алып, уақыт бөліп келген мамандарға өз алғыстарын білдірді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02TUcVHq67TWGSSqZVFh7YgPdoR7ZBckR49QPXp6h1zUeXjDpqQbDerCBvw4nRqARil>

02.02.2023 ж. 8-11 сынып оқушыларына "Есірткінің алдын алу" тақырыбында арнайы бейнежазбамен таныстырылды. Негізгі мақсат жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу, психобелсенді заттар айналымымен байланысты қылмыстарға,оның ішінде есірткі сайттарын жарнамалау және насихаттау үшін жауапкершілікті түсіндіру. Шара шеңберінде жоғарғы сынып оқушылары пайдалы ақпараттармен таныс болды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0TfXy3KTjjEtGd2bKpz5Q4UQ3TzUzM5QPhVvFQXXfcfefE2owDHcWZQemShmhLrPnl>

8-11 сынып оқушыларына Облыстық жастар денсаулығы орталығы маманы Г. Алмуръзаева және №6 қалалық емхана мейірбикесі Б.Сыздыкова «Нашақорлықтың алдын алу», «Зорлық-зомбылық», «Суицидтің алдын алу», «Дұрыс тамақтану» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Мақсаты: оқушылардың бойынан зиянды әдеттерден арылту, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.Семинар-тренинг соңында оқушылар өздерінің өз ойларын ортаға салып,жағымсыз әрекеттерден аулақ болуға дағдыланып, құнды мәліметтермен ақпараттандырылды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02XGfseCsz88GMwtoATThvAbgedU88ZC4QW7NKnyXixQ6FisGYJKWbrH5UDMJHcygTl>

Таңғы жаттығудың пайдасы зор

Спорт фракциясының ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына кезекті «Менің денсаулығым - менің болашағым» атты таңғы жаттығу өткізілді.Мұндағы негізгі мақсат жасөспірімдерге денсаулық баға жетпес байлық екенін түсіндіру, көтеріңкі көңіл - күй сыйлау. Денсаулықты сақтап,

	<p>ұзақ өмір сүрудің бір - ақ жолы бар. Ол — салауатты өмір сүру салты. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid033K1TULHHVWwYj7Va75qA74PpoDGpa5TsT5VfugPLkerVWiNUwhLtkDGP1HtgMWM6l</p> <p>Ақ жол, бітіруші түлектер!</p> <p>Қоңырау үні. Бұл үн білім кемесі – мектеп қабырғасынан шыққан әрбір адамның құлағына таныс, жүрегіне жақын. Соңғы қоңырау үні бүгін біздің білім ордамызда да сынғырлады. Кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, мектеп қабырғасын аттаған ұл - қыздарымыз алтын ұя мектебімен қоштасқалы тұр. Соңғы қоңырау мерекесіне арналған салтанатты жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті "Рекрутинг және мансап" басқармасының әдіскері Елшібек Айдос Жақыпбекұлы құттықтауын табыстаса, мектеп директоры Рахымшаева Сабила Байқоңырқызы мектеп бітіруші түлектерді құттықтап, алдағы үлкен сынақтан сүрінбей өтулеріне тілек білдірді. Салтанатты жиын барысында бітіруші түлектердің, ата-аналардың ұстаздарға деген құрметін жақсы тілектермен, өлең шумақтарымен білдірді. Барша ұстаздар қауымына адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілейміз. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын деген тілекпен аяқталды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0o8smBsY4A3ypXsrs5CwZ9TW3aG66tHfRQbJY2RSZX5wt2VvNcPU4Uc8hWEnmpYMWl</p> <p>2022-2023 оқу жылына арналған «Мектеп парламенті» жобасының жұмыстары.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мектебізде Мектеп парламенті құрылды. Мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Мақсаты: білім алушының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, жауапкершілік дағдыларын дамыту, шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, азаматтарды тәрбиелеу.</p>		
--	--	--	--

		<p>Мектеп парламенті –мектептің алға қойған мақасат -міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының президенті 9 «ә» сынып оқушысы Темірбек Бибінұр. Қазіргі таңда мектеп парламенті құрлымы 8 фракция бойынша жұмыс жасайды.</p> <p>Мектеп президенті- Темірбек Бибінұр</p> <ol style="list-style-type: none">1. Құқық және тәртіп фракциясы- Амангелдіқызы Ақнұр2. Ақпарат фракциясы- Нәлтәй Асылжан3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- Айдархан Асқар4. Өзін өзі тану және бақыт фракциясы- Пралиева Зере5. Қамқорлық фракциясы- Әбдіжәлелұлы Алихан6. Мәдениет және өнер фракциясы-Бекенбай Қарақат7. Экология және еңбек фракциясы-Нұрлыбекқызы Қарақат8. Дебат қозғалысының фракциясы-Елшібаева Нұрай <p>«Дублер күні» Қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Дублер күні» өткізілді.«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, бұл шараның басты мақсаты - мұғалімдердің еткен еңбегі мен төккен терін ұғынатын ұрпақ қалыптастыру.Осы мақсатта жүргізілген айтулы шарада мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін «Мектеп парламенті» мүшелері атқарды. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелген міндеттерді өз деңгейінде атқара білді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02g6a9ohatTWD5aoGDYsfE1eiLU18UvqmnxRnentAMs3i6cRHVezG3M51GjorcxGtl</p> <p>Көңілді үзіліс</p> <p>«Оқушылар, кім жақсы билейді?» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен дәстүрлі көңілді үзіліс ұйымдастырылды. Көңілді үзілістің мақсаты: үзілісті тиімді пайдалану арқылы оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау, жас ерекшеліктеріне сай пайдалы контент қалыптастыру. ТІК-ТОК әлеуметтік желісі қазіргі таңда қарқынды дамып келеді. Желіні колданушылардың басым көпшілігі мектеп оқушылары десек қателеспейміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02mZuFY82KspAwLbxWAFT3Sr7JJRyx4T9gENTAobgcw7jTsJDFATFR96fadeKSA93gl</p> <p>Қайырымдылық акциясы</p> <p>Қайырымдылық-ізгіліктің көрінісі.Абай атамыз 14-ші қара сөзінде «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ»-деген. Адамшылдық, мейірбандық қасиетті бойына сіңіріп, әрбір адам баласына жанашыр қайырымдылыққа,</p>		
--	--	--	--	--

жанашырлыққа, шынайылыққа тәрбие беретін ұстаздар қауымы мен білім алушылар №267 орта мектебінде қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.
<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid04rEXrenBKDAAMARtxzzyMet7iL9swf5XukXcut3cvnds21UGHNDUPNGP6nuTFM1dl>

«Алғыс айту» күні – мейірім мен шуаққа толы айтулы күн. «Алғыс айту парызым» атты қайырымдылық іс-шара жоспарына сәйкес мектеп жанынан ашылған «Көркемдік -эстетикалық балалар орталығының» мамандары бірлескен түрде №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына (қарттар үйіне) мерекелік концертпен ән шашуды тарту етті. Ондағы мақсат қарияларға жоғарғы көңіл - күй сыйлау, ризашылықтарын алу еді. Жоғарғы дәрежеде өнер көрсеткен «Әлқисса» домбырашылар ансамблі, мың бұралған «Реверанс» би ансамблі, эстрада әншісі Гүлхан Сергебаева мен өнер орталығының көркемдік жетекшісі Камшат Қауғанбаева және «Жент» триосы қарияларды әнді бірге шырқауға арқау болды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ydcWLnos8yiujtK4ufQWpXm6QNhwKcd8KaYaaMiYoR6hhejH3Z7qsMgaLiJaSYWul>

«Табиғат тамашалары» тақырыбында танымдық сағат ұйымдастырылды. Мақсаты: табиғаттың адам өміріндегі маңызын насихаттай отырып, оны аялауға өз үлестерін қосу, экологиялық тәрбие беру. Танымдық сағатта білім алушылар жапырақ түрлерімен олардың құрылысымен, күз мезгіліндегі жапырақ түсінің өзгерісі мен онда жүретін процестермен танысты.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0JhN9156nYYvXYqXNJ2v5j2vwy42GJu5hVdMydnuZ4GJbpm7cyCpydsrTmqhetvr7l>

«Мектеп Парламенті» ұйымының мүшелері ауған -тәжік соғыс ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесу барысында Ауған соғысының ардагері, сержант Есмағанбетов Алтынбек Қамиұлының үйіне барып оқушылар сұрақтар қойып, «Әке» «Ерлік» тақырыбында өлең шумақтарын арнады. Мақсаты: жастарды ұлтшылдыққа, бірлікке, достыққа берік болуға тәрбиелеу. Үлкеннің еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу. Жастар жауапкершілікпен қатар, ауыртпашылықты да сезінуі керек.

<https://www.facebook.com/100015263085619/posts/1308730186312405/?sfnsn=mo>

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы. Ұлыстың ұлы күні мереке ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Сондықтан

да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0qHp9RRsXjP5zjb4iajr9A8475D9Dape7HivmHz4vHcojUtmQEQu6bff73m864Eml>

2022-2023 оқу жылына арналған « Мектеп театры » жобасының жұмыстары

«Мектеп театры» жобасының жоспарына сәйкес 6 «А» сынып оқушылары "Менің атым – Қожа" повесінен қойылым қойды. Мақсаты: оқушыларды сахнада өзін емін-еркін ұстауға үйрету, қойылым арқылы жағымсыз кейіпкерлердің жат қылықтан жиреніп, жақсылықты бойына жиюға тәрбиелеу болатын."Менің атым - Қожа" повесі Бердібек Соқпақбаевтың артына өшпес із қалдырған, балдәурен әсерінің қаймағын бұзбай, ақиқаттан алшақтамай, балаға тән қиялдарды тебірене толғайтын шығармаларының бірі.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0acdMERdUytcfaW5BxbeS4piKuy8rVxZYHV1eb6eHMbc8rB8HTmrWidHPC9MP1QCil>

"Мектеп театры" жобасы аясында 7 "А" сыныбында "Төреліктің тұғырындағы тұлғалар" тақырыбында театрландырылған танымдық шара өткізілді. Мақсаты: халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақтаған баға жетпес қазынасын, ғибрат алардық сөздерін ұғындыру.

Ел ішінде болып жатқан талас тартысқа әділ шешім беретін қазақтың Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің өмірбаянына тоқталып, шешендік сөздеріне, даулы оқиғаларының бірқатарынан көріністер көрсетілді. Атақты үш би бір ананың тетелес үш ұлындай аталып, қатар қадірленіп, ел жадында сақталған, үш бидің еңбегі үштік бірлікті нығайтқанында.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid06oNmsrKnwqQ1izMwecwN3azy6aydF3sg7wstwBziseA87gGEKt9drK9P2RhJtSCfl>

«Мектеп театры» жобасы аясында 5 «а» сыныбының «Күлше қыз» театрыландырылған қойылым қойылды. Мақсат: қойылым барысында білім алушылар өз қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай өзара тығыз қарым-қатынас жасай отырып, өнерге деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Сонымен бірге балалар кейіпкерлердің жағымды қасиеттерін бойларына

		<p>сіңіріп, өздеріне деген сенімділігін арттырып, сахна мәдениетіне машықталды.</p> <p>Ертегіде басты кейіпкер өзінің еңбекқорлық пен адалдық қасиеттерін сомдай отырып, барша білім алушыларды шыншылдық пен мейірімділікке шақырды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid03VVWYphNSZXshiWaKmNBZ5agrH5gHK4qf4LDeTvCwCdU8Wa8chMDTn1PvjWqFoyDI</p> <p>«Мектеп театры» жобасы аясында жоспарға сәйкес 6 «Ә» сынып оқушылары "Мәңгілік өнеге - әз Мұхаммед Мұстафа" мәуліт үзіндісінен «Мейірімді қыз» қойылымы қойылды.</p> <p>Мақсаты: оқушылардың театр туралы түсініктерін кеңейту, рольдерде ойнау арқылы әр кейіпкердің ішкі сезімін ұғындыру, адамшылдық, мейірбандық қасиетті бойына сіңіру еді.</p> <p>Қойылым барасында білім алушылар «Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» - деген данышпан халқымыздың сөзін толық ұғына білді. Қазіргі уақытта жастар тәрбиесінде жүректі ізгілендіру, жүректі нұрландыру арқылы адам жанына әсер ету үрдісі кең қолданылып келеді. Абай атамыз да өзінің қара сөздерінде «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» - дегендей, жүректі мейірімге толтырып, әрбір адам баласын «өз бауырым» деп ойлауы керек.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0kdjZ8paGqXseM2dDj1gsBYSBYF6ed5TbbxgdVQPpQwb3pLinW6gixz79fdV7ibkPl</p> <p>17 мамыр күні «Мектеп театры» жобасы аясында 10 «а» сынып оқушылары орыс тілінде К.Г.Паустовскийдің «Старый повар» әңгімесінен қойылым қойды. Қойылым барысында білім алушылар өз қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай өзара тығыз қарым-қатынас жасай отырып, өнерге деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Білім алушылар кейіпкерлердің жағымды қасиеттерін бойларына сіңіре отырып, сахна мәдениетіне машықтанды. Әңгемеде басты кейіпкер өзінің еңбекқорлық пен адалдық қасиеттерін сомдай отырып, барша білім алушыларды шыншылдық пен мейірімділікке шақырды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02xK4R3NDZE8JWr14FpVuiuh8HkwJgJZ4yefRPQr5sG8raesC7ArBmtMTXvmWJcNI</p> <p>Мектебімізде 7-сәуір күні «Мектеп театры» жобасы аясында 7«а» сынып оқушылары Шәкен Аймановтың «Тақиялы періште» фильмінен үзінді қойды. Қойылымда оқушылар өздерін еркін сезініп, кейіпкерлер бейнесін</p>		
--	--	---	--	--

ойдағыдай сомдап шығып, көрермендердің қошеметі мен жылы лебіздеріне бөленді.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02NWr5eSgg5gYMkFgs57bBzL9ZGqSPD1fzk2KeqwNWKQcn7RSwifEZVvkjPiGDfEVul>

Мектебімізде бастауыш сынып оқушыларымен “Мектеп театры” жобасы аясында шет тілі пәнінен “Little red riding hood” ертегісін сахналады. Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, ертегі кейіпкерлерін сипаттай білуге дағдыландыру. Ертегі арқылы оқушылар бойында адамгершілік жауапкершілік және өнерге деген құштарлық сезімдерін арттыру. Осы қойылымды сахналау арқылы оқушылар өтірік айтпауды, үлкенді силауды, қамқор болуды, жамандық жасамауды үйренді. Көрермендер мен қатысушылар арасында оқушылардың ағылшын тілінде ертегі кітап оқуға қызығушылықтары арта түсті.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02gBg5tHGmuLZsFsjA3JW5B CxFNUXxMi7KUQ2oqNy7SyLNGPFpxYBi2Py8K864pyLxl>

Учителями русского языка и литературы: Нуртаевой А.И. и Оракбаевой А.А. был проведен литературный вечер в честь 255-летия великого русского баснописца Ивана Андреевича Крылова. Цели мероприятия: Способствовать расширению кругозора учащихся через знакомство с творчеством. Способствовать формированию положительного эмоционального отношения к литературным поэтическим произведениям для развития и поддержки интереса детей к чтению.

Развивать умение публичных выступлений на сцене, самовыражения и совершенствования художественно-речевых и исполнительских навыков.

Творчество Ивана Андреевича Крылова не утратило своих актуальностей, интерес к нему растет во все времена. Мудрые басни И.А. Крылова учат нас быть правдивыми, добрыми, бескорыстными, благородными, совестливыми, справедливыми. Они призывают нас не ставить себя выше других, совершать добрые поступки, полезные дела, любить Родину.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0ZAKevnegMaxLrtQ87gaUCV TCFdVh7VP4PiRjGvuUzAqCRKN8pPgyBoM5fdrCZGXUI>

2022-2023 оқу жылына арналған “Оқуға құштар мектеп” жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы еңбектері және тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылған кітап көрмесі

		<p>ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты: ата – бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау, еліміздің жеткен жетістіктері мен рухани игі өзгерістер белесін білім алушыларғатаныту.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0oT7XFFJDWtzaByTLQ2gePo3rx8JWJQK4ujMTy8vMLz35A3hjWqKPGPQzmU5takPol</p> <p>«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5-7 сыныптар арасында «Үздік оқырман отбасы» сайысы өткізілді. Сайыс отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу мақсатында ұйымдастырылды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0sCDtG9iB7gSpKVCqUMTgj2MZdbDGDn8cVMFsUz4PWksV6MQtTaUhQwj5ahjc46WFI</p> <p>«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мир книги –это мир настоящего чуда» атты сыныптан тыс іс- шаралар апталығы өтті. Мақсаты: көркем әдебиет оқыту арқылы білім алушылардың қызығушылықтарын ояту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын қалыптастыру және жетілдіру, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды насихаттау. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» деп насихаттайды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid035fdUVQB9Cm6rjgWufMryGBwDLQBksKakDuLwRkN1kBYr5rzAYwAH2rFNGBdywir3l</p> <p>Кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту, оқырмандарының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында кітапхана меңгерушісі Гүлмайса Асқарқызы мен мектеп президенті 8-сынып оқушысы Темірбек Бибінұрдың бастамасымен «Bookcrossing - кітап алмасу акциясы «Досына кітап сыйла» деген тақырыпта ұйымдастырылды. Акция барысында қатысушы білім алушыларға «Букросинг» жүйесі туралы мектеп президенті толық ақпарат беріп, оқырмандардың қызығушылығын оятты.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0cHQ3rt3bJ4Qf9rbpAcpRBjsDKbHd3XvZeybQ7kszB7qm1kRT1Hy2ULkvQQe3UHB1</p> <p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлтымыздың ұстазы – Ахмет Байтұрсынов» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Шараның мақсаты: алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы,</p>		
--	--	---	--	--

		<p>қоғам қайраткері, ақын, әдебиеттанушы, лингвист, аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынов туралы кеңінен таныстыру. Өмір және еңбек жолын әңгімелеу, үлгі болар өнегесін жас ұрпаққа паш ету. Пән мұғалімдері ақынның өмір белестеріне, қоғамдық қызметтеріне, қазақ әліпбиінің шығу тарихына тоқталып, өз ойларымен бөлісті. Ақынның өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0dkTvDH6qkour9ROEWTVP7jJ4Qs9HPvZxhFUm9StVRYtpqyS42Zfrnmfjd2U26z7bl</p> <p>Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл білімінің атасы - Ахмет» атты мерекелік әдеби кеш өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілін ояту. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу. Әдеби кеште Ахмет Байтұрсынұлының өмірінен көрініс көрсетіліп, ақынның өлеңдерінен үзінділер оқылды. Іс-шара тілдер мерекесіне арналған жыр шумақтармен қорытындыланды. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0cYa1nLRykXatgkNhRkaEi3qgMaZ5edJMzEqLu1ZeQE827uBNYqaNWC4h7hoDku3l</p> <p>Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Ахмет- қазақ халқының рухани көсемі» тақырыбында мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты: халықтың жүрегінен орын алған қоғам қайраткері, ғалым, ақын, аудармашы, ұлы ұстаз, бүкіл қазақ халқы бас иер асыл тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы баға жетпес орнын паш ету, білім алушылар арасында ақынның мол мұрасын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуға үйрету болды. Жыл керуені жылжыған сайын Ахмет Байтұрсынұлының артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0G2WQo6iy9tZd6pwB4ba6aCYr5wKRp8tPcNNwrkaTJowNpV2yCypiSu7JXdF3iSvZl</p> <p>«Үшқыр ой» дебат клубының атқарған жұмыстары</p> <p>«Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Қазіргі таңда мектепшілік дебат технологиясын дамыту – өзекті мәселе. Осы орайда 2022 жылдың 23 қыркүйек күні мектеп жанынан құрылған «Үшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен «Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс мақсаты: білім алушылардың жан-жақты дамуы мен</p>		
--	--	--	--	--

	<p>олардың азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамда дұрыс саяси бағдарларын қалыптастыру, сонымен қатар дебат қозғалысына жаңадан келген 7 - 8 сынып оқушыларына дебат құрылымын түсіндіру. Шара барысында «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубына жаңадан қабылданған білім алушыларға дебат жаңа мүмкіндіктерге жол ашатындығы, ортасы өзгеріп, достары көбейетіндігі, сөйлеу мәдениеті қалыптасып, ойды тиянақты жеткізуге дағдыланатыны, кез - келген тақырыпта ойын еркін, нақты жеткізе алатыны, үнемі ізденісте болатыны, айтылған қарсы пікірге қарамастан, ойының дұрыстығын дәлелдейтіні түсіндірілді. Америкалық Парламенттік форматында (АПФ) ойнатылған пікірсайыс барысында</p> <ul style="list-style-type: none">- Б.П. Бес күндік білім беру жүйесі нәтиже береді деп есептейді;- Б.П. Мектеп оқушылары үшін "Үш тұғырлы" тіл саясаты тиімді деп есептейді;- деген тақырыптарды талқылап, өз көзқарастарын ортаға салды. <p>Нәтижесінде:</p> <p>1 орынмен «Уикипедия» фракциясы 2 орынмен «Кираасутанзу» фракциясы марапатталып қорытындыланды. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0DjVYatwBH2kkaBm1nLwMG5AC8miaAggfosnHZotrSC1VNnTG7XWjuGNExRMtQeZl</p> <p>Қызылорда облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақстан – бақытты балалар мекені» тақырыбындағы дебат турнирінің облыстық кезеңінде мектебіміздің «Ұшқыр» фракциясы, -сынып оқушысы Темірбек Бибінұр, 1-сынып оқушысы Сейтбек Бибі Зорынмен марапатталды. Жетекшісі: Гүлмайса Асқарқызы</p> <p>Осындай өткір тілді, ұшқыр ойлы пікірсайысшыларға алдағы уақытта да көптеген жетістіктерге жетулеріне шын көңілден тілейміз!</p> <p>Бәсекеге қабілетті, саналы да білімді, дарынды ұрпақ биіктен самғасын. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid025cgnQjjVohYbVrB1ESNb17DU2g2ykRBTWJ52DNd5MZNdDCHBQXNfz8HDKDbHFZaXI</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының мүшелерімен 18 қазан күні «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг пікірсайысшылардың өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін - өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарыс-қатынасқа түсу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Тренингтің ерекшелігі оқушыларға жағымды жұмыс жасау кеңістігін ұйымдастыру мақсатында кофе – брейк түрінде өткізілді. Қонаққа</p>		
--	---	--	--

		<p>тәжірибелі пікірсайысшы Бек-Сұлтан Бағдатұлы келіп, қонақ кәде ретінде «Пікірсайыстың толық ережелерінің нұсқаулығы» кітабын табыстады. Тренинг барысында мына мәселелерге басты назар аударылды, яғни оқушыларды дебатқа дайындау барысында кездесетін кедергілерден шығу жолдары, дебатқа оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары, оқушыларға кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық мәселелерге сараптама жасай алатын тұлғаны дайындау бағыты түсіндірілді. Жалпы дебат оқушыларға ерте тұруды, үздіксіз кітап оқуды, қажетсіз дүниеден арылуды, маңызды дүниелерге назар аударуды, жаттығу жасауды, күнделікті машықтануды, ортаға мән беруді, табандылыққа баулитыны туралы айтып, қорытынды жасалды.</p> <p>Тренинг соңында қатысушылар бүгінгі өткізілген оқыту кофе – брейг (тренинг) бойынша өз пікірлерін ортаға салды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0GXZUfexiyb1BpD5YYCiodZMX6bDxMcdHtnGHinaZNMUEmLm3cJPbaNedjvcZAxRJ</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен «Тіл жанашыры - жастар» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өткізілді. Мақсаты: білім алушыларға қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, көркемсөзді келістіре айту – кез келген жанның бойынан табыла бермейтін қасиет екенін түсіндіру.</p> <p>Қатысушылар төмендегі қарарлар бойынша пікір алмасты.</p> <ul style="list-style-type: none">-БП: Қазақ тілінің дәрежесі төмендеуде деп есептейді.-БП: Мектеп оқушылары үшін үш тұғырлы тіл саясаты тиімді деп есептейді.-БП: Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге механизм ұсынады.-БП: Жастар мәдениетін көтерудің үздік механизмін ұсынады. <p>Нәтижесінде:</p> <p>«Пентхаус» фракциясы Зорын «Реверанс» фракциясы Зорынмен марапатталды.</p> <p>Адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі-қолбасшылық, екіншісі-шешендік» - деп ұлы шешен-ділмар М.Т. Цицерон айтып кеткендей, жеке пікірдің қалыптасып, жеткізе білудің өзі – үлкен өнер.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0Fmf8nBZKmuiwRULVqqmoY7TXFebsM7ffeqsH7JRkqhmPssDKoXjjJ4SZJ5n7PN9XI</p> <p>Қызылорда облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақстан – бақытты балалар мекені» тақырыбындағы дебат турнирінің облыстық кезеңінде мектебіміздің «Ұшқыр» фракциясы, 8-сынып оқушысы</p>		
--	--	---	--	--

Темірбек Бибінұр, 80-сынып оқушысы Сейтбек Бибі орынмен марапатталды.
Жетекшісі: Гүлмайса Асқарқызы.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0b64vvXw8doogHcJj9hxNPxM cxiGj1DNMgJqrcA2uJEgbij7i4FaDHNHiY2GsF8jl?locale=ru_RU

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Нағима Ахмадеева атындағы №112 орта мектебінің 70 жылдық мерейтойына орай қала мектептерінің 8-11 сынып оқушылары арасында «Мектеп – тарих толқынында» тақырыбында өткен аймақтық пікірсайыс турнирінде мектебіміздің 8- сынып оқушылары Бекенбай Қарақат, Елшибаева Нұрай «The strongest» фракциясы орын иеленді. Жетекшісі: Г.Асқарова Жас пікірсайысшылар – болашақ көшбасшылар. Даму жолында аянбай, тер төгуге әрдайым дайын болыңыздар Жыл көлемінде өткізілетін турнирлерге сәттілік тілейміз.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02KZ4TN7vPSKbxfP1XwqE G5kxiuZ5YhZh9AH77yTL4sa5qiBNhQjLDcxQx8Xos2dTl?locale=ru_RU

2023 жылдың 12 қаңтар күні №267 орта мектебінде “Ұшқыр ой алаңы” дебат клубының мүшелерімен жоспарға сәйкес “Ғылымның дамуы; Бағымыз ба? Сорымыз ба?” тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс оқушыларды жан - жағына сын көзбен қарап, орын алып жатқан құбылыстарға өзіндік баға беруге, айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынас орнатып, жалпы қоғам өміріне белсенді араласуға тарту мақсатында ұйымдастырылды. Тартысқа толы додаға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Сырлы қалам» шығармашылық клубының жетекшісі Бексұлтан Бағдатұлы және «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының жетекшісі Асқарқызы Гүлмайса төрешілік жасады. Пікірсайыс Америкалық Парламенттік форматында (АПФ) ойнатылды.

Нәтижесінде: «Ұшқыр» фракциясы 1 орынды, «The strongest» 2 орынды иеленді. Біріншіден, пікірсайыс ойнаған адамның білімі мол болары анық, себебі бір қарардың айналасында қаншама ақпарат ізденеді. Екіншіден, өзінің сөзіне, жалпы өз-өзіне деген сенімділік. Кез-келген орта мен жағдайда қысылмай, өз ойын айтуға үйретеді. Үшіншіден, біржақты ғана емес екі тұрғыдан ойлап, кез-келген нәрсенің пайда - зиянын көре білу. Төртіншіден, әрине ол – жақсы орта. Уақытты босқа өткізбей, жаңа зиялы достар табу, өзіндік араласар ортаның болуы. Бесіншіден, жарқын болашақ.

Жалпы айта берсек пікірсайыстың тұлғаға, қоғамның мүшесіне берері көп.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0FzKuBh7BTp79iQ6FG8a2oZd>

[XZszUbDV3Ke27fuGitRPzfe6j5NFT4YFQXP4KQ5C11](https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0hxSe1T1xmi1aBKDyzRQguSukpbP8bpyzKWqrApuagxbLEHA8vm6p7Jy2fwf43A1)

Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ» тақырыбында өткен аймақтық пікірсайыс турнирінде «Үздік төреші» номинациясымен мектебіміздің «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының жетекшісі Асқарова Гүлмайса Асқарқызы марапатталды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0hxSe1T1xmi1aBKDyzRQguSukpbP8bpyzKWqrApuagxbLEHA8vm6p7Jy2fwf43A1>

Қызылорда облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен оқушылар арасында өткен облыстық Ұлттық пікірсайыс турнирінің аймақтық кезеңіне мектебіміздің «Ұшқыр» фракциясы, 8 - сынып оқушысы Темірбек Бибінұр, 10 - сынып оқушысы Сейітбек Бибі орын иеленіп, қалалық турнирге жолдама алды. 10 - сынып оқушы Сейітбек Бибі «Үздік спикер» номинациясымен марапатталды. Жетекшісі: Асқарова Гүлмайса Асқарқызы Тартысты пікірсайыс турнирінде үздіктер қатарынан көрінген пікірсайысшыларымызды жүлделі орындарымен құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ER8o5F1CquUJzGEfdBqPCs7uEEb4g96TtTNbX6KV8AeNPDmrnrEUheqnYmd6Htsl>

2023 жылдың 1 ақпан күні өскелең ұрпақ санасына патриоттық сезім қалыптастырып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Жастардың бойындағы патриоттық тәрбие қай деңгейде?» тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

Кездесудің құрметті қонақтары:

1. Сайлауов Айдар Әділжанұлы - Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, «Ұстаз мәртебесі» газетінің, Республикалық «Әлімсақ» журналының жауапты хатшысы, ақын, тілші;
2. Жамбыл Бақытәлі - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дарынды студенті, жас журналист;
3. Бек-Сұлтан Бағдатұлы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің белсенді студенті, жас ақын, пікірсайысшы;

Танымдық сағатта жас домбырашы Б. Хамза Құрманғазының күйі «Адайды» орындаса, қобызшы оқушымыз Б. Раян Ықыластың күйі «Жез киікті» орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Мектеп президенті Т.Бибінұр «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының атқарған жұмыстары мен жеткен жетістігіне тоқталды.

Іс-шара «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының

	<p>БП. «Қазіргі қоғамдағы жастардың патриоттық көзқарасын мойындайды» тақырыбында көрсетілім ойындарымен қорытындыланды.</p> <p>Халқымыздың рухын, ұлттық санасын, қаһармандығын, даналығын айшықтайтын еліміздің жаңа тарихының қастерлі беттері деуге болады. Ендеше, жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеуде оның мән-мағынасын түсіндіруіміз керек. «Жастардың бойындағы патриоттық тәрбие қай деңгейде?» – тақырыбында танымдық сағаттың да көздеген мақсаты осы. Біз тарихқа бас иеміз. Еліміз жасасын, жастар осы жолды жалғастырсын!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid031Tstj6vUzmoswLjzG6t3ggYjXvvVT2SwakUYeX3BBCLFJG2Z5A1nY9P3cqWnBJLNI?locale=ru_RU</p> <p>Жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері арасында “ Teachers’ Debat Cup - 2023” тақырыбында өткен аймақтық Ұлттық пікірсайыс турнирінде қалалық білім бөлімі мен қалалық кәсіподақ комитетінің Алғысымен мектебіміздің “Шекер” фракциясы Қозыбағарова Мақпал, Аманқызы Айымторы марапатталды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02XAZP7yNWh78U8D5DUctMsG2jeFC5us6BfBCgje2qDHxprqKiK9bsgbMEi36w6qNRw1?locale=ru_RU</p> <p>Жалпы орта білім беру ұйымдарының 8 - 10 сынып оқушылары арасында қала әкімінің кубогі үшін “Қызылорда Debat Cup - 2023 “ тақырыбында өткен Ұлттық пікірсайыс турнирінің аймақтық кезеңінде мектебіміздің “ Ұшқыр “ фракциясы 10 - сынып оқшысы Сейтбек Бибі, 8 - сынып оқушысы Темірбек Бибінұр жүлделі орынмен марапатталып, қалалық турнирге жолдама жеңіп алды. Жетекшісі: Гүлмайса Асқарқызы Егемен еліміздің ертеңіне тіреу, іргесіне сүйеу болатын жас ұрпақты жан - жақты білімді етіп тәрбиелеп жетілдіру басты назарда болуы тиіс!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0kLhk5G9jvhq5MAN4ZDd6Tqr3NfnEgUp6y4UC61MoqJPdxmLLNmXxsV5DnDNZGS9CI?locale=ru_RU</p> <p>Жалпы орта білім беру ұйымдарының 8 - 11 сынып оқушылары арасында қала әкімінің кубогы үшін өткен “ҚЫЗЫЛОРДА DEBAT CUP - 2023” Ұлттық пікірсайыс турнирінде мектебіміздің “Ұшқыр” фракциясы 10 - сынып оқушысы Сейтбек Бибі, 8 - сынып оқушысы Темірбек Бибінұр жүлделі орынмен марапатталды. Жетекшісі: Гүлмайса Асқарқызы.</p> <p>Пікірталас – жастарды көшбасшылыққа баулудың бір құралы. «Адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі-қолбасшылық, екіншісі-шешендік» - деп ұлы шешен-ділмар М.Т. Цицерон айтып кеткендей, жеке пікірдің қалыптасып, жеткізе білудің өзі – үлкен өнер.</p>		
--	--	--	--

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02otLvzRn6moFcNo6oH3oAP8wtSBjm9qRFYtJbCHq5qiC3JBbYK1Pybecfdhgs2L9xl>

«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен «Отбасы құндылықтары – қуат көзі» тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді. Пікірсайыстың мақсаты – оқушыларды жан жағынан сын көзбен қарап, орын алып жатқан құбылыстарға өзіндік баға беруге, отбасы және айналасындағы адамдармен, еркін қарым - қатынас орнатып, жалпы қоғам өміріне белсенді араласуға тарту. Қатысушылар төмендегі қарар бойынша пікір алмасты. БП: Ата – ана өз мүддесін баласының мүддесінен жоғары қою керек деп есептейді. Пікірсайысқа «EAGLS» фракциясы, «ABAI BOL» фракциясы» фракциялары қатыстырылды. Нәтижесінде ««ABAI BOL»» фракциясы жеңіске жетті.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid021Ad6qqJ44raBx3mur85463pb3bnh97PpjA3GcrQ6oND8PnAJ4uJ5vRvmPdzhazQ2l>

Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойына арналған «Абай мен Шәкәрімнің рухани үндестігі» тақырыбындағы пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыстың мақсаты белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу. Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып-толғануға көмектесу. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Өз көзқарасын айтуға машықтандыру. Оқушының қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру.

Америкалық Парламенттік форматында (АПФ) ойнатылған пікірсайыс барысында

Б.П. Кітап оқудың өзектілігі төмен деп есептейді.

Б.П. Мектеп оқушылары үшін "Үш тұғырлы" тіл саясаты тиімді деп есептейді - деген тақырыптарды талқылап, өз көзқарастарын ортаға салды.

Нәтижесінде: орын «TWIX» фракциясы орын «Queckers» фракциясы, орын «Білім» фракциясы марапатталып қорытындыланды.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02SynTiCxR5yQ5sWXLJt8sb68FqC7E9R92JGZ4UmdSaFBF917t8qxTPYchQefb56rql>

Жалпы орта білім беру ұйымдарының арасында облыстық Ұлттық пікірсайыс турнирінің қалалық кезеңінде ІІІ орын иеленгені үшін мектебіміздің 10 сынып оқушысы Сейітбек Бибі, 8 сынып оқушысы Темірбек Бибінұр марапатталды. Жетекшісі: Асқарова Гүлмайса

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid026skMWKeitBDV8o5v5RPwSYYDTrJz7B1V8Z4VeRGTHXZgqta3Ps4vKp4srRkxeP26l>

«Ата – ана қадірін түсінеміз бе?» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өтті. Пікірсайыс оқушылардың бойында ата-анаға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананың бала өміріндегі рөлін түсіндіру, ата-ананы құрметтей, сыйлай білуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Қатысушылар төмендегі қарар бойынша пікір алмасты.

БП: Tiger – parenting – ті (ата-аналар өз балаларын қатал тәрбиелеу керек) қолдайды. Пікірсайысқа «Жасыл адам», «Стикер» фракциялары қатыстырылды. Нәтижесінде «Жасыл адам» фракциясы жеңіске жетті.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02hGabpFe4V4wo3SraP11Sx9DeRvGRqYTYUesoVgazmfSV395PkrC6rBsnP8geSzx4l>

Өскелең ұрпақ санасына патриоттық сезім қалыптастырып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Жастардың бойындағы патриоттық тәрбие қай деңгейде?» тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

Кездесудің құрметті қонақтары: Сайлауов Айдар Әділжанұлы - Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, «Ұстаз мәртебесі» газетінің, Республикалық «Әлімсақ» журналының жауапты хатшысы, ақын, тілші; Жамбыл Бақытәлі - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дарынды студенті, жас журналист; Бек-Сұлтан Бағдатұлы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің белсенді студенті, жас ақын, пікірсайысшы;

Танымдық сағатта жас домбырашы Б. Хамза Құрманғазының күйі «Адайды» орындаса, қобызшы оқушымыз Б. Раян Ықыластың күйі «Жез киікті» орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Мектеп президенті Т.Бибінұр «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының атқарған жұмыстары мен жеткен жетістігіне тоқталды. Іс-шара «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының БП. «Қазіргі қоғамдағы жастардың патриоттық көзқарасын мойындайды» тақырыбында көрсетілім ойындарымен қорытындыланды. Біз тарихқа бас иеміз. Еліміз жасасын, жастар осы жолды жалғастырсын.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0wcSBYRzf9NSdHGgEpVBeWb1QJk6cToHHxjRTWN8TLFrM3aSG1GaRSW3ujRH1xso7>

Мектептің әлеуметтік паспорты

Оқушы саны	Аз қамтылған отбасы балалары	Толық емес отбасы	Оның ішінде		Өгей әке отбасында тәрбиеленіп отырған бала	Өгей ана тәрбиеленіп отырған бала	Көп балалы	Қорғаншы, қамқоршылық тағы бала	Ата-анасының бірі ажырасқан
			Ата-анасы бірі қайтыс	Некесіз туылған					

			болған		н бала саны	саны		саны	
346	117	64	21	19	2	1	153	4	49

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі

Әлеуметтік жағдайы төмен 100 бала ыстық тамақ ішеді. Асхана талапқа сай. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 4 бабының 21 тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, 1-11 сыныптар бойынша әр түрлі санаттағы жетім, көп балалы және тұрмысы төмен отбасы балаларының тізімі нақтыланып, дәлелді құжаттары жинақталған, ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Мектеп сыныптарының әлеуметтік паспорты жасалынды.

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша жүргізілген.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі; «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар); Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар). Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз) «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. Мемлекет басшысы Қасым-

	<p>Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ. 1 сәуір, 2023 жыл.</p> <p>Кешенді жоспардың нұсқаулығы</p> <p>Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:</p> <ul style="list-style-type: none">- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. <p>«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.</p> <p>«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:</p> <p>Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді		
--	---	--	--

	<p>құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.</p> <p>1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.</p> <p>2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.</p> <p>2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.</p> <p>3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.</p> <p>4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.</p> <p>5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.</p> <p>Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.</p> <p>Ұлттық мүдде құндылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; <p>Ұлттық мәдениетті дәріптеу;</p> <p>Күтілетін нәтижесі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл 		
--	--	--	--

	<ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді <p>Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары</p> <p>Ар-ұят құндылығы:</p> <p>Академиялық адалдық қағидатын қолдау;</p> <p>Адал еңбекті құрметтеу;</p> <p>Сөзіне берік, ісіне адал болу;</p> <p>Халқына адал қызмет ету</p> <p>Әдеп нормаларын ұстану;</p> <p>Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;</p> <p>Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;</p> <p>Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</p> <p>Күтілетін нәтижесі:</p> <p>Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;</p> <p>Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;</p> <p>Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;</p> <p>Достарын, сыныптастарын сыйлайды;</p> <p>Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.</p> <p>Талап құндылығы:</p> <p>Сыни және креативті ойлау;</p> <p>Жеке және командамен жұмыс істей білу;</p> <p>Білуге, жаңаны тануға құштар болу;</p> <p>Физикалық белсенді болу;</p> <p>Салауатты өмір салтын ұстану;</p> <p>Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;</p> <p>Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;</p> <p>- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.</p> <p>Күтілетін нәтижесі:</p> <p>Жан мен тән тазалығын сақтайды;</p> <p>Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;</p>		
--	---	--	--

	<p>Қоршаған орта тазалығынсақтайды; Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; Ізденімпаз, жасампаз тұлға. Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар: 6-10 жастағы бала тәрбиесі Ұсынылысы -тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы; -қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету; -халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану; -бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану; Ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту; Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады: -тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру; -жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну; -еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;</p>		
--	--	--	--

	<p>-ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;</p> <p>-жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;</p> <p>-«Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.</p> <p>Жастар тәрбиесі (15-18 жас)</p> <p>Ұсынылады:</p> <p>-жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар- ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;</p> <p>-ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;</p> <p>-ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән береотырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;</p> <p>-адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.</p> <p>Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:</p> <p>-балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;</p> <p>-білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.</p> <p>Кешенді жоспарды іске асыруда:</p>		
--	---	--	--

	<p>Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді. Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.</p> <p>Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> -тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; -тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады; -тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады; -тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді. <p>Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> -салауатты өмір салтына ынталандыру; -сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру; -білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу; -ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар); -білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу; -аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу. <p>1 қыркүйек- Білім күні мерекесіне орай "Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт" тақырыбында мерекелік шара өткізілген.</p> <p>Елімізде Отбасы күні 2013 жылдан бастап қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып келеді. Халқымыз үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Отбасы - бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Қазақтың ардақты ақыны М.Жұмабаев былай деген екен: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл</p>		
--	---	--	--

өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс». Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Осыған орай мектебімізде «Мектеп парламенті» ұйымының мүшелері ата-аналар мен ұстаздарға таңғы көңіл күй сыйлап, мерекемен құттықтады. Ата-аналарға отбасылары мен балалары туралы қызықты сұрақтар қойып, тәттілермен қуантты. Білім алушыларға ұлттық тәрбиені насихаттау біз үшін міндет болып саналады.

<https://www.facebook.com/share/p/koPdLqkxseQCdtTA/?mibextid=xfxF2i>

"Отбасы" күніне орай ата - ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту және баланы өмірде белсенді болуға, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында 5-6 сыныптар арасында «Мен және менің отбасым» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Спорттық сайысқа 4 отбасылық команда қатысты. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп берді. Тартысты сайыс нәтижесінде, төмендегі қатысушы командалар мектеп директорының дипломы, алғыс хаты және кубокпен марапатталды. Салауатты өмір салтын қолдап, денсаулықты жанымызға серік қылған бұндай отбасылық спорттық сайыстар өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор.

<https://www.facebook.com/share/p/rBPAX1hMLaNqNZSj/?mibextid=xfxF2i>

5 қазан ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз аты – биік аты мәңгілік» мектепшілік іс-шара өтті. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуге балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Мектепшілік іс шарада ұстаздарға ән арнап, биден шашу шашылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Z6fd3ZsDBHwEgzbagH4wCL6PZpE5bRkVSN0QGvNfWRSRC93jBhw4RAmydHGx4UFml&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

Алтын күз аруы_ 2023ж

17-ші қарашада жұлдызында 5-8 сыныптар арасында «Алтын күз аруы-2023» тақырыбында арулар сайысы өткізілді. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру, оқушыларға күз сыры жайлы мағлұмат бере отырып, өз ойларын, өнерлерін ортаға салып көрсете білуін, шеберлігін, іскерлігін дамыту. Сайысқа оқушылар белсене қатысып, өз өнері мен білімдерін көрсетті. Сайыс жеңімпаздары Дипломмен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/XW8bcJtvV5siF2Pa/?mibextid=xfxF2i>

«Алаш ардақтысы-Нарком Жүргенов»

Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай эссе жазудан шеберлік сабағы өтті. Ұлт болашағы үшін жанын пида еткен Алаш қайраткерлерінің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Алаш ардақтыларының елі үшін төккен еңбегін жас ұрпақтың бойына сіңіру біздің міндетіміз!

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0grt7nG82ctCQMtRPdqwdZZLQZQmZmSMMrBDFwVsoyhXM2mfTv4bg2C7GK7rn54fbl?locale=ru_RU

Ұлт үшін туған ұлы тұлға

Жүргенов Темірбек Қараұлы Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Орта Азияға аты мәлім болған қазақ елінің өркендеп дамуына елеулі үлес қосқан, халқымыздың мақтанышы, Сыр түлегі – Темірбек Жүргеновтің туғанына биыл 125 жыл! ✨ «Атамекен» балалар ауылында нұрлы болашақ, бақытты өмір үшін күрескен қоғам қайраткері және журналист Темірбек Жүргеновтың өмірі мен қызметін таныстыру мақсатында «Қазақ даласының ұлтжанды тұлғасы-Темірбек Жүргенов» тақырыбындағы челленджін жолдаймыз.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ri3rNzVAZYkfaboqw112smk ekvNxRdQVEGEQHzyUyrF3VPAmg8vp3nAeK7iAyvvol?locale=ru_RU

Дара жол

27.10.2023 жылы мектебімізде алғаш рет «Дара жол» бағдарламасы ұйымдастырылды. Қадірлі де аса сыйлы қонағымыз ерекше мамандық иесі, өте көңілді жан №267 орта мектебінің дамуына үлкен үлесін қосып келе жатқан директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Мотышева Ляззат Серкетаевна. Бағдарлама барысында қонағымыздың балалық шағы, мектептегі қызықты өмірі, өскен ортасы, жоғарғы оқу орнындағы кезеңдері, отбасы жайлы сұхбат берді. Қызықты сұхбатта білім алушылар мектеп мүлкіне жанашырлықпен қарауға, өз орталарын таза ұстауға уәде берді. Бұл абзал ана, құрметті қызметкер Мотышева Ляззат Серкетаевнаның «Дара жолы» болатын.

<https://www.facebook.com/share/p/vtkSECKQDedNzPJn/?mibextid=xfxF2i>

Баланы тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның

бақыты — балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы. «Баланы тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс мектеп жанынан ашылған «Көркемдік –эстетикалық балалар орталығының» өнерпаздарының концерттік номерлерін тамашалаумен бастау алып, түрлі жағымды көңіл-күй қалыптастыратын қызықты тренингтермен жалғасты.

<https://www.facebook.com/share/p/UVbCphUB5hEk5p2D/?mibextid=xfxF2j>

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, талап құндылығын оқушылар бойына дарыту мақсатында 29 қаңтар күні 6 «Ә» сыныбында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға мамандық туралы мағлұмат беру, әр мамандықтың өзінің қызығы мен қиындығын түсіндіру. М. Мақатаевтың «Адам өмірінде мамандық таңдауда және өмірлік жарын таңдауда қателесуге болмайды» деген ұстанымды ескере отырып, мамандық таңдаудың жеті сатысына оқушылар тоқталды.

Болашақта қажеттілігі жоғары сұранысқа ие мамандықтар тізбесі таныстырылып, мамандықты дұрыс таңдауға кеңестер берілді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0sEQpGZCg5XWHGPRfkKXmgk5742ayZw4CLdLjCQshzA2YU19ZiYK9EF6d64mejFQq1?locale=ru_RU

«ДАРА ЖОЛ» Бағдарлама қонағы ақкөңіл, өте көңілді жан, «Тұңғыш Астана» КВН құрамасының белді де беделді мүшесі Алиби Басаров. Көңілді кеш барысында қонағымыздың балалық шағы, мектептегі қызықты өмірі, өскен ортасы, жоғарғы оқу орнындағы кезеңдері, отбасы жайлы сұхбат берді. Сұхбат барысында Алиби Басаров өмір жолындағы өз қателіктерімен бөлісіп, сұрақ-жауап арқылы кері байланыс орнатты. Әр адамның өмірде өз жолы бар, оны дара ету әркімнің өз қолында!

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02asbLzZAYyRERcGS5uMbZcz9Pfseiak6WDEHUD1JBFfez4dX81DQnjENM7akWbCuY1?locale=ru_RU

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, талап құндылығын оқушылар бойына дарыту мақсатында 29 қаңтар күні 6 «Ә» сыныбында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға мамандық туралы мағлұмат беру, әр мамандықтың өзінің

	<p>қызығы мен қиындығын түсіндіру. М. Мақатаевтың «Адам өмірінде мамандық таңдауда және өмірлік жарын таңдауда қателесуге болмайды» деген ұстанымды ескере отырып, мамандық таңдаудың жеті сатысына оқушылар тоқталды.</p> <p>Болашақта қажеттілігі жоғары сұранысқа ие мамандықтар тізбесі таныстырылып, мамандықты дұрыс таңдауға кеңестер берілді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0sEQpGZCg5XWHGPRfkKXmgk5742ayZw4CLdLjCQshzA2YU19ZiYK9EF6d64mejFQql?locale=ru_RU</p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, ар-ұят құндылығын оқушылар бойына дарыту мақсатында 9 "А" сыныбында "Отбасы- бақыт мекені" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты қорытындыланып, кері байланыс жүргізілді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02jCC7c9LdSJAmyNcDJ8zrJvf7hGBRny9NVqwtgmdzAZATontL1827caaoCsrwShFU!/?locale=ru_RU</p> <p>18 қаңтар күні бастауыш сыныптар бірлестігінің апталық жоспарына сәйкес «Халық әндері – сарқылмас қазына» тақырыбында ән байқауы өткізілді. Мақсаты: халық әнінің басқа әндерден ерекшелігін ұғындыру, оның шығу тарихынан сыр шерте отырып, оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту. Байқаудың ерекшелігі оқушылар халық әндерін анасымен бірге шырқады. Байқауға төрелік жасаған КЭБО жетекшісі К. Қауғанбаева, үйірме жетекшісі Е. Базарбаев болды.</p> <p>Сайыс нәтижесінде</p> <p>III орын 4 «А» сынып оқушысы Бөкембай Ақылбек және анасы Жалтырова Айдана</p> <p>III орын 2 «А» сынып оқушысы Қалмағанбет Інжу, анасы Баймағанбетова Айнур,</p> <p>II орын 3 «А» сынып оқушысы Абатқызы Тоқжан, анасы Асанханова Райхан,</p> <p>I орын 3 «А» сынып оқушысы Кененбайқызы Айзере, анасы Күнтуарова Ақмарал иеленді.</p> <p>3 «Ә» сынып оқушысы Нұрлыбекқызы Айқаракөз, анасы Жарылқап Айжанат «Өнерлі жұп», 3 «А» сынып оқушысы Ибрагим Жамиға, анасы Махамбетжан Айгүл «Әдемі жұп», 1 «А» сынып оқушысы Шайқара Қасиет, анасы Қожахметова Альбина «Керемет жұп» номинациясымен марапатталды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02DChCJ3vNNEr2LWTiyDhdunfVEz6gncZpMVPqsgTAysTK6tfHzLjuFRgqzYHBno6xl?locale=ru_RU</p>		
--	---	--	--

		<p>2024 жылдың 30 қаңтар күні «Әкелер кеңісі» жоспарына сәйкес 8-ші сынып оқушыларының әкелерімен «Әке асқар тау» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: отбасы тәрбиесінде әкенің балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін және бүгінгі заман талабынан шығатынын дәлелдеу. Кездесу барысында әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше екеніне көз жетіп, әке — отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, қамқоршысы екенін ұғына білді. Бүгінгі дөңгелек столде әкелер өз балаларың жақсы танитындығын көрсетіп ғана қоймай, өз өмірлерінде орын алған қызықты оқиғалармен де бөлісті. Әкелердің өсиеттері мен ақылдарын естіп өскен әрбір азаматтарымыз барыс текті елін, жерін қорғайтын намысты ұрпақ болатынына сенімдіміз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid033ibqdzRQjmPhMpWfNZxqhYnPgPLGYBZVvHiuFoLtWStqPYRcYNisnTZAce44p9Erl?locale=ru_RU</p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, ар -ұят құндылығын оқушылар бойына дарыту мақсатында 2024 жылдың 30 қаңтар күні 8 а сыныбында «Зиянды заттардан сақтан» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің жас организмге зиянды, әртүрлі жөтел, асқазан тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен екенін түсіндіру. Қоғамның ілгері дамуына кері әсерін тигізіп, жас ұрпақтың санасы мен өмірін уландыратын ауыр кеселдің бірі – маскүнемдік, араққұмарлық екенін ұғындыру.</p> <p>Білім алушылар ішімдікке, темекі тартуға, нашақорлыққа әуестенушілер осы зиянды заттардың адам өміріне, қаншалықты қауіп төндіретіні туралы мағлұмат алды. Аты жаман індетке апаратын тура жол осы маскүнемдік, нашақорлық екенін түсіндіріліп жаман әдеттен аулақ болуға, салауатты өмір салтын ұстануға кеңестер берілді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02HCSLc7U8NJPHrgzveE7v6KRjG3o1HR4P1tNQ8kNyaqnonxjrqUKf2M6zM7E7hq9I?locale=ru_RU</p> <p>Мектебімізде қаңтар айының 30 күні білім алушыларға кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, ар - ождан мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу, кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу мақсатында «Кітап – асыл қазына» тақырыбында ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағаты «Кім көп біледі?», « Білім көзі кітапта», « Өлең - сөздің патшасы» бірнеше кезеңдерден тұрады. Әр кезең бойынша оқушылар белсенділікпен тапсырмаларды</p>		
--	--	--	--	--

	<p>орындады. Кітап - заманымыздың өмірі, кәріге де, жасқа да қажет. Біз кітаппен күн сайын кездесеміз. Кітап дүниетанымды кеңейтіп рухани жан дүниені оятады.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02AEuX9Fit3SWypU7vTL4fk3HaDXJVVLzpPUoRhLmAPsvN1vfZbB3TDJz1n6rPLHu11?locale=ru_RU</p> <p>#267 орта мектеп оқушылары да өз аналарына деген құрметтерін әсем ән, жан тербетер жырларымен білдірді.</p> <p>АНА — ӨМІРДІҢ ШУАҒЫ</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0BpKJ27LQX6jmisnqi1h3axZ414HQxVDFbhCJebL3re1vQR582hUxp7R36ynBtVGEI?locale=ru_RU</p> <p>"Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Қобыланды батыр » жырын мәнерлеп оқудан оқушылар арасында мектепшілік челлендж өткізілді. Мақсаты:білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту, кітап оқуға қызығушылығын ояту, оқыған кітаптарының мазмұны мен сүйікті кейіпкерлерінің мінез-құлқы туралы өзара талқылауға негізделген қарым-қатынас жасау мәдениетін дамыту болды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02qCTqNTBv1M8VsgdTU28v2J8e6sf4RdsnROpParHLhAuwyBw3aY7pt6qanbpsi5rfl?locale=ru_RU</p> <p>Ару- Ана өмірдің асылдары, Жайнасын көңілімнің жасыл бағы. Сіздер үшін ән мен жыр шырқалуда, Сіздер үшін мереке шашулары! Шуақты көктемнің мерейлі мейрамы 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай "Адамзаттың асылы- Ана деген құдірет" тақырыбында мерекелік іс шара ұйымдастырылды. Өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі асыл аналарымызға әсем әндер, тербетілген билер, толқынысты күйлер арналып, мерекелік атмосфера қалыптасты. Ардақты аналар, құлпырған арулар. Әр күндеріңіз сұлулық пен әсемдікке, қамқорлық пен қуанышқа, шаттық пен жылулыққа толы болсын.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0b128VZPPXmWpSz4dDXz6Ni1s9u5xxzJSfUU6YDgC1vs9YCd98ZCav32pmwiPPj51?locale=ru_RU</p> <p>1. Талап құндылығы бойынша жасалған жұмыс есебі.</p> <p>Талап құндылығы:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Сыни және креативті ойлау;2. Жеке және командамен жұмыс істей білу;		
--	--	--	--

3. Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
4. Физикалық белсенді болу;
5. Салауатты өмір салтын ұстану;
6. Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
7. Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
8. Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

9. Жан мен тән тазалығын сақтайды;
10. Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
11. Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Сергіту сәті челленджі

Таңғы флешмоб

«Тоғыз айдағы 9 іс -шара» тұжырымдамасы негізінде Мектеп парламенті ұйымының спорт фракциясы Айдархан Асқар «Дене сергіту» челленджін ұйымдастырды. Таза ауада көңілді әр қызығушылықпен өткізілген таңғы бой сергіту жаттығулары оқушыларға жақсы көңіл- күй сыйлады.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid022FXUYU6k38Z1NZwVtbQeQzfUwhx796EJUmAeZEzZi2i36k4nQShYskNsR9BQSA5mKl?locale=ru_RU

«Дублер» күні

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, бұл шараның басты мақсаты - мұғалімдердің еткен еңбегі мен төккен терін ұғынатын ұрпақ қалыптастыру.

Осы мақсатта жүргізілген айтулы шарада мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін «Мектеп парламенті» мүшелері атқарды. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелген міндеттерді өз деңгейінде атқара білді. «Дублер күні» - бұл оқушылар нағыз мұғалім болып, өзін - өзі басқара алатын, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алатын қызығы мол күн болды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid07BwH85cWF1JLqpB7RqRto5Xu1GrXLTrrKJHY62wFfuTJNc8yi95MqYmZyXLWJnJgl&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

«INFOerudit» интеллектуалды сайысы

№267 орта мектептің информатика пән мұғалімі Мугалова Светлананың ұйымдастыруымен 10-11 сынып оқушылардың арасында «INFOerudit» интеллектуалды сайысы болып өтті.

	<p>Мақсаты: оқушылардың танымдық білімін тереңдетіп теориямен байланыстыра білу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мамандық таңдауға баулу.«Online плакат»,«INFO алаң», «Раундровер»,«Жас бағдарламашы» сайыстарында шәкірттердің білімі сыналды.</p> <p>«INFOerudit» интеллектуалды сайысында 2топ- Ідәрежелі, 1топ-ІІдәрежелі дипломмен марапатталды.</p> <p>https://www.facebook.com/share/p/NS4wot4ceNcMSXqE/?mibextid=xfxF2i</p> <p>5 желтоқсан «Еріктілер күніне» орай Мектеп парламентінің Қамқорлық фракциясы ерекше білімді қажет ететін үйде оқитын оқушы Құрбанов Илиястың үйне барды.Оқушылар Илияспен бірге түрлі ойындар ойнап, тапсырмалар орындап, көңілді қуыршақтармен би билеп көңілін көтерді. Шығармашылық фракциясы Хамза домбырамен күй шертіп, көңілді уақыт өткізді. Әрбір баланың тәтті қылығы, тыныш ұйқысы, алаңсыз күлкісі бәрінен маңызды.Достарының сыйлығына қуанған Илияс алғысын білдірді.</p> <p>https://www.facebook.com/share/p/qFnMBhvgvPKYfUtt/?mibextid=xfxF2i</p> <p>Оқуға құштар мектеп қысқы демалыста "Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз". "Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспарына сәйкес қысқы демалыс кезінде #267 орта мектебінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шара ұйымдастырылды.</p> <p>Мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары түсінік айтып, сыныптастарын кітап оқуға шақырды. Ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдары аясында шара өз жалғасын табуда.</p> <p>Жобаның мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастырып, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге,тіл байлығын кеңейтуге ықпал ету.</p> <p>https://www.facebook.com/share/p/jTazsTJw8e3SpvV7/?mibextid=xfxF2i</p> <p>17-қараша күні бастауыш апталығы аясында «Мақал-сөздің мәйегі» атты бастауыш сынып оқушылары арасында мақал-мәтелдер сайысы өтті. Сайыс мақсаты:мақал-мәтелдер қазақтың қысқа әрі нұсқа даналығы , өмірден түйген қорытындысы , тұрмыс айнасы екеніне көздерін жеткізу, орынды пайдалана білуге үйрету.</p> <p>Сайыс 5 кезеңнен тұрды:</p> <p>1-кезең: «Кім көп біледі?» сайысы. Қатысушыларға экраннан оқу-білім, отбасы, отан, туған жер, еңбектақырыптары шығады. Сол тақырып бойынша мақал – мәтел айтудан жарысады.</p> <p>2-кезең: «Мақал – сөздің мәйегі» сайысы.</p>		
--	---	--	--

	<p>Мақал-мәтелдің басы беріледі, қатысушылар мақалды жалғастырады.</p> <p>3 - кезең: «Кім тапқыр?» сайысы.</p> <p>Экранда мақал-мәтелдер сурет арқылы беріледі. Сол суретке байланысты мақал-мәтел тауып айтады.</p> <p>4-кезең: «Дұрыс-бұрыс!» сайысы.Берілген мақал-мәтелдерді дұрыс құрастыру.Әр дұрыс жауапқа бір асық беріледі.</p> <p>5-кезең: «Не деу керек мұндайда?» сайысы</p> <p>Экраннан әңгіме көрсетіледі. Қатысушылар оқып, әңгіменің негізгі ойын мақал арқылы айтады.</p> <p>Сайыс нәтижесінде, жүлделі</p> <p>III орынды 4 «А» сынып оқушысы Бақыт Ерасыл, II орынды 3 «А» сынып оқушысы Құрманай Абдурахман,</p> <p>I орынды 4 «Ә» сынып оқушысы Чакибаев Сайднасыр және барлық қатысушылар Алғыс хатпен марапатталды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ZWCPPhDUQ3hNLDpq8qYL VX8tQkxbuZSeawEcvupgnAexYHPracvnxSXuUnRahwbe8l?locale=ru_RU</p> <p>5 «а» сыныбында «Су - тіршілік көзі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушылар қызықты тапсырмалар орындалды, «Мақал-мәтелің жалғасын тап» топтық жұмыс, бейнежазбалар арқылы оқушылардан сұрақ-жауап алынды, білім алушылар сусыз адам баласының өмір сүруі мүмкін емес екенін түсінді.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02wbT4kv2KgTnnMGTUmeoC 9VXe89zAN5LX94gEoXvPdWqXMRStKyfBXh5diaSEbUpbl?locale=ru_RU</p> <p>9 айға тоғыз іс-шара жоспарына сәйкес математикалық және логикалық есептерді ұлттық құндылықтарымызбен байланысын көрсету мақсатында 26 - қаңтар күні “Қазақ есебі” челленджі өтілді. Іс-шарада оқушылар ежелден келе жатқан салт-дәстүріміздегі “Қасиетті сандар”, “Мүшел жас” сынды ұғымдардың тарихы, қолдану аясымен танысты.Квадрат теңдеулерді Виет теоремасы арқылы шешу, шыққан теңдеудің түбірлеріне байланысты мақал-мәтелдер айту сынды тапсырмалар оқушыларға ұсынылды.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02Q4Q7YdisM6XXa2SV5d4v8 cdUymEsxtgrofcq4iV3Kxs2m3oSQ4tybWkPYiavraT8l?locale=ru_RU</p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асыру мақсатында 22 қаңтар күні 6 «а» сынып оқушыларымен «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге</p>		
--	--	--	--

		<p>тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушылармен қызықты тапсырмалар орындалды «Тимбилдинг ойыны арқылы мақал құрастыру», «Суретті әңгіме», «Мақал-мәтел сайысы», «Әкемнің ақылы», «Жақсы сөз жан азығы» кезеңдік тапсырмалар орындалды.Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ар ұят құндылығымен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid037391XJ25TFAW8DSjQZfESSjm2YyDcgoW6juwuhfKRmJgjS4Hw5yu53P4jmgqpm7RI?locale=ru_RU</p> <p>6 ақпан күні «XXI ғасыр- нақты ғылымдар ғасыры» атты математика, физика және информатика апталығының 3-4 сыныптар арасында «INFO DARYN» атты интеллектуалды сайыс өтті. Сайысқа 5 жұптан құралған 10 білім алушы қатысты. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.</p> <p>Сайыс қорытындысы бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none">-орын:IT бағдарламашылар-орын: IT алғырлар-орын: IT білгірлер <p>Алғыс хатпен SMART дарындылар және IT тапқырлар иеленді.</p> <p>Сайысымыздың жеңімпаздары диплом және сыйлықпен марапатталды.Ұрпағымыз білімді, келешегіміз кемелді болсын!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0DS8MrCeozFBAYEqabhGwzCg9pkRVcZAS3tYsHySrsVeYwxqCnZUhhE6zFxGEfMtpl?locale=ru_RU</p> <p>Тазалық-саулық негізі, Саулық-байлық негізі!</p> <p>22 ақпан 3а сыныбында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру аясында талап құндылығы бойынша салауатты өмір салтын ұстану мақсатында «Тазалық-денсаулық кепілі» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшырататынын, жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру.</p> <p>Тәрбиелік іс-шара барысында сынып оқушылары 1- топ «Тазалық» -қызыл түс</p>		
--	--	--	--	--

	<p>2- топ «Спорт»-жасыл түс 3-топ «Дәрумендер»-сары түс болып топқа бөлінді.</p> <p>Сабақ барысында білім алушылар мақсатқа сәйкес «Галерея» әдісі арқылы топтық тапсырма орындаса, «Миллион кімге бұйырады?» айдары арқылы сұрақтарға қызыға жауап берді. «Кірқоймас» туралы фильм тамашалап, тазалық ережелерін құрастырды.</p> <p>Сайыс түрінде өткізілген іс-шара оқушылар соңында «Топ-топ балақай» әнін хормен орындап, «Достық» флешмоб биімен көңілді аяқтады .</p> <p>Ашық тәрбие сағаты білім алушыларды салауатты өмір сүруге баулуға маңызы зор!</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02GJzwJezH72YXrGak5nZyv6ZZFoHHKptRb8nXpxoCcT6inbJRpo3yLmRKQ7k9iMdE1?locale=ru_RU</p> <p>20 наурыз-"Ұлттық спорт күні"</p> <p>Қазақтың ұлттық спорты – рух пен намысты қайрап, бойдағы қуатты шыңдауға өз септігін тигізеді. Ұлттық спортпен шұғылданатын спортшылардың бітім-болмысының өзгеден бөлектеніп тұратыны да осыдан болса керек.</p> <p>Мектебімізде ұлттық спорт күніне орай асық ату, тоғызқұмалақ, бес асық, қазақша күрес, арқан тартыс секілді ұлттық спорт түрлерінен ойындар ұйымдастырылды. Ұлттық спортты ұлықтауға арналған бұл күн ұстаздар мен оқушылар арасында мереке салтанатын ерекше сезінуге септігін тигізді. Құндылықтарымызды дәріптеп, оны жеткізу біздің борышымыз.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0HH8mY3pbibVgn6AuXcpuSu8U3dqqfoT8a2BhRJ1MYwDtp1N7VK8XjeysLLUhLKTl1?locale=ru_RU</p> <p>"9 айға тоғыз іс - шара" жобасы аясында «Шахмат ойнау» челленджі өткізілді. Шахмат – көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады. Шахмат – жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар. Міндеттері: білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру; білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту; челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту; еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен</p>		
--	--	--	--

		<p>насихаттау.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0juoVvanvaUkr7RiSYm1AWP_V1gatxKqWqF2bGB8rCQ2xu5spCU8j3SUXkqkv4VkuFl?locale=ru_RU</p> <p>" Таза қазақстан - таза аймақ" акциясы жалғасын табуда.</p> <p>" Таза Қазақстан-таза аймақ" республикалық экологиялық акциясы аясында елді мекендегі көшелерге, ауыл шетіндегі жерледі ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлері болып, көркейту-көгалдандыру, тазалық жұмыстарын жүргізді. «Бір тал кессең, он тал ек» шарасына белсенді ат салысуда. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау-әрбіріміздің міндетіміз.«Таза көше, таза аула» әрбір тұрғындардың мақтанышы.</p> <p>https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0Jr7Ar79xtW2CoxtqhXyzsUfK_UtUzZrKi5SkjKFAqLXX43GQas5MDAH9PwQiMMzdfi?locale=ru_RU</p> <p>2023-2024 оқу жылына арналған «Мектеп парламенті» жобасының жұмыстары</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мектебізде Мектеп парламенті құрылды. Мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.</p> <p>Мақсаты: Білім алушының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, жауапкершілік дағдыларын дамыту, шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, азаматтарды тәрбиелеу.</p> <p>Мектеп парламенті –мектептің алға қойған мақасат -міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының президенті 8 «ә» сынып оқушысы Темірбек Бибінұр. Қазіргі таңда мектеп парламенті құрлымы 8 фракция бойынша жұмыс жасайды.</p> <p>Мектеп президенті- Темірбек Бибінұр</p> <ol style="list-style-type: none">1. Құқық және тәртіп фракциясы- Кенжеғұл Ерназ2. Ақпарат фракциясы- Нәлтәй Асылжан3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- Айдархан Асқар4. Өзін өзі тану және бақыт фракциясы- Амангелдіқызы Ақнұр5. Қамқорлық фракциясы- Ақылқызы Нұрай		
--	--	--	--	--

6. Мәдениет және өнер фракциясы-Жалғасбай Айзере
7. Экология және еңбек фракциясы-Марат Мейрамбек
8. Дебат қозғалысының фракциясы-Елшібаева Нұрай

Отбасы - бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Қазақтың ардақты ақыны М.Жұмабаев былай деген екен: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс». Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Осыған орай мектебімізде «Мектеп парламенті» ұйымының мүшелері ата-аналар мен ұстаздарға таңғы көңіл күй сыйлап, мерекемен құттықтады. Ата-аналарға отбасылары мен балалары туралы қызықты сұрақтар қойып, тәттілермен қуантты. Білім алушыларға ұлттық тәрбиені насихаттау біз үшін міндет болып саналады.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02de8biUdFg6VP1iShmx2RQwSXxYzBMsUmMC2Fiu1COGCnf7rSq49DpyHBRxaHnjVHl>

«Еріктілер күніне» орай Мектеп парламентінің Қамқорлық фракциясы ерекше білімді қажет ететін үйде оқитын оқушы Құрбанов Илиястың үйіне барды. Оқушылар Илияспен бірге түрлі ойындар ойнап, тапсырмалар орындап, көңілді қуыршақтармен би билеп көңілін көтерді. Шығармашылық фракциясы Хамза домбырамен күй шертіп, көңілді уақыт өткізді. Әрбір баланың тәтті қылығы, тыныш ұйқысы, алаңсыз күлкісі бәрінен маңызды. <https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid09aF1K9QibPLiquupFoBxVFXt4xnYAnaYUoCjQotDmkYbxcDve5VTBMg7iVnKwjQDI>

«Қамқорлық» фракциясы қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. Мақсаты: жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық қасиеттерді дарыту. Бүгінгі қайырымдылық шара барысында білім алушылар кіші қызметкерлерге қол көмектерін бере отырып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Қайырымдылық – қоғамның имани келбеті, адамның асыл қасиеттерінің бірі. Жақсылық жасау үшін адам бойында адамшылық, жанашырлық, мейірімділік сезімдері мен жылы жүрегі болуы керек.

<https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0ifcMYGWtXczU6imQ3WHJD XfQytYW6TBXbMhaGxhu8hHLMYWJmJDXgfwHUnvC4bBml>

"Отбасы" күніне орай ата - ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту және баланы өмірде белсенді болуға, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында 5-6 сыныптар арасында «Мен және менің отбасым» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп

	<p>Мақсаты: Оқушы бойындағы депрессия деңгейін анықтау;</p> <p>Қатысқан оқушы саны:86</p> <p>Ұсыныстар:</p> <p>Сынып оқушылары арасында жағымды эмоциялық кеңістік орнату мақсатында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізу;</p> <p>Жеңіл депрессиядағы оқушылармен сұхбат жүргізу, кеңес беру</p> <p>Сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар анықталып, олардың пән мұғалімдерімен кеңес беру жұмыстары жүргізілді.</p> <p>2022-2023 оқу жылына кәмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау және суицидалды мінез-құлықтың алдын-алу және әрбір жағдайды жеке-жеке зерделеу жұмыстарын жүргізу мақсатында психологиялық қызмет тобы құрылды.</p> <p>Әлеуметтік қолайсыз отбасында тәрбиеленуші балалары бар отбасылар туралы мәліметтер жинақталып, мектеп директоры, директордың орынбасары және сынып жетекшілерімен қоса оқушылардың үй жағдайы зерттеліп,тұрмыстық-материалдық акт толтырылды.</p> <p>Интеллектуалды қабілет деңгейін диагностикалау әдістемесінің қорытындысы</p> <p>Күні: 2022ж,ақпан</p> <p>Сауалнамаға қатысушы сынып: 9,11 сыныптар</p> <p>Қатысқандар саны: 72</p> <p>Әдістеменің тақырыбы: Интеллектуалдық абілет деңгейін диагностикалау (Г.Резапкина)</p> <p>Мақсаты: Мектептегі қобалжу деңгейін анықтау</p> <p>Нәтижесі:</p> <p>Нәтижелерді өңдеу. Бес бағана бойынша әрқайсысындағы «+» санын қосып алынған санды жауап парағының төменгі бос торкөзіне жазу керек. Әр бағана ойлаудың белгілі бір типіне сәйкес келеді. Әр бағана бойынша ұпайлар саны осы ойлау типінің даму деңгейін көрсетеді.(0-2 төменгі, 3-5 орташа, 6-8 жоғары)</p> <p>1.Заттық-әрекеттік ойлау ақпаратты қозғалыс үстінде игеретін адамдарға тән. Әдетте олар жақсы үйлесімді қимылды меңгерген. Бізді қоршаған заттық әлем осы адамдардың қолынан шыққан. Олар көлік жүргізіп, станоктармен жұмыс жасайды. Компьютерлерді жинайды. Олардың көмегінсіз ең жарқын да озат идеялар жүзеге аспаған болар еді. Ойлаудың бұл түрі спортшыларда, бишілерде, әртістерде жақсы дамыған.</p>		
--	--	--	--

	<p>2.Абстрактілі-символикалық ойлау көптеген ғалымдарға тән – физик, теоретиктер, математикалық, экономисттер, прогноммисттер, аналитикалық. Олар қолмен ұстауға және көруге болмайтын математикалық кодтар, формулалар мен амалдардың көмегімен ақпараттарды игереді. Осындай ойлаудың арқасында болжамдарға негіздей отырып ғылымның барлық салаларында жаңалықтар ашылған болатын.</p> <p>3.Сөздік-логикалық ойлау вербалды интеллектісі айқын көрінетін адамдарға тән. Сөздік-логикалық ойлаудың арқасында ғалымдар, оқытушылар, аудармашылар, жазушылар, тіл мамандары, журналистер өз ойларын тұжырымдап, оларды адамдарға жеткізе алады. Мұндай білік жетекшілерге, саясаткерлерге және қоғам қайраткерлеріне де қажет.</p> <p>4.Көрнекі-бейнелік ойлау болғанды, болашақта болатынды және болмағанды, ешқашан болмайтынды елестете алатын – суретшілерге, ақындарға, жазушыларға, режиссерлерге, көркемдік ақыл бітісті адамдарға тән. Архитектор, конструктор, дизайнер, суретші, режиссер көрнекі-бейнелік ойлауы жақсы дамуы тиіс.</p> <p>5.Креативтілік – бұл шығармашылық ойлау, міндеттердің қалыпты емес шешімдерін табу қабілеті. Бұл іс-әрекеттік түрлі салаларында талантты адамдарды ерекшелеп тұратын өте сирек кездесетін және алмастыруға келмейтін қасиет.</p> <p>«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасына сәйкес оқушылардан сауалнама алу барысы</p> <p>Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында«Менің сыныптас досым» психологиялық бейімдеу сабағы өтті.</p> <p>2022 жылдың қараша айында педагогикалық-психологиялық қызметтің диагностикалау бағыты бойынша қараша айында 9-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті ойдың бар-жоғын анықтау мақсатында «НСВ-10 тесті»,депрессияны анықтау мақсатында «Зунг депрессияны анықтау шкаласы» және психикалық күйін және темперамент типтерін анықтау мақсатында «Г.Айзенктің темпераментті анықтау» тесттері алынды.</p> <p>Оқушылардың өз еркімен аяқтап жазған сөйлемдер мысалдарынан аутодеструктивті ойдың бар-жоқтығын анықтау үшін алынған «НСВ-10» тестінің нәтижелеріталданды. Суицидалды пікірлерді қайта тексеру кезінде,</p>		
--	--	--	--

		<p>барлық оқушыларда анықталған жауаптардың аутодеструктивті ойларғасәйкес келмейтіндігі анықталды және суицидалды мінез-құлық байқалмады.</p> <p>«Айзенк» қорытындысының диаграммалық көрсеткіші</p> <p>9-11 сынып оқушыларынан темперамент типін анықтау үшін алынған «Айзенк» тестіне барлығы 15 оқушы қамтылды. Темперамент типтері бойынша мінез-құлықтарында өзгерістері бар оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.</p> <p>2022 жылдың 15 - қарашасында «Тағдыр сақшылары» тақырыбында педагогтарды оқыту семинары өтті.Семинар барысында: «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша мектеп ұжымын ақпараттандыру мен оқыту жүргізілді.Мектеп педагог-психологы Ә.Ділдабекова, бағдарламаның енгізілуі жөнінде Білім және Ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Қызылорда облыстық білім басқармасының бұйрығымен таныстырды. Мұғалімдерге психикалық денсаулық туралы мағұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірді. Бағдарлама бойынша мектеп ұжымының алатын орны ерекше екеніне көз жеткізді.Оқыту семинары соңында мұғалімдер мен қызметкерлерге үнпарақтар таратылып, сенім телефондарының байланыс телефондары берілді. Оқыту семинарларына 17 вахтер қатысты, оның ішінде 13 мұғалім, 4 кіші қызметкерлер. Сондай-ақ, жоғарыда аталған «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы аясында, «Тағдыр сақшылары» тақырыбында ата-аналарды ақпараттандыру мен оқыту дәрісі жүргізілді.</p> <p>Дәріс мақсаты – жасөспірімдердің өмірлік дағдылары мен психикалық денсаулықтарын нығайту, суицидалды мінез-құлықтың алдын алу, қажет уақытында «Өмір сақшысы» ретінде көмек беру, мамандарға жолдау.</p> <p>Дәріс барысында ата-аналарғапсихикалық денсаулық туралы мағұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірілді. Бағдарлама аясында өткізілетін жұмыс түрлерімен таныстырылып,ата-аналардан жобаға қатысуға келісім парағы жинақталды. Келісім бермеген ата-аналар жоқ. Әр жиналысқа хаттама жасалынып, мектеп басшысының мөрімен бекітілді.</p> <p>Мектебімізде 04-14.04.2023 ж «Қауіпсіз интернет»тақырыбында апталық науқан жүргізілді.</p>		
--	--	--	--	--

		<p>Мақсаты: оқушылардың ақпараттық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру, интернеттің адам өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Іс-шара барысында 7-8 сынып оқушылары арасында «Интернет менің өмірім» атты эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. 5-6 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз ғаламтор еліне саяхат» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. «Желідегі қарым-қатынас этикасы» тақырыбында информатика пәні мұғалімі-Ә.Анесова 6-сынып оқушыларына пікір сайыс өткізді. Апта соңында мектеп психологы «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, жаднамалар таратты.</p> <p>2023–2024 оқу жылында жүргізілген психологиялық қызмет</p> <p>I. Диагностикалық бағыт бойынша</p> <p>Педагогикалық жұмыс істеу қағидасы туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім» туралы Заңына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022 жылғы «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығына (29.06.2023ж. №186 өзг.) және Облыстық білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-нің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 12.09.2022 жылғы №104-нқ бұйрығы негізінде бұйрықтар, жылдық жоспар, сауалнама кестесі, оқушыларға арналған дәріс кестелері құрылып, мектеп директоры мөрімен бекітілді;</p> <p>Ерекше білімді қажет ететін 12 оқушы (оның ішінде үйден оқитын 1 оқушы) құжаттары жинақталып, Облыстық медициналық-психологиялық-педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес мектепшілік бұйрық шығарылды;</p> <p>1-11 сынып оқушыларының әлеуметтік-психологиялық картасы арналып, әр оқушыға жеке толтырылды, мектептегі оқушылардың әлеуметтік деректер базасы (электронды) құрылды;</p> <p>Қыркүйек айында 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі алынып, қорытынды шығарылды.</p> <p>Қазан-наурыз айларында жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау мақсатында НCB-10 тесті /5-6 сынып/, DASS шкаласы /7-11 сынып/ оқушыларына жүргізіліп, қорытындысы шығарылды. Қорытынды бойынша 0 оқушы.</p>		
--	--	--	--	--



Қараша айында оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары бойынша «Өзінді мақта» /5 сынып/, «Менің армандарым» /6 сынып/, «Менің өмірім» /7 сынып/, «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/, «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/, «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/, «Болашаққа хат» /11 сынып/ әр сыныптан эссе жұмысы жүргізілді. Эссе қорытындысы шығарылды, оқушылардың психологиялық саулығы қалыптасты.

Желтоқсан айында бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) мақсатында 2-4 сынып оқушыларына тест алынды. Оқушылар өз деңгейлеріне сәкес жауап берді.

Қаңтар айында 1 сынып оқушыларының темперамент типін анықтау жұмысы жүргізілді. 9,11 сыныптарға арналған кәсіби бағдарға байланысты сауалнама қойылды, анықтамасы жазылды.

II. Түзету-дамыту бағыты бойынша

Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық тренингтер өткізілді: қыркүйек айында «Сәлеметсіңбе Мектеп!» тренингі, қазан айында «Мейірімділік» тренингі, қараша айында «Тыныштық» тренингі, желтоқсан айында «Біз біргеміз» тренингі өткізілді, қорытынды анықтама шығарылды.

Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақтар өткізілді: қыркүйек айы бойынша «Бесінші сынып дегеніміз не?», қазан айында «Орта мектептегі жаңа оқушы», қараша айында «Біздің мұғалімдеріміз», желтоқсан айында «Біз және біздің сынып» тренингтері өткізілді.

Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақтар: қыркүйек айында «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?», қазан айында жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі «ҰБТ және мотивация» тренингі, қараша айында «Сенімділік кілті.

Сенімділікті қалай арттыруға болады?» тренингі, желтоқсан айында «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» тренингі өткізілді, қорытынды анықтама жазылды.

Қазан айында 6-сынып оқушыларына «Пікірталас - жанжал емес» тренингі, 4-сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» тренингтері өткізілді. Қараша айында «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» 3-сынып оқушыларына өткізілді. Желтоқсан айында «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» 10-сынып оқушыларына, «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тренингі 8-9 сынып оқушыларына өткізілді. Қаңтар айында 6-сынып оқушыларынан «Реніштен арылу» тренингі, 8-сынып оқушыларына «Ой, сезім, мінез-құлық» тренингі, «Өтініш және менің оған қарым-қатынасым» тренингі 7-сыныптарға өткізілді.



III.Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша

Қыркүйек айында сынып жетекшілерді ақпарттандыру мақсатында «Балалар үшін бірігейік» ағарту жұмысы жүргізілді.

2023 жылдың қыркүйек айында «Сенімен Болашақ» қорының үйлестірушісі Баянова Жұмагүл «Балалардың репродуктивті тәрбиесін ерте жастан қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Репродуктивті тәрбие, яғни жыныстық тәрбие жайлы толық түсіндерді. Жас және жыныс ерекшеліктеріне қарай қарым-қатыс жасап, алдын ала баламен сөйлесу керектігін түсіндірілді. Бөтен адамдармен қарым-қатынас жасаудың ережесін айтты. Сөз соңында балаларымыздың болашағы өз қолымызда екендігі, әрқашан балаларымызбен тығыз қарым-қатынаста болу керектігі айтылды. Ата-аналар «Сенімен Болашақ» қорының үйлестірушісі Баянова Жұмагүлмен байланыс жасап, өз мәселелері бойынша хабарласып тұратындығын айтты.

2023 жылдың қараша айында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 7

		<p>сынып қыз балаларымен СӨСҚ маманы Б.Қарымсақова кездесу өткізді. Халқымыздың қыз бала тәрбиесіне қатты көңіл бөлетінін түсіндіре отырып, оларды инабаттылыққа, имандылыққа, кішіпейілділікке тәрбиеленуі керек екені айтылды. Еліміздің ертеңі осы асыл аналарымыз бен қарындастарымыздың қолында екенін мамандар түсіндіріп өтті. Демек, бүгінгі қыздардың қолында бүкіл бір ұлттың тағдыры мен болашағы тұр. Кездесу соңында мамандар қыз балаларға тренингтер жүргізіп, жарқын өмір салтын ұстануға шақырды.</p> <p>2023 жылдың қараша айында қазіргі таңда балалар арасында «қызылша» ауруының белең алуына байланысты №6 қалалық емхана маманы Сыздықова Бибігүлмен бірлесіп, 5-7 сынып оқушыларына «Қызылша және оның алдын алу» тақырыбында кеңес жүргізілді. Мақсаты: Жұқпалы аурулардың белгілерімен таныстыру, берілу жолдарын, сақтану шараларын терең ұғындыру. Түсіндірме жұмыстары барысында аталмыш аурудың алғашқы белгілері және оның зардабы туралы айтылды. Қызылшаға қарсы екпе алу керектігі түсіндірілді.</p> <p>Қаңтар айында 8-10 сынып оқушыларына «Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары» тренингі өткізілді.</p> <p>Ақпан айында «Өмірге иә деп айт...» психологиялық апталық өткізілді. 26-28.02.2024 жыл аралығында «Stop bullying: бәрі өз қолыңда» атты 3 күндік акция өткізілді.</p> <p>Ақпан айында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 сынып қыз балаларымен Облыстық жастар орталығының валиолог маманы А.Алдасбергенмен кездесу өткізді. 8-11 сынып оқушыларына №6 қалалық емхана маманы Сыздықова Бибігүл «Жұқпалы туберкулез ауруының алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыс жүргізілді. Бастауыш сынып оқушылары мен орта буын оқушыларына Жастар орталығының валеолог маманы А.Алдасберген «Жарақаттың алдын алу. Дұрыс тамақтану» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді. Әрдайым тазалық сақтап, фасфуд өнімдерін және газдалған, энергетикалық сусындарды аз пайдалануды ұғындырды, көп пайдаланған жағдайда болатын салдарын түсіндірді.</p>		
--	--	---	--	--



IV. Консультация беру бағыты бойынша

2023 жылдың қыркүйек айында 1,5 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы сынып жетекшілеріне таныстырылып, кеңестер берілді.

2023 жылдың қыркүйек айында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу мақсатында ағарту жұмыстары жүргізілді.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізіліп, кеңес беру журналына тіркелді. «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізілді. Мектеп бойынша «Жоғарғы қадағалау тобына» оқушы алынған жоқ.

Сұраныс бойынша (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беріліп, кеңес беру журналына тіркеліп, жұмыс жасалуда.

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау,намысқа тию жағдайларын алдын алу, “Буллинг”, “Кибербуллинг” сөздерінің мағынасын түсіндіру, оқушыларды сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында мектеп психологы Т.Мейрамова 5-сынып оқушыларына «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз! Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Тренинг барысында зорлық-зомбылықтың түрлері, буллинг, кибербуллинг туралы мәлімет берілді.

Ақпан айында ер балалардың психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау,намысқа тию жағдайларын алдын алу, “Буллинг”, “Кибербуллинг” сөздерінің мағынасын түсіндіру, оқушыларды сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында мектеп психологы Т.Мейрамова 5-11 сынып оқушыларына «Кибербуллинг. Балалардың қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Жасөспірімдер арасындағы вейп-темекілерге сұраныстың тым көп болуы мен пайдаланушылардың күрт өсуіне байланысты «Лудомания, есірткіге тәуелділіктің алдын алу, интернеттің қауіпсіздігі» тақырыбында мектеп психологы Т.Мейрамова 5-7 сынып оқушыларына түсіндерме жұмысы жүргізілді.



Ү. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты бойынша

Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсаты алынды.

2023 жылдың қыркүйек айында «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» ата-аналар жиналысы өткізілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысында ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

2023 жылдың қыркүйек айында «Жалпы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбы бойынша танымдық ақпараттық сағат өткізілді. 8-11 сынып оқушыларымен кездесуде ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция лейтенанты М.Ибадулла дәріс оқып, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға өз себептерін тигізді. Шара аясында мамандар кәметке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке тап болмауын, келеңсіздіктер мен жайсыз әрекеттерден, сондай – ақ нашақорлық пен зорлық-зомбылықтан, ерте жүктіліктің орын алмауын басты назарға алуды ұсынды.

Ақпан айында «Ерте жүктілік», Оқушылармен қатал қарым-қатынас (буллинг, кибербуллинг), Интернетке тәуелділік шкаласы А.Е.Жичкина бойынша сауалнамалар алынып, анықтамалары салынды.

“Жүрек жылуы” байқауы

Ерекше жандардың шығармашылығын насихаттау мақсатында өткен балалар мен жастардың Х Облыстық «Жүрек жылуы» конкурсына қатысып, өнер көрсеткен Қонысбек Нұржан арнайы Диплом және ынталандыру

сыйлығымен марапатталды.

“Мен елімнің патриотымын” көркемсурет байқауы

25 қазан – Республика күніне орай қала мектептері арасында «Мен елімнің патриотымын» атты көркемсурет байқауына қатысқаны үшін Қонысбек Нұржан, жетекшісі Мейрамова Таңсұлу Алғыспен марапатталды.

«Дара жол» бағдарламасы

27.10.2023 жылы мектебімізде алғаш рет «Дара жол» бағдарламасы ұйымдастырылды. Қадірлі де аса сыйлы қонағымыз ерекше мамандық иесі, өте көңілді жан №267 орта мектебінің дамуына үлкен үлесін қосып келе жатқан директордың шаруашылық ісі жөнініндегі орынбасары Мотышева Ляззат Серкетаевна. Бағдарлама барысында қонағымыздың балалық шағы, мектептегі қызықты өмірі, өскен ортасы, жоғарғы оқу орнындағы кезеңдері, отбасы жайлы сұхбат берді. Қызықты сұхбатта білім алушылар мектеп мүлкіне жанашырлықпен қарауға, өз орталарын таза ұстауға уәде берді.



«Дара жол» бағдарламасының келесі қонағы ақкөңіл, өте көңілді жан, «Тұңғыш Астана» КВН құрамасының белді де беделді мүшесі Алиби Басаров.

Бағдарлама барысында қонағымыздың балалық шағы, мектептегі қызықты өмірі, өскен ортасы, жоғарғы оқу орнындағы кезеңдері, отбасы жайлы сұхбат берді. Сұхбат барысында Алиби Басаров өмір жолындағы өз қателіктерімен бөлісіп, сұрақ-жауап арқылы кері байланыс орнатты. Әр адамның өмірде өз жолы бар, оны дара ету әркімнің өз қолында!



ҚОРЫТЫНДЫ:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2021-2022, 2022-2022, 2023-2024 оқу жылдарына арналған әдістемелік нұсқау хатына, ҚР Оқу-ағарту министрлігі 2023 жыл 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы, білім беру ұйымдарына арналған 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кешенді жоспарына сәйкес.

-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» №345 Заңы бойынша әр бала өзінің жасына, денсаулығына және мұқтажына сәйкес, демалыс пен сауық құру бос уақытына құқықты. Осы орайда, әр жыл сайын пәндік үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспары жасалып, өткізу күндері кестеге сәйкес бекітілген.

2021-2022 оқу жылында жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу 1-11 сыныптар бойынша білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мектепшілік 11 үйірме жүргізілді.

№	Үйірме атауы	Сынып	Қыз бала, ұл бала	Өтетін орны	Үйірмеге қатысушы саны	Үйірме жетекшісі
1	баскетбол	8-11	ұл бала	спортзал	22	Е.Сулейменов
2	баскетбол	8-11	қыз бала	спортзал	22	Т.Жакешбаев
3	дойбы	3-5	қыз, ұл бала	спортзал	26	Е.Маханов
4	шахмат	5-8	қыз, ұл бала	спортзал	40	А.Құрақбаев
5	футбол	3-5	ұл бала	спортзал	25	С.Төлеген

«№267 орта мектебі» КММ жанынан «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығы» ашылған. Орталықтың мақсаты-осы аймақтағы өнерге бейім мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру және

оларды өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыру. «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығында» домбыра, қобыз, баян, фортепиано, вокал және хореография кластары бойынша 6 үйірме түрі жұмыс жасайды. Мектеп оқушылары үйірмелерге қатысып, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, аймақтық, мектепшілік сайыстарға қатысып Бас жүлде,1,2,3 орындарға иеленді.

Мектеп оқушыларының үйірме, секцияларға тартылу көрсеткіші

Оқу жылдары	Мектепшілік спорттық секциямен қамтылған оқушы саны	Мектепшілік пәндік оқу бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Көркемдік-эстетикалық орталыққа қатысатын оқушы саны	Мектептен тыс спорттық үйірмелерге қатысатын оқушы саны	Мектептен тыс өнер бағытындағы үйірмелерге қатысатын оқушы саны	Мектептен тыс оқу пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны
2021-2022	205	15	154	16	5	11
2022-2023	122	17	139	25	7	20
2023-2024	135	27	88	17	5	20

Жалпы үйірмелерге 88% оқушы қамтылған. Жалпы мектеп ұжымы оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға және спорттық сайыстарға қатысуын тиімді ұйымдастыра біледі.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, көркемдік-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында жұмыстар жасалған. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылды. Тәрбие жұмыстарының жоспары жасалып бекітілген. Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы және жүргізілуін бақылау, басшылық жасау қосымша білім беру маманына жүктелген. Білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағалауға, дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамытуға, интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында түрлі бағытта үйірмелермен қамтамасыз етілді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2023-2024 әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жұмыстар жүргізілген.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ

2021-2022 оқу жылы бойынша білім алушылардың бейіналды деңгейін анықтау және мамандыққа бейімділігін қарау мақсатында сауалнама, диагностикалық, талдамалы жұмыстар жүргізілді. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілді. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалды. Педагогикалық кеңесте қаралып, оқушылардың таңдау және ата-аналарының өтініштері негізінде бейініне қарай 10-сыныптан 1 сынып, 11-сыныптан 1 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқыту жүргізілді. Жалпы орта білім беруде 10-сыныптан 1 сынып комплекті 33 сағат апталық жүктеме, 11-сыныптан 1 сынып комплекті 33 сағат апталық жүктеме берілді.

2022-2023 оқу жылында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау және бейіналды қабілетін қалыптастыру үшін жоспарлы жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылардың таңдау және ата-аналарының өтініштері негізінде бейініне қарай 10-сыныптан 1 сынып, 11-сыныптан 1 сынып жаратылыстану-математикалық бағытында оқыту жүргізілді. Жаратылыстану-математикалық бағытында 10-сыныптан 1 сынып комплектіде апталық сағат жүктемесі 32 сағат, жаратылыстану-математикалық бағытында 11-сыныптан 1 сынып комплектіде апталық сағат жүктемесі 32 сағат апталық жүктеме берілді.

2023-2024 оқу жылында мектеп 10-11 сынып білім алушыларының жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012ж. №500 бұйрығына 22-қосымшасы, 18.08.2023ж. №264 бұйрығына 12-қосымшасы негізінде жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына (төмендетілген оқу жүктемесімен) негізге алынып жасалды.

Жаратылыстану бағыттағы тереңдетілген және стандартты деңгей бойынша оқушылардың таңдауына сәйкес 2023-2024 оқу жылында 10-11сыныптарда төмендегі пәндер оқытылды.

Тереңдетілген деңгей	3 сағаттан 2 пән		3 сағаттан 2 пән
	10 «а»	10 «ә»	11 «а»
Физика	3		3
Биология	3		3
Дүниежүзі тарихы		2	
География		2	
Стандартты	1 сағаттан 2 пән		1 сағаттан 2 пән

деңгей			
Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	1		1
Дүниежүзі тарихы	1		1
Физика		2	
Биология		2	

Оқытуды іске асыру бойынша пәндерге сәйкес сабақ кестесі ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздағы №348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 13,14,24,25-тармаққа сәйкес.

-білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығын іске асыру мақсатында мектепте психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметін құрылды (31.08.2023 №148 бұйрық). Бұйрық негізінде мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жоспарлары бекітілді. Жоспарға сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың құжаттары толтырылды. Олар: ата-ананың диагностикалауға келісімі, ата-анаға арналған сауалнама, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды тіркеу журналы, білім алушының ата-анасымен әңгіме жүргізудің хаттамасы, сабақ барысында оқушыға бақылау жасау хаттамасы, сыныпта оқушының әрекеті мен мінез-құлқын психологиялық-педагогикалық бағалау, оқушыға мінездеме, оқушының жиынтық сипаттамасы, жеке бағдарлама жасалды. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетуге арналған арнайы кабинет топтық және жеке сабақтарды жүргізу үшін жабдықталды.

2021-2022 оқу жылында 2 оқушы үйде оқытылып, білім алды. Оның ішінде: -жалпы білім беру оқу бағдарламасының тірек-аппараты бұзылысы бар балаларға арнайы бағдарламамен-1оқушы. Оқу жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің

Вариатив сағаттар

<https://drive.google.com/drive/folders/1doeY95fK6tcO3FeLYK8jXgrbuedKOJNk>

үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына бастауыш білім берудің 4-қосымшасына негізделіп жасалған. Жалпы білім беру бағдарламасы-1 оқушы. Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының 53-қосымшасына негізделіп жасалған. **2022-2023 оқу жылында** 2 оқушы үйде оқыды, жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша-2 оқушы. Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының 53-қосымшасы негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 55-қосымшасына негізделіп жасалған. 09.01-09.02.2023ж. аралығында дәрігерлік консультация комиссиясының қорытындысымен (ДКК) 1 оқушы Әшірбеке Айзере (1а сыныбы) уақытша үйде оқытылуға шықты.

2023-2024 оқу жылында жеңіл түрдегі зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламасы бойынша 1 оқушы үйде оқыды. Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 10-тарауына негізделіп жасалған.

2023-2024 оқу жылында дәрігерлік консультация комиссиясының қорытындысымен (ДКК) 3 оқушы **уақытша** үйде оқытылуға шықты.

2021-2022 оқу жылы

р/с	Оқушының аты-жөні	С/бы	Диагнозы	ДКК №	Ескерту
1	Итемген Арман	2 «ә»	Спастический церебральный паралич. ДЦП	№1486 10.08.2021ж. Мерзімі: 2021-2022 оқу жылы	30.03.2022ж. №8 бұйрықпен №261 мектепке ауысты
2	Алпысбай Нұртуған	1 «а»	ВПС ДМЖП Состояние после пластики дефекта	№949 20.10.2021ж. Мерзімі: 2021-2022 оқу жылы	

2022-2023 оқу жылы

1	Құрбан Илияс	5 «ә»	Локализованная симптомическая эпилепсия и эпилептические	№2298 02.09.2022ж. Мерзімі: 2022-2023	
---	--------------	-------	--	---	--

Үйде оқыту
Бекітілген жеке оқу жоспары мен бағдарламасы, сабақ кестесі

			синдромы с комплексными парциальными судорожными припадками	оқу жылы	
2	Алпысбай Нұртуған	2 «а»	Врожденный стеноз аортального клапана	№1329 08.12.2022ж. Мерзімі: 2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылында мектептің жалпы сыныбына оқуға қосылды.
3	Әшірбек Айзере	1 «а»	Растяжение и перенаправление капсульно-связочного аппарата суставов пальцев стопы	№12 09.01.2023ж. Мерзімі: уақытша 1 айға	09.02.2023ж. мектептің жалпы сыныбына оқуға қосылды.
2023-2024 оқу жылы					
1	Құрбан Илияс	6 «ә»	Локализованная симптомическая эпилепсия и эпилептические синдромы с комплексными парциальными судорожными припадками	№1310 21.08.2023ж. Мерзімі: 2023-2024 оқу жылы	
2	Темірбек Бибінұр	9 «ә»	S70.0 Закрытый перелом копчика со смещением	№691 28.09.2023ж. Мерзімі: уақытша 3 айға	Мерзімі аяқталғаннан кейін мектептің жалпы сыныбына оқуға қосылды.
3	Марат Назерке	8 «ә»	Ушиб плечевого пояса и плеча. З/перелом н/3 левой плечевой кости, СТО открытая репозиция МОС спицей	№747 17.10.2023ж. Мерзімі: уақытша 1айға №828 16.11.2023ж. Мерзімі: уақытша 31.12.2023ж. дейін	08.01.2024ж. дәрігерлік анықтамаға сәйкес үйде оқыту тоқтатылып, мектептің жалпы сыныбына оқуға қосылды.

4	Абиева Томирис	5 «а»	Последствия других уточненных травм верхней конечности. Открытый перелом дистального фаланга 2 пальца левой кисти без смещения	№170 26.01.2024ж. Мерзімі: уақытша 1 айға	Мерзімі аяқталғаннан кейін 27.02.2024ж. мектептің жалпы сыныбына оқуға қосылды.
---	-------------------	-------	--	--	--

Үйде оқытылатын оқушыларға пән мұғалімдері динамикалық күнделік арнап, баланың даму динамикасын жыл көлемінде бақылап отырды. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларға мектепте психологиялық – педагогикалық қолдау жоспары бойынша мектептегі оқыту жағдайларына бейімдеу, психологиялық көмек көрсету, қызығушылығын, мінез-құлқын еріктілігін дамыту, танымдық процестерін дамыту, мектеп өміріне бейімдеу мақсатында оқушылар түрлі іс-шараларға тартылып, байқауларға қатыстырылып қалалық, облыстық марапаттарға ие болған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса берілді);

2023-2024 оқу жылында жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың жеке оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 6,4-қосымшасының 7-тарауын басшылыққа ала отырып жасалынды.

**Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар туралы мәлімет
(мектепте партада отырған балалар)**

2021-2022 оқу жылы				
р/ с	Оқушының аты- жөні	с/бы	ПМПК қорытындысы мен ұсынымдар (қайта кеңестен өткен уақыты)	Ескерту
1	Асылбек Абылай	1 «Ә»	Өткен уақыты: 13.01.2021ж	08.11.2021ж №261 мектепке ауысты
2	Болатұлы Әли	2 «А»	Өткен уақыты:01.09.2020ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
3	Ғабитбек Айару	2 «Ә»	Өткен уақыты: 20.12.2019ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
4	Велиева Амира	2 «Ә»	Өткен уақыты: 02.12.2021ж	

			Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
5	Омарбек Бабасұлтан	4 «А»	Өткен уақыты: 16.09.2019ж Жарамды мерзімі:31.05.2022ж	
6	Қонысбек Нұржан	4 «А»	Өткен уақыты: 16.09.2019ж Жарамды мерзімі:31.05.2022ж	
7	Құрбанов Лияс	4 «Ә»	Өткен уақыты: 26.08.2019ж Жарамды мерзімі:31.05.2022ж	
8	Садуова Гаухар	8 «А»	Өткен уақыты: 09.09.2020ж	23.05.2022ж №1 ПМПК есебінен ШЫҚТЫ
9	Тұрғанбай Нұрайым	10 «А»	Өткен уақыты: 18.02.2019ж	23.05.2022ж №1 ПМПК есебінен ШЫҚТЫ
2022-2023 оқу жылы				
1	Болатұлы Әли	3 «А»	Өткен уақыты:13.01.2022ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
2	Ғабитбек Айару	3 «Ә»	Өткен уақыты: 14.01.2022ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
3	Велиева Амира	3 «Ә»	Өткен уақыты: 02.12.2021ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
4	Омарбек Бабасұлтан	5 «А»	Өткен уақыты: 04.10.2022ж Жарамды мерзімі:31.05.2023ж	
5	Қонысбек Нұржан	5 «А»	Өткен уақыты: 05.10.2022ж Жарамды мерзімі:31.05.2026ж	
2023-2024 оқу жылы				
1	Ғабитбек Исмайл	1«А»	Өткен уақыты:13.10.2023ж Жарамдық мерзімі:25.05.2025ж	
2	Алпысбай Нұрислам	2 «А»	Өткен уақыты:12.12.2023ж Жарамды мерзімі:12.12.2024ж	
3	Алпысбай Нұртуған	3 «А»	Өткен уақыты:09.12.2022ж Жарамдық мерзімі:31.05.2024ж	
4	Есмахан Айзере	3 «Ә»	Өткен уақыты:21.09.2023ж Жарамды мерзімі:25.05.2024ж	
5	Болатұлы Әли	4 «А»	Өткен уақыты:24.07.2023ж Жарамды мерзімі:31.05.2025ж	
6	Ғабитбек Айару	4 «Ә»	Өткен уақыты: 14.01.2022ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
7	Велиева Амира	4 «Ә»	Өткен уақыты: 02.12.2021ж Жарамды мерзімі:31.05.2024ж	
8	Омарбек Бабасұлтан	6 «А»	Өткен уақыты: 18.04.2024ж Жарамды мерзімі:25.05.2025ж	
9	Қонысбек Нұржан	6 «А»	Өткен уақыты: 05.10.2022ж Жарамды мерзімі:31.05.2026ж	

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалып, бекітілген. ПМПК қорытындылары бойынша ата-аналар өтініштеріне сәйкес бұйрықтар

	<p>шығарылған. Оқушыларға арналған динамикалық карта жүргізілген. Сабақ кестелері ата-аналар келісімімен жасалып бекітілген.</p> <p>Сабақ беретін пән мұғалімдері инклюзивті білім беру курстарынан өткен.</p> <p>-ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;</p> <p>ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:</p> <p>Таңдау курстарын және вариативтік компоненттегі факультативтерді ҮОЖ сәйкес жүзеге асыру бағаланатын кезеңге 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған вариативтік компоненттің сабақ кестелерінің көшірмелері ұсынылды.</p> <p>ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:</p> <p>2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілді. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілді. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті орындалды. 2021-2022 оқу жылында жұмыстық оқу жоспарындағы барлық вариативтік сағат саны-34, 1-4 сыныптарда вариативтік оқу жүктемесі: белсенді қозғалмалы жеке және топтық сабақтар бойынша – 6 сағат, 5-9 сыныптарда вариативті оқу жүктемесі -20 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік пәні бойынша -10 сағат, таңдау пәндеріне-10 сағат, 10-11 сыныптар бойынша «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша-2 сағат, таңдау пәндері бойынша-6 сағат, барлығы 34 сағат берілді. 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектесу бағытында мектептің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы (5-сыныптар үшін «Парасаттылық және әдеп», 6-сыныптар үшін «Экология», 7-сыныптар үшін «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау», 8-сыныптар үшін «Медиасауаттылық», 9-сыныптар үшін «Зайырлылық және дінтану», 10-11 сыныптар үшін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері») өткізілді. Вариативтік компонент үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында барлық вариативтік сағат саны-17. 1-4 сыныптар бойынша «Математика» пәні бойынша -7сағат, 5-9 сыныптар (5-9 сыныптар үшін «Жаһандық құзіреттілік пәні) бойынша-6 сағат, 10-11 сыныптар бойынша «Жаһандық құзіреттілік» пәні бойынша-2 сағат, таңдау пәндері бойынша -2сағат, барлығы 17 сағат бөлінді.</p>		<p>https://drive.google.com/drive/folders/1doeY95fK6tcO3FeLYK8jXgr6uedKOJNk</p>
--	--	--	--

		<p>2023-2024 оқу жылында барлық вариативтік сағат саны -64. 1-4 сыныптар бойынша «Дене шынықтыру:спорттық ойындар» пәні бойынша -6 сағат, «Математика » пәні бойынша-7 сағат, барлығы-13сағат. 5-9 сыныптар бойынша «Жаһандық құзіреттілік» пәні бойынша- бсағат, «Дене шынықтыру:спорттық ойындар» пәні бойынша-10 сағат, таңдау пәндері бойынша-18сағат, барлығы-34 сағат. 10-11 сыныптар бойынша «Жаһандық құзіреттілік» пәні бойынша-3 сағат, «Дене шынықтыру:спорттық ойындар», элективті курс бойынша-5 сағат, жеке және топтық сабақтар бойынша-9 сағат, барлығы -17 сағат берілді.</p> <p>Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырудың кәрсеткіштері: вариативті компоненттің барлық оқу бағдарламалары, сабақ кестесі Электронды журналда жарияланған.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ:</p> <p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 6,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 18,19-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 15,18-тармаққа сәйкес.</p> <p>-«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының игеру:</p> <p>ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:</p> <p>2021-2022 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныптарда 10 сағаттық «Дүниетану», 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырған. «Күнделік» электронды журналының күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау.</p> <p>2022-2023 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» кіріктірілген оқу бағдарламасы оқытылған, білім алушылардың төменше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.), өмірде кездесетін қауіпті жағдайларында не істеу қажеттігін үйретуге бағытталған. 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және</p>		
--	--	--	--	--

	<p>технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырған.</p> <p>2023-2024 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-3 сыныптарда бсағат, 4-сыныптарда 10сағаттық «Дүниетану», 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырған.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-тарау 2-қосымшасы 25-тармағының, 3-тарау 3 қосымшасы 38-тармағының, 4-тарау 4-қосымшасы 50 тармағының талаптарына сәйкес.</p> <p>-«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру;</p> <p>ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ: "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру бойынша 2021-2022 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2- тарау §1 25 тармақ басшылыққа алынып, 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 35- тармақ бойынша "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып сағаттарына кіріктіріліп жасалды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2- тарау</p>		
--	---	--	--

		<p>§1 25 тармақ басшылыққа алынып, 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 35- тармақ бойынша "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып сағаттарына кіріктіріліп жасалды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша негізінде 2-тарау §1 26 -тармақ бойынша "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 38 -тармақ бойынша «Жол қозғалыс ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ:</p> <p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармаққа, 3-қосымша 2-тарау 38-тармаққа сәйкес.</p> <p>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар;</p> <p>-білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;</p> <p>ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ:</p> <p>2021-2022 оқу жылында оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен</p>		
--	--	---	--	--

